Заманауи қоғамда өмірдің ғылыми-техникалық жағынан қарқынды өзгеруіне орай, «тренинг» түсінігінің нақты бір анықтамасы жоқ, сондықтан бұл термин психологиялық-педагогикалық тәжірибеде әртүрлі іс-әрекеттердің, әдіс-тәсілдер мен құралдардың ортақ термині ретінде кеңінен пайдаланылады.

Көптеген авторлар тренинг топ пен тұлғаға деген психологиялық ықпалдың жалғыз бағыты ғана емес деп ойлайды. Сонымен қатар, *Л.С.Выготскийдің* жалпы психологиялық теориясының негізінде, *А.Р.Лурия, Н.Н.Леонтьев* және олардың ізбасарлары психологиялық білім берудің базалық детерминанты ретінде топтың дамуына бұрын да болған дәстүрлі психологиялық тәсілдердің негізінде әлеуметтік маңызды пәндік қызмет пайда болады. Топтың дамуына қолданылатын бұл қағидаларды өзінің топтық белсенділіктің стартометриялық тұжырымдамасында *А.В.Петровский* ұсынған болатын [3; 6]. Өзара әлеуметтік маңызды пәндік қызметтің басты мақсаты әлеуметтік-психологиялық қайта құрумен жүзеге асырылады, ал топтық дамуға ықпал сыртқы тәжірибелік іс-әрекеттің өзгеруінің арқасында іске асады.

Топтың дамуына психологиялық ықпалдың түрі ретінде тренингтің ерекшелігі – топтағы қарым-қатынас үрдісінің сапалық өзгеруі, топтық қалыптасу нәтижесі болатын механизм алғы шарттардың бірі болып табылады [2]. *А.И.Донцовтың* пікірі бойынша, топтың дамуындағы болатын қарым-қатынастың мұндай түйінді маңызды болуы екі себептің арқасында, олар: қарым-қатынас өзара бірлескен пәндік қызметтің дамуы және жүзеге асырудың ішкі қажетті шарты арқасында дамыған топтар пайда болады, ал қарым-қатынас үрдісі маңызды алғы шарттардың бірі, сонымен қатар, тұтастай психологиялық білім беру ретінде топтың өмір сүруі мен дамуы түрлерінің тәсілдері болып табылады [4].

Л.А.Петровская психологиялық білім беруді «...туынды және қосымша қасиеттердің пайда болуы, нәтижесінде өздеріне деген қосымша деңгейдің өтпелі көпсатылы күрделі жүйесі арқылы олардың іс-әрекеттерін белсендіру саласына және өз жеке бастарына ықпал етеді» деп түсіндіреді [1]. Оның пікірі бойынша, мұндай психологиялық ықпалды олар көрсетілген нақты тәжірибеде қарқынды таратылуы қызметтік іс-әрекеттің қосымша деңгейіне сәйкес әдістер пәндік қызметтің жүзеге асу жолына қарағанда, әлдеқайда маңызды бақыланады. Соңғы жағдайда психологиялық өзгерістер өз табиғатына сай психологиялық емес факторлардың нәтижесі ретінде пайда болады. Оның көзқарасы бойынша, базасы субъективті қағидалар болатын терең өнімді қарым-қатынас тренингтің жұмысы өтетін негізгі органы құрайды, сонымен қатар, бұл топтың өз қатысушыларына деген ықпалдың негізгі тәсілі және лайықты жаңа білімдер, іскерлік пен көрсетілген қарым-қатынас түрінің саласында тәжірибе түрінде мұндай ықпалдың негізгі нәтижесі болып табылады. Басқа да өте маңызды жағдай, бұл тренинг қатысушысының белсенді ұстанымы – қарым-қатынастың көрсетілген сипатынан туындайды. Бұл тұлғаның түрлі өзіндік өзгеруі, оның дамуы тек өзара қызметтің арқасында болуы мүмкін – «...мұндай іс-әрекет, адам сырттан айтылған міндет пен қызметті енжар орындаушысы емес, керісінше, белсенді субъектісі болады» (*Н.М.Коряк, В.И.Шаляпин* [5]). Бұл қағиданы пайдалану тренингте топтың қатысушыларына психологтың тікелей ықпалы арқылы емес, қарым-қатынастағы құзыреттің дамуын іске асыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар, өзара коммуникативті іс-әрекетті ұйымдастыруда өзін-өзі қалыптастыру тәсілдері үшін жағдай жасаумен байланысты [4]. Осыған орай, тікелей қатысушының белсенді жұмысы нәтижесі ретінде тиімді тренингке сәйкес болатын түрлі жаңалықтар, сонымен қатар, түзету - өзара түзетуге, диагностика - өзара диагностикаға айналады [1]. Тренингтің негізгі ойы, «...топты ерекше көлемді айнаға немесе, дәлірек айтқанда, осы топтың өміріндегі өзіндік белгілі бір жағдайлар үрдісінде әрбір қатысушы өзін көре алатын айналар жүйесіне айналдыру» [6]. Сондықтан, айтылған сөздерді персонификациялау және тек тренинг шеңберінде ғана («енді және осында») оқиғаларды талқылауға шек қоятын маңызды ережелер болады. Соңғы ерекшеліктің мәні тұлға аралық сөздік түрлерден («Әр адам...») немесе «Барлық адамдардың пікірі бойынша, ...» сияқты) және дербестікке «Менің ойымша», «Мен ойлаймын» сияқты қарым-қатынастан бас тарту [4].

Келесі маңызды жағдайлардың бірі тұлға аралық кері байланыс. *Л.А.Петровскаяның* көптеген еңбектерінде жан-жақты қарастырылады, ол кері байланысты интервистендірудің тәсілдерін көрсетіп, оның ақпараттылығы мен тепе-теңдігінің артуын түсіндіреді [3]. Сындарлы кері байланыстың шарты ретінде оның бейнелеуші сипаты, ерекшелігі, қажеттілігі, алынатын және берілетін қажеттіліктерге

релеванттілік, топтың шеңберінде оны жүзеге асыру, нақты өзгеріске ұшырайтын қасиеттерді қолдану сияқты іс-әрекеттер ұсынылады. Сонымен қатар, кері байланыс қажетті атмосфераны құру үшін қосымша тәсілдерді қолдану болып табылады. Осыдан басқа, кері байланыста «видеотренинг» деп аталатын әдістер бар [4].

Тренингте топтың «эмоционалды мүмкіндіктерге» айналдыру, оған қатысушылардың эмоционалды саласы жоғарғы деңгейде қызмет етуі: «Топпен жұмыс жасау кезінде қатты қиналу, оның әсерлі көптеген эмоционалды құрауыш бөліктері маңызды болуы... Дегенмен, топта жұмыс жасау тренингтің базалық үрдістеріне белсенді ықпал ететін толыққан эмоционалды ортаға ілігіп кету болып табылады...» [2].

Тренингтік топтарда даму, уақыттың шектеулі аралығында топ дамудың белгілі кезеңдерін өткеннен кейін ұйымдастырылады. Дәйекті кезеңдерде заңдылықтарды ескеру топтың дамуына сабақтардың тиімділігінің маңызды болуына жағдай жасайды.

Қазіргі таңда, тәжірибелік психологияда топтық дамуды зерттеу бойынша қажетті кең мәліметтер бар [6]. Көптеген авторларда жоғарыда айтылған топтар қалай дамыды, олар өзіндік дамуда қандай кезеңдерден өтті және әрбір көрсетілген кезеңдерде топтағы қарым-қатынастардың қандай өзгешеліктерімен сипатталды сияқты талаптар болды. Мұндай топтық үрдістерді бейнелеу, әдетте, «топтық динамика» терминдерде *Г.М.Андрееваның* түсінігі бойынша, топтың өміріндегі кейбір нақты бейнелер: «Топтық динамиканың топтық статикадан айырмашылығы, бұл сатыдан сатыға топтың қозғалуын, яғни оның дамуын көрсететін және топта уақыттың белгілі бірлігінде бір мезгілде болатын динамикалық үрдістердің жиынтығы» [5]. Тренинг үрдісінде топтың дамуы бойынша мәліметтерді жинақтағаннан кейін, жұмыс істейтін топтың қалыптасуында негізгі үш кезеңдерін лайықты, дәлме-дәл диагностикалауға болады: **КІРІС** (тренингалды) – **ҚАЙТА ҚҰРУ** – **ТРЕНИНГ**-тің өзі [1].

Кіріс кезеңі қатысушы тренингтің ерекше жағдайларында «сырттан» немесе психологтың көмегінен, әлде қарым-қатынастың әлеуметтік жалпы қалыптасқан тұжырымдамасына, немесе бұрын болған өзіндік дербес қарым-қатынастардан сүйеніш іздеуге тырысады. Топтағы қарым-қатынас және іс-әрекеттің таптауырт көріністерін өңдеу және біртұтастық сияқты пайда болатын қиналу «өшеді».

Психолог қарым-қатынасындағы іс-әрекеттер және жағдайға байланысты күтілетін нәтижелердің пайда болатын сәйкессіздік арта түсуде, сонымен қатар, қарым-қатынастағы жеткілікті әдетті «таңбалар» өзіндік «қозғалмайтын нүктеге» әкеп соғады. **Қайта құру кезеңі** – ішкі психологиялық қайта-құру және (агрессия мен қорқыту арқылы және топты басқару қабілеттеріне сын көзбен қарау) олардың күтілетін нәтижелеріне сәйкестік болатындай психологты күштеу, қарым-қатынастың «әлбетте болатын» іс-әрекеттерден шеттелу, ауырға тиетін және жағымсыз қиналумен қатысушылардың соңғы талаптар сатысы.

Осындай қиын да, дегенмен, пайдалы болатын «эмоционалды жарылыс» сабақтар тренингтің өзіндік сатысына аяқ басты. Қатысушылар пайда болған осындай қауіпсіз атмосферада теуекелге төніп, тәжірибе жасай бастайды. Бұл кезеңде топ психологқа деген тәуелсіздік азаяды және «өзіне деген сүйеніш» күшейеді, сабаққа деген қызығушылық күрт артады.

Тренингті тұтас үрдіс ретінде қарастыру, *Х.Миккин* нәтижелі өз бетінше дербес үш процеске бөледі, олардың әрқайсысында өзіндік ықпал ету тәсілдері мен белгілері және дербес детерминанты бар: «Бұл тұлғаның дамуы және топтық динамика негізгі де, көмекші де болатын оқыту процестері» [3]. Тренинг жетекшісінің міндеті тұлғалардың қарым-қатынасындағы құзыреттіліктің даму процестерін алдын-ала келісу және топтың дамуы, сонымен қатар, оларды бір уақытта басқару болып табылады. Сондай-ақ, оқыту процесін интенсификациялау қалған екі процестердің арқасында жүзеге асады.

Қатынастың тиімділігін арттыруды көздеген тренинг оқытулар алғашқы рет Бетеледе (АҚШ) К. Левиннің оқушыларының ұйымдастыруымен өткен және олар Т-топ деген атқа ие болған [5]. Оның негізінде адамдардың көпшілігі топтасып өмір сүреді және жұмыс атқарады, алайда олар көп жағдайда осы топтың жұмысына өзінің қандай деңгейде ықпал жасайтындығына, басқа адамдар оған қалай қарайтындығына, айналасындағылардың бойында оның мінез-құлқының қандай әсер тудыратындығына есеп бермейді деген ой жатты. К.Левин адамдардың мінез-құлқымен бойындағы бейімділіктердегі тиімді өзгерістер негізінде жеке контексте емес, жалпы топта бой алады, сондықтан да өзінің бейімділіктерін байқап, өзгерту үшін, мінез-құлқында жаңа формаларды қалыптастыру үшін адам өзінің жекешеленуін жеңіп, өзіне басқалардың көзқарасымен қарауға үйренуі тиіс деген ұстанымда болған.

Т-топ өзара қарым-қатынас әсерінен бой алдырған қатынас пен топтық динамиканы зерттеуді мақсат ету үшін жиналған гетерогендік индивидтердің жиыны ретінде болды.

К.Левиннің [1] оқушыларының топаралық қатынас шеберханасындағы нәтижелі еңбектері АҚШ-дағы Ұлттық тренинг зертхананың негізін қалады.

Бұл зертханада тренингтік топтарының негізі қаланды. Нәтижесінде, оның жұмысының қорытындысы Т-топтың тәжірибесінде қолданылды.

Т-топтарында басқарушы қызметкерлерді, менеджерлер мен саяси көшбасшыларды өзара тиімді қарым-қатынасқа, ұйымдардағы қақтығыстарды шешуге, басқару шеберлігіне, топтық бірлестікті нығайтуға оқытты. Кейбір Т-топтарындағы оқытулар адам өмірінің құндылықтарын анықтауға, өзінің жеке жетілу сезімін күшейтуге бағытталған еді. Мұндай топтар 1954 жылы құрыла бастады және сенситивті топ деп аталған еді.

60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында Т-топтары мен сенситивті топтар көптеп бой алды. Олардың негізгі мақсаты жұмысшы топтарындағы қақтығыстарды шешу және жұмысшы мен қызметкерлер арасындағы кәсіптік қарым- қатынасты нығайта түсу болды. 1964 жылы Т- тобының дамуындағы 17 жылдық тәжірибенің нәтижесі көрініс тапқан жинақ жарық көрді. Онда негізінен төрт мәселе: жаттықтырушылардың кәсіби деңгейі, Т-тобының әдістемесін жаңарту, зертханалық емес жағдайларда зертханалық әдістерді қолдану және теориялық зерттеу мен дамудың шындалуы жан-жақты қарастырылды.

60-жылдары менеджерлердің кәсіби дайындығын арттыру үшін психологиялық қолдау көрсету мақсатында гуманистік психология дәстүріне сүйенген «К.Роджерстің» әлеуметтік және өмірлік қабілеттіліктердің (social/life skills training) тренингтік қозғалысы пайда болды [5].

Өмірлік қабілеттіліктер тренингінде негізінен тренингке қатысушыларға өзіндік жол таба білуді айқындайтын үш модель пайдаланылады.

Бірінші модель өмірлік қабілеттіліктің жеті категориясына яғни: мәселелерді шешу, қарым-қатынас, жігерлік, өз-өзіне сенімділік, ойлаудың сыншылдығы, өзін-өзі басқару қабілеттілігі және Мен - тұжырымдамасын дамытуға сүйенді.

Екінші модель тренингтің мақсаты болып табылатын өмірлік қабілеттіліктің төрт категориясын, яғни: жеке тұлғалар арасындағы қатынас, денсаулықты қолдау, жеке ерекшелікті дамыту, шешім қабылдау мен мәселелерді шешу айқындалды.

Үшінші модельге эмоционалдық өзін-өзі бақылау, жеке тұлға аралық қатынас, өзін-өзі тану, қаржылық өзін-өзі қаржылай қамсыздандыру, өзін-өзіне қолдау көрсету және тәжірибені тұжырымдамалау жатады.

Сонымен, әлеуметтік психологияның құзіретін дамуына бағытталған психологияның тәжірибелік топтық саласы «әлеуметтік-психологиялық тренинг» (ӘПТ) атаққа ие болды. Терминнің авторы – М.Форверг [2]. Мұндай төтенше кең ұғыммен түрлі әдіс-тәсілдердің сандық мөлшерін бейнелейді. Отандық психологияда бұл, Г.А.Андрееваның, Н.Н.Богомолованың, А.А.Бодалевтың, Ю.Н.Емельяновтың, Г.А.Ковалевтың, А.С.Золотнякованың, Л.А.Петровскаяның, Т.С.Яценконың [3] және т.б. еңбектерінде нақтылай қарастырылған. Осыған орай, мұндай әдіс жанұялық қатынастарды түзету және жасөспірімдердің бейімделуі тәжірибесінде табысты орынды иеленді.

Сонымен, тұлғалық қасиеттердің даму саласында міндеттердің кең шеңберін шешуге мүмкіндік беретін әлеуметтік-психологиялық тренинг психологиялық ықпалдың тиімді тәсілі болып табылады. [6]

1. Петрушин С.В. Психологический тренинг в многочисленной группе. – М., 2002.

2. Горноста́й П.П., Васильковская С.В. Теория и практика психологического консультирования: проблемный подход. - Киев, 1995.

3. Рудестам К. Групповая психотерапия: теория и практика. - М., 1990.

4. Кочюнас Р. Психотерапевтические группы: теория и практика. «Академический проект», - М., 2000.

5. Большаков В.Ю. Психотренинг, социодинамика, упражнения, игры. - СПб., 1996.

6. Петровская Л.А. Теоретические и методологические проблемы социально-психологического тренинга. – М., 1992.

Резюме

В данной статье раскрыты теоретические основы тренинга в современном образовательном пространстве. В статье также обоснованы виды и методы тренингов применяемых в образовательной среде.

Summary

In this article theoretical bases of training in modern educational space are opened. In article types and methods of trainings applied in educational conditions are also reasonable.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

Балтабаев Е.Ж. – Абай атындағы ҚазҰПУ «Сауықтыру дене мәдениеті» кафедрасының доценті,
Иралина М.М. – Абай атындағы ҚазҰПУ «Сауықтыру дене мәдениеті» кафедрасының
аға оқытушысы

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет. Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді. Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі. Күн тәртібін бұзбау міндет. Тәртіп дегеніміз - демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін мазмұнды қолдану.

Дене тәрбиесінің мазмұны, міндеттері және формалары әрбір мектептердің жағдайларына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмысының жүйесін жасауды қажет етеді. Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары - бұл саналы түрде орындалған қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады. Гимнастика. Түрлері: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттың гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік гимнастика және емдік гимнастика. Ойын оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Туризм - оқушыларды төзімділікке, ұжымдыққа, еңбек сүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Спорт - оқушылардың денсаулығын нығайтатын, дене күшін, қозғалыс дағдыларын және моральдық-еріктік қасиеттерін дамытатын дене тәрбиесінің құралы. Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдарының бірі - табиғи факторлар: күн көзі, ауа, суға шомылу, душ қабылдау. Табиғат факторларын балалардың денесін сауықтыру жұмысы кезінде пайдалану өте тиімді. Дене тәрбиесінің маңызды мақсаттарының бірі - балалар мен ересек адамдарды дене шынықтыру ісіне жұмылдыру.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері: баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу. Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі сыныптан тыс жұмыстың негізгі формалары: секциялары мен үйірмелердегі сабақтар спорт жарыстары, серуендер, туристік жорықтар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары. Серуендер мен жорықтарды балалардың табиғат туралы білімдерін толықтыра алатындай тамаша адамдардық әңгімелерін ести алатындай жерде белгіленген жөн.

Оқушыларды жүйелі түрде дене жаттығуларына үйретудің тиімді жолдарының бірі - олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек.

Отбасында өз еркімен орындалатын дене тәрбиесінің бір түрі - таңертеңгілік гигиеналық-бой сергіту жаттығуы. Ол адамның дене құрылысының ұйқыдан соңғы тіршілік қызметіне тез араласуына әсерін тигізіп қана қоймай, адамды сергек жүруге және көңіл-күйін көтеруге көмегін тигізеді. Таңертеңгілік бой сергіту жаттығуы тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды жақсартады, қан айналу жүйесі қызметін күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі, оқушылардың зеректігін, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттырады. Ертеңгілік бой сергіту жаттығулары оқушыларды тәртіптілік пен бейімділікке, өзіне деген сенімділік пен белсенді қызмет атқаруға тәрбиелейді. Қоғамның болашағы - оқушы-жастарға ұжымдық тәрбие беруде дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды өткізудің рөлі зор. Қазақстанның ұлттық ойындарының ішінде ұжымдыққа, ауызбірлікке тәрбиелейтін ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануға болады.

1. Уаңбаев Е. "Дене тәрбиесінің негіздері". - Алматы, 1996. -70-72 бет
2. Қуанышов Т.Ш. "Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі". - Алматы, 2002. -99-101 бет.
3. Физическая культура студента. Учебник /под ред. В.И.Ильинича/: - М.: Гардарики, 2001. -с. 448.

Резюме

В статье рассматриваются наиболее действенные виды физической культуры - как средство разностороннего физического и национального воспитания обучающихся, приобщение их к здоровому образу жизни.

Summary

This article considers the most effective forms of physical education as a means of many – sided and national education of students, their introduction to a healthy lifestyle.

БАПКЕРДІҢ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ МӘРТЕБЕСІ

Ахинжанов Қ.Ж. – психология доценті б.ғ.к.

Солтекова С.А. – психология магистрі

Атабекова Б.Б. – педагогика-психология магистрі

Бапкердің тұлғалық құрылымы. Біз бапкердің тұлғалық құрылымын К.К.Платоновтың белгілі төрт тұжырымдамасының ерекшелігіне сүйене отырып қараймыз:

Бірінші жанастыру құрылымына кіретіні, бапкер ниетінің нақты дүниетанымы мен адамгершілік қасиеті педагогикалық қызметінің себебін анықтауға бағытталған сапалар мен спорт қызметінің әлеуметтік және кәсіби тәжірибиесін өзінің оқушыларына жеткізуі болып табылады.

Екінші жанастыру құрылымына бапкердің кәсіби қызметінің процесстерінде алған сапасының көріністері кіреді: тәрбиеленушілердің оқу мен демалысын ұйымдастыра білу қабілеттілігі; кәсіби-іскер сапалары; бала спорт ұжымында мақұлданатын әдет пен дәстүрлер. Бапкердің осындай іскерлік сапаларына мыналар жатады: нақты спорт түрін білу және нақты спорттық іскерлік игілігін көрсету: сабақ беру сапасы, ұйымдастырушылық қабылеті, жұмысқа көзқарасы, объективтік, табандылық, каталдық, талапкершілік т.б.

Үшінші жанастыру құрылымына жеке психологиялық қабілеті жатады: білімдарлық, ақыл, эмоция, ерік, сезу, қамынойлау, ойлау. Мысалы, қызу-ерікті сапалардың санадарына кіреді: шыдамдылық, сабырлылық, салмақтылық, шешімділік, ақ көңілділік кіреді.

Төртінші жанастыру құрылымына бапкердің тұлғалық динамикалық қасиеттерімен бейнеленеді жас шамасы, жынысы, темпераментпен тағы да басқа көріністерімен ерекшеленеді.

Мұндай жол бапкердің тұлға ретінде жалпы және ерекше қабілеттілігін біліп тануға, түсінуге мүмкіндік береді. Бапкердің тәрбиелік қызмет талаптарына сай болуын айқындау үшін, оның белгілі жеткілікті тұлғалық талап қасиетін анықтау, керек қасиеттердің жиыны ғана емес, ал бапкердің жетекші сапалары туралы куәландыратын кейбір құрылымдарын анықтайды.

Біз бапкердің шеберлігін зерттей келе келесі көрініске куә болдық. Балалар үшін бапкердің басым сапасы бұл: 1) жастарды спортты жақсы көруге үйретеді; 2) балаларды жақсы көреді; 3) қиыншылық жағдайда көмектеседі; 4) бос уақытын аямайды; 5) тұлға болып қалыптасуына көмектеседі; 6) мектептегі үлгерімін бақылайды; 7) маңызды өмір тіршілік сұрақтардың шешіміне көмектеседі.

Бірақ, өмірлік табиғи сапалардың бұл тізімі мұнымен біте қоймайды. Дегенмен көрсетілген мәліметтер бапкерлердің тәрбие жаттықтыру жұмысының негізі болуы мүмкін.

Шетел ғалымдары да бапкердің сапаларының зерттеулеріне үлкен жеткілікті ықыласпен зер салады. Д. Вуден және басқалардың айтуынша бапкердің жұмысы барлық деңгейлерде яғни сабақ болсын, мектептен тыс жұмыс болсын мұғалімнің жұмысы мен бірдей айырмашылығы жоқ болып табылады. Олардың анықтамасы бойынша: 1) оқушылардың материалды нақты меңгеруі, оқытушы материал мазмұнын нақты және айқын түрде жеткізе білуі керек; 2) оқушылардың материалды түсіну дәрежесі мұғалімнің жігерлілігі мен материалды айтып берудің үлгілеріне тәуелді (байланысты) болады; 3) топтағы ынтымақтастық аура мұғалімнің мінез-құлқына байланысты болады, ол оқушыларды шамалы бақылап және әсерлеріне белгілі бостандық беруі керек.

Бұл зерттеушілер бапкердің мінездемелерінің бір қатар ерекшеліктеріне сәйкес ықыласымен талдауы керек: 1) рұқсат етпегендік-бақылау; 2) дәртсіздік-жігерлік; 3) шабуылшылық – қолдау; 4) көмескілік анықтық; 5) оқушына мадақтау-оқушының оқу процесіне белсенді қатысуына парықсыздығы; 6)

ұстамдылық – жарықтық (бейнелік); 7) пікір алысуға мадақтау-лекция оқуы; 8) тілектестік, жылы сөз айту-ұстамдылық, көңілсіз.осының бәрі «тамаша» жігерлі, ақылды, агрессивті, өз ойын айқын жеткілікті білдіретін, жұмысты іскер болжауға барлық мүмкіндік береді.

Бапкердің рөлді позициялары.

Бапкердің шеберлік мәселесіне арналған әдебиеттердің шолу арқылы оның негізгі рөлдік позицияларының педагогикалық ерекше заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік көрсетіледі.

Бапкер теоретик және практик. А.С.Макаренконың айтуынша оқушылар оқытушының мүмкіншілігін, құрғақтығын тіпті қаталдықтарын ғапу етеді, бірақ өз ісі мамандығының нашар, жаман болуын кешірмейді, ғапу етпейді.

Бапкердің білімдерінің құрылымының қоғамдық-саяси, психолого-педагогикалық, медицина-биологиялық және арнайы білімдер құрайды.

Қоғамдық саяси білімдер кәсіби білімдер үшін бапкердің дүниетануының теориялық негізі, әдістемелік базаларының негізі боады. Психология-педагогикалық білімдер бапкердің кәсіби әзірлігінің мәндерін анықтайды. Жас спортшының мінез-құлқын басқару үшін бапкер (Л.И.Божович, А.А. Бодолев, К.К.Плотов) адам психологиясын білместен баланың көкейіне ену өнеріне ие болмайды.

Медицина-биологиялық білім циклдары – анатомия, биомеханика, физиология, дәрігерлік бақылау, сауықтыру физкультура және гигиене – бапкердің білімдерінің құрылым ерекшелігін құрайды. Осы білімдердің бәрі баланың әр түрлі дене мүшелерімен дене жүйесіне және жас шамасына байланысты, жыныс дифференциацияларын есепке ала отырып дене шынықтыруларымен сауықтыруына пайдалы әсер етуге мүмкіндік береді.

Бапкер-психолог. К.Д.Ушинский жазды: «Әрбір ұстаз -психолог». Шебер бапкерлер –жас спортшыларды тәрбиелеу процесінде олардың сапаларын және ерекшеліктерінің жинағын айқындап, біздің қоғамда қабылданған, өнегелі принципмен мінез-құлық ережесін, олардың жеке көріну ерекшеліктерін, өмірде дұрыс психологиялық ықыласпен қарау арқылы, тұлға болып қалыптасуына әсер етуін тәрбиелеу керек. Бұлар жас спортшының адамгершілік қасиетінің үлгісінің негізі болып табылады.

Бапкер-ұйымдастырушы. Бапкердің ұйымдастырушы қызметі – бұл оның іс жүзінде орындалған оның нақты шындықты жобалауы, педагогикалық және әдістемелік жоспар шартын іс жүзінде іске асыруы болып табылады. Педагогикалық мәселелерді шешу жас спортшылардың тұлғалық бағытын өзгертіп, олардың спорттық іскерлігін көтереді. Келесі бапкердің функционалдық міндеті бұл – ол тұрған жерінде педагогикалық әсер арқылы спорт – жаппай жұмысты ұйымдастыруға байланысты.

Егер бапкер өте жігерлі болса оны жас спортшылар өте жоғары бағалайды. Келесі жас спортшылармен бапкердің арасындағы маңызды қасиеттер бұл – бапкердің мінезінің тұрақтылығы, және бір беттілігі; қарым-қатынасында оқушының психологиясын түсіну, әдептілік, тілектестілік, ықыластылық және шыдамдылық.

Бапкердің мәртебесіне байланысты күшті әсердің тәуелділігі.

Бапкердің мәртебелі болуы оның мінез-құлығының табиғи мәнді болуы мен дүниетанымы, сөз бен істері біртұтас болуы керек. Бапкердің педагогикалық мәртебесінің негізі бұл – өз ісін терең білімді, тұрақты білуде, өзіне ымырасыз талап ету, өз жұмысына берілгендігі. Тағыда бапкердің жеке мәртебесі оның әріптестерімен, қоршаған ортамен және оқушыларымен дұрыс жақсы қатынас орнатуға тәуелді болады.

Бапкердің мәртебесі көп жағдайда оның қалыптасқан ұйымдастырушы және коммуникативті іскерлігіне байланысты болады. Осы жағдайларды ескере отырып бапкермен оқушылардың спорттық ойындар кезіндегі әсерлесуіне ерекше мән беру керек.

Бапкер мен жасөспірімдердің өзара әрекеттесуін бақылау жағдайында және жаппай спорт жұмыстарды өткізу процесінде келесі көрсеткіштерді атауға болады: 1) тұратын мекенінде өткізетін спорт ойындарының ұйымдастыру тактикасымен стратегиясы; 2) жас спортшылардың ойын басында, ортасында, аяғында бапкерге өрсеткен спорт ойындарының элементтерінің саны; 3) жас спортшының ойының үш бөлшектеріндегі дербес орындаған әсерлерінің (дұрыс және теріс) саны; 4) ұжымның барлығына ескерту; 5) жеке спортшыларға ескертулер; 6) рөлді ойындардың элементтерін көрсету; 7) бапкердің жақсы жас спортшылардың ойын тәсілдерінің жеке элементтерімен стратегиясын және тактикасын жалпылау; 8) спортшылардың ойын тәсілдерінің жеке элементтерімен стратегиясын және тактикасын спортшылардың өздерінің жалпылауы; 9) бапкердің күшті спортшылармен байланысуларының саны; 10) бапкердің әлсіз спортшылармен байланысуларының саны; 11) жас спортшылардың

өзара қатынастарының дұрыс (дұрыс емес) етулерінің саны; 12) бапкермен спортшылардың өзара қатынастарының дұрыс (дұрыс емес) етулерінің саны.

Бапкердің мәртебесі мінез-құлықтың келесі негізгі қағидаларына тұрақтанады: тәрбиеленушіні жақсы көріп түсінуі; оның мүдделерін қорғау; ата-аналарымен қарымқатынас орнату; ұстамды болу; жас спортшыны ықыласпен және шыдамды тыңдау; сабырлылық етуді жетілдіру; санасыз жіберілген жеңіл желпі қателерді кешіре білу; ешқашан зекінбеу.

Бұлардың бәрі екі есе пайда келтіреді: жас спортшыға тіпті даулы жағдайда сыпайы мінез-құлықты сақтауға; бапкердің жүйкесін «сақтауы», жасөспірімді жора-жолдастары алдында кесуімен сынаудан іркіліп қалу. Жіберілген болса бапкер өз қатесін мойындай, кешірім сұрау керек егер ол кінәлі болса. Бапкердің қатені мойындауы бапкерге жас спортшылардың қрмет білдіруімен өзара сынға, адалдыққа ауыздандырады.

Бапкердің мәртебесі бала спорт ұжымында үлкен педагогикалық мәнді орын алады. Немен бапкер ықпалы беделдірек болса ол көбірек өз тәрбиеленушілеріне ықпалық тигізетін болады, және әсіресе портқа жаңа келген балаларға, бірде, беделді бапкер айтқаны маңыздыланады. Сондықтан сонауғұрлым жақсы қабылданады. өз ықпалын спортқа бағыттаған көп балалар үшін, қрметті, беделді, бапкер өмірге шығуға ұмтылатын арман ретінде болады.

Бапкердің педагогикалық қабілеттілігі.

Бапкердің жоғарғы педагогикалық шеберлігінің негізі дамыған педагогикалық қабілеттіліктер боалы, тұлғаның психикалық қасиеттерінің жиынтығы, яғни педагогикалық педагогикалық қызметтердің табыстылығының алғышарты ретінде. Педагогикалық қабілеттіліктер педагогикалық білімге ұқсас емес яғни дағдыларға, іскерлікке және бапкердің педагогикалық тәжірибиесіне байланысты. Бапкер қабілеттірек болған сайын оның дағдылары және іскерлігі тез қалыптасады. Қабілеттіліктер педагогикалық қызметті меңгеруді жеңілдетеді, ал бұл қызмет педагогикалық қабілеттіліктерді жетілдіреді. Педагогикалық қабілеттіліктер жалпы қабілеттіліктердің базаларында дамиды, олар педагогикалық әрекеттердің құрылымын көрсетіп жас спортшының тұлғалығына бағытталады.

Педагогикалық қабілеттіліктердің түрлері. Педагогикалық қабілеттіліктердің құрылымына келесі түрлері кіреді: перцептивті, конструктивті, дидактикалық, экспрессивтік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, академиялық арнаулы, авторитарлық және жекелік қабілеттер (Н.В.Кузьмин, Ф.Н. Гоноволин, А.А.Исаев, А.А.Деркач бойынша).

Перцептивті қабілет бұл – тәрбиеленушінің көкейіне кіруге мүмкіндік беретін педагогикалық байқағыштықты пайдаланып оның қағыруын және әр түрлі күйделігін түсіну, оның тұлғалық өзгерісінің тенденциясын көріп, оның сапаларын тәрбие процесінде қолдануы оның мүдделер және пейілін айқындау, құштарлық өте беделді адамды педагогикалық процесте ықпалын қолдану. Әрбір педагогикалық бағытталған ілтипат көрсетеді жас спортшылармен жұмыс істегенде оның әр әрекеті мен қылығын педагогикалық жағдайлар ретінде ұқыпты талдауды талап етеді.

Таратылған ілтипат әрбір тәрбиеленушіні жеке және топты бүтіндей бақылай отырып жұмысты байланыстыра жүргізуге мүмкіндік береді.

Конструктивтік қабілеттіліктер ұжымдағы жас спортшыларды тұлға ретінде жобалау және қалыптастыру шарттары болып табылады. Бапкер олардың арқасында өз қызметінің нәтижелерін болжап, педагогикалық жағдайларда өз тәрбиеленушісінің мінез-құлқын алдын ала сезуі мүмкін. Бұл бағытталған педагогикалық ақылдың және елестеудің мүмкіндігін туғызады. Конструктивтік қабілеттіліктер бапкерге әрбір педагогикалық жағдайларда әсерді талдап жалғызғана сенімді тағдауға көмектеседі.

Дидактикалық қабілеттіліктер баяндалатын материалдарды, тиісті түрмен түсінікті жеткізіп, олардың ойын дербес құрастырып, тәрбиеленушілердің тұлғалық ерекшеліктеріне бейімдей жандай жасап, ықыластарын жұмылдырып, босағдықты жеңіп, әлсіздік және көңілсіздікке мүмкіндік бермеу. Бұл қабілеттіліктер бапкерге жас спортшыларға білімдердің берілуінің әдістерін үнемі жетілдіруге көмектеседі.

Экспрессивтік қабілеттіліктер сезім арқылы, ым және ымдасып сөйлесу, сенім, өз ойларын, білімін педагогикалық өкөзқарастан өте тиімді және өрнекті түрде айқын айтылуы. Бапкердің сөзі ішкі күшпен және сенушілікпен көзге түсуі кере. Сөздің мәдениеттілігін, жақсы дикия, эмоционалды, бірақ сөйлемдерді айқын құрастыруы, бірден айтылатындығынан стилистикалық және грамматикалық қателіктердің жоқтығын сөйлеудің үлкен мәні болады. Ымдар мен сөздерді мимикасы сөйлеуді жанжанжырады, оны қызу қаныққан мазмұнды бейнесін көрсетеді. Бапкер өз сөзін әзілмен, тілектестікпен түрлендіруі керек.

Коммуникативтік қабілеттер бапкерге тәрбиеленушілермен өте қолайлы арақатынастар орнатуға

көмектеседі. Бапкердің коммуникативтілігі оның педагогикалық әдептілігінде өте жарқын айындалады, даулы жағдайлардан шеберлікпен қашқақтауында. Коммуникативтік қабілеттіліктерде үлкен орын алатын көрініс эмпатия, яғни басқа адамдардың қайғыруына көңіл ортақтығында ұрандасу. Коммуникативтік қабілеттіліктер тек жас спортшылармен мұндай қатынасуды көрсетуде ғана емес, бала спорт ұжымдарының бар тірбиелік жұмысына тартылғандарға негізделген.

Ұйымдастырушылық қабілеттіліктер бапкердің жас спортшылардың өмір-тұрмысын ұйымдастыруда, олардың оқуын, еңбегін, демалысын, әр түрлі жарыстарды әскерлікпен ұйымдастырып откізуде, ұжым ішінде өзара қатынас және байланысты іскерлікпен қалыптастыру. Бұл қабілеттің негізгі міндеті жағдайды байқап, шешім қабылдап оларды орындап дегеніне жеткізу.

Ұйымдастырушы қабілеттіліктер бапкердің бәрқатар жекелік сапаларына байланысты болады (ойлаудың шапшаңдылығы және ілгіштілігі, табандылығы, ұстамдылығы, қаталдығы, балаларды тәрбиелеуде жауапкершілік сезімі және басқалар).

Академиялық қабілеттіліктер (ғылыми зерттеулерге, өз тәжірибиесін жалпылау қабілеттілігі) бұлардың бапкерге қажеті психологияның және педагогиканың төңірегінде жетістіктерді өз қызметіне ғылыми зерттеулердің әдістерін енгізу.

Аранулы қабілеттіліктер. Бапкердің педагогикалық қызметінің жан-жақты жетілдірілуі оның қабілеттіліктерінің дамуы әр түрлі спорттың түрімен байланысты. Егер бапкер суретшілік, музыкалық және техникалық қабілеттіліктерге ие болып оларды жас спортшыларды тәрбиелеу процесінде пайдаланса, өз педагогикалық қабілеттіліктерін молайтып, тәрбиелік әсердің диапазонын кеңейтеді. Дарында бапкерлер көп арнаулы қабілеттіліктерге ие болады, өйткені олардың отақ және арнайы зеректігі және педагогикалық қабілеттіліктері табандатқан біртұтасты құрайды.

Авторитарлық қабілеттіліктер бапкердің беделін жылдам сенімділікке жеткізе тәрбиеленушілерге ерікті ықпал етеді. Бапкер мәртебесін көтеру үшін ол өз ісін жақсы біліп, жұмысына шындап жан тәнімен берілуі оның нәтижелеріне мүдделілікпен қарау.

Жеке қабілеттіліктер немесе педагогикалық әдептілік, бұл бапкердің шыдамдылығы және салмақтылығы. Ең алдымен бапкердің тәрбиеленушілерімен қатынастардағы шамасын сезуден сақтау, әсіресе қаталдық көрсету жағдайларында спортшыға құрметпен қамқорлықты тіркестіре қарау керек.

Қабілеттіліктерді қалыптастыру және өтемі. Педагогикалық қабілеттіліктердің алуантүрлілігі және олардың басқа қабілеттілікпен байланысты болуы, өтемінің жетіспеушілік ететін мүмкіндіктерін кеңейту және бапкердің қызметінің жеке стилін (жолын) құрастырылуына көмектеседі. Тәжірибе көрсетеді, барлық бапкерлерде педагогикалық қабілеттіліктер бірдей дамымайды. Жиі бапкердің бір-екі өте дамыған қабілеттіліктер сапаларының көрінісін оның шеберлігін анықтайды. жетіспеушілік сапалары не дамытады ненің орны толтырылады. Ең алдымен бапкер тұлға ретінде көрінуі оның қызметінің себеп ретінде. Бапкер қызметінің мағыналы себептері ол спортқа және дене мәдениетіне мүдделері болып табылады, педагогикалық еңбекке бұл салада бейімділігі, әбден тұрақты жетілдіруге талпынысы, балажандылығы, жас өспірімдермен балалардың спортпен шұғылданыуын үлкен қоғамдық маңыздылығына терең сенушілігі, өз жұмысының сапасына жауапкершілікпен қарау.

1. Ақпаев А.Т. және т.б. «Спортшылар мен спорт командасының психологиялық дайындықтар негізі». - Алматы, 2003.

2. Ақпаев А.Т. «Дене шынықтыру дайындығының негіздері». -Алматы, 2002.

3. Горбунов Г.Д. Психопедагогика спорта. -М., 1986.

4. Малкин В.Р. Управление психологической подготовки в спорте. -Екатеринбург, 2001.

5. Озолин Н.Г. Молодому коллеге. -М., 1988.

6. Родинов А.В. Практическая психология физической культуры и спорта. – Махачкала, 2002.

7. Сопов В.Ф. Психология разрешения конфликта в спортивной команде. – Самара, 2000.

8. Стамбулова Н.Б. Психология спортивной карьеры: учебн. пособие. – СПб., 1999.

9. Уэйнберг Р.С., Гоулд Д.Г. Основы психологии спорта и физической культуры. – Киев, 1988.

Резюме

В данной статье рассматриваются личность и авторитет тренера, ролевые позиции а также педагогические способности.

Summary

This constriction describes the person and authority of the coach his significance and teaching ability.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Берлибаев Қ. – *Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің аға оқушысы*

Бүгінгі күні бүкіл дүние жүзілік білім беру тәжірибесіне жүгінетін болсақ, жылдам қарқынмен оқыту үрдісінің сапалы да жемісті жолы аудиториялық сабақтардың көлемін тиімді қысқарту арқылы студенттердің өздік жұмыстарына уақытты көбірек беріп, олардың шығармашылық қабілетінің өсуіне әсері жоқ оқу пәндерін барынша азайту. Және де оқу жылының барысындағы студенттердің еңбек санының дұрыс бөлінуіне ерекше көңіл бөлу, себебі семестрдегі жүйесіз берілген өзіндік жұмыстар сессия кезіндегі «үлгермеушілікке» және білім сапасының төмендеуіне әкеліп соғады. Осыған байланысты, өздік жұмыстарын орындау үшін әр студентке оқу-әдістемелік құралдарын көрсетіп, өздік жұмыстарына семестрдің басында дұрыс тапсырма беру, соған байланысты әр тапсырманың ұйымдастыру-әдістемелік материалдары болуы тиіс.

Студенттердің қарқыны қай пәнді болсын оқу кезіндегі өздік жұмыстарының дәрежесімен сипатталады. Сонымен, студенттердің өздік жұмыстарының ішкі мазмұны – мұғалімнің қатысуынсыз немесе көмегінсіз дайындалу ғана емес, студенттің әрекеті алған ақпаратты білімге қолдана білуге айналдыру функциясы мен сол қызметті басқара білу функциясының үйлесімділігінен тұрады немесе олардың өздерінің алдарына қойған мақсаттарына жету үшін құрған амалдарын білдіреді десек те болады.

Негізінен алғанда, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұрады:

- студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау,
- әдістемелік қамтамасыз ету,
- бақылау және орындалу бағасы,
- талдау және жетілдіру.

Студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау кезінде, студенттердің өздік жұмыстарымен қатар мұғалімнің жетекшілігімен өткізілетін (СМЖӨЖ) да сағат бөлу керек, яғни СМЖӨЖ-ң көлемі әр пәнге бөлінген лекция, практика, студиялық және семинар сағаттарының толық көлемінен кем болмауы керек. Қалған өздік жұмыстарының сағаты күнделікті орындауды талап ететін компьютердің тапсырмасымен толықтырылуы тиіс. Студенттердің оқытушының жетекшілігімен өткізілетін жұмыстардың уақыты көрсетіліп, оқу кестесіне енгізілуі тиіс және сабақтан соң арнайы аудиторияда өткені жөн.

Әр оқу пәнінің жұмыс бағдарламасының сәйкес бөлімдеріне студенттердің өздік жұмыстарының жоспарланған түрлері, олардың сағатпен көрсетілген еңбек сиымдылығы, бақылау мерзімі және коллоквиумдар, курстық, семестрлік, есепті-графикалық және басқа да жұмыстары міндетті түрде кіргізіліп көрсетілуі керек. Студенттердің өздік жұмыстарының түрлерін таңдау үшін оқу пәнінің мақсатын, оқушының дайындық сатысын, студенттердің өздік жұмыстарына бөлінген сағаттар санын ескерген жөн.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмыстарының қарапайым және қолайлы түрі – коллоквиумдар болып саналады, ол белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәсеені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Бұған мұғалімдердің де шығармашылық әдіс-амалдары қажет. Мысалы, студенттердің жазған «мазмұндамасын», жасаған «семестрлік, курстық жұмыстарын» әдеттегідей қабылдай салмай, әр-түрлі ғылыми пікірталас ұйымдастыру арқылы қабылдаған әлдеқайда тиімді.

Барлық инженерлік қызметтің негізгі мазмұны жобалық-конструкторлық және жобалық-технологиялық құралымнан тұратыны мәлім. Курстық жоба, дипломдық жоба сияқты жобалық-конструкторлық және оқу ісінің синтезін құрайтындықтан, болашақ маман үшін, әсіресе инженерлік мамандар үшін өте қажет курстық жобаны ерекше атап өткен жөн тәрізді. Тәжірибе көрсеткендей, бір курстық жобаны 2-3 студент орындаса жобаның практикалық сапасын арттыруға болатындығы көрінеді, яғни, бұл топтастырған тәсіл өз бетімен жұмыс істеуге, өзара көмек көрсетуге, шығармашылығын және жауапкершілігін арттыруға себебін тигізетіндігі анық. Өйткені жобалау кезінде студенттер таңдау еркіндігін алады.

Білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже береді. Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – оқушының қызығушылық көзқарасын және белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл. Әр пәнге арналған өзіндік жұмыстар студенттердің өз күштеріне сенімділігін және жауапкершілігін арттырып, өзіндік баға беру қабілетін қалыптастырады.

Өзіндік жұмыстың нәтижесін көру үшін ұйымдастыру-әдістемелік шараларының анық жоспарланған

жүйесі болуы тиіс. Өзіндік жұмыстың керекті нәтижесін алу үшін қойылатын негізгі шарт – студенттерді оқу-әдістемелік және анықтама-нормативтік материалдармен толық қамтамасыз ету қажет.

Әрбір студенттің өсуі мен жетілуі оқыту барысында табысты болуы үшін, оқытушы олардың әрқайсының қабілетіне байланысты бейімделген және ерекшеліктеріне сай болуға тиісті, яғни бұл жерде жеке студентке тең құқықты серіктес ретінде сыймен қараудың да маңызы зор. Қайталап айтатын болсақ, жоғары мүддеде үлкен қарқынмен оқыту талабына сай студенттердің өздік жұмыстарына көбірек уақыт беру арқылы оқушының өздігінен ойлау қабілетін кеңейтіп, ізденісін арттыратын деп сөз жүзінде айтып қана қоймай, сонымен қатар, білім беру ісінің сапасын арттыру үшін оқыту үстінде оң қабақ танытып, ұнамды көңіл қоюдың да мәні зор.

Білім беру барысында мұғалім пәнге деген қызығушылықты тудырып, оқушы содан қанағат алатындай жағдай жасауы керек. Өйткені оқу материалын саналы түрде меңгеру, оның қажеттілігін түсініп, мәнін ұғынуға көп байланысты.

Сабақ өткізу кезінде іскер ойын ұйымдастыру да үлкен жетістікке жеткізетіндігі жаңалық емес. Ойынның мақсаты оқу жоспарының мағынасына, студент-ойыншылардың құрамына, олардың дайындығына, ойынға кететін уақытқа және сабақтың тақырыбы мен мәніне байланысты шешіледі. Ойын пікірталасқа негізделген мағыналы, ақпаратты және берілген сабақтың тақырыбын ашатын нақтылы болуға тиісті. Ойынға қатысушы студенттер нақтылы жағдайды өз беттерімен қарастырып, ойынның мақсатына өз жетістіктерімен жетулері тиіс. Ең бастысы – оқытушы ойынды ойыншы қауымның өздері ұйымдастыруына ерік беріп, оларды қанағаттандырып отыруы керек.

Студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру мақсатын тиімді шешудің және бір түрі – үйренген оқыту әдісінен алшақ, қазіргі кезге сай ғылыми дәйектелген және жете зерттелген оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарын оқыту үрдісіне енгізу. Студент оқулықты жете түсініп, жеңіл қабылдауы үшін, сабаққа өздігінен дайындалу барысында қолданатын әр пәннің лекциялық курстары, оқулықтары және оқу құралдары міндетті түрде оқу жоспарына сәйкес болғаны жөн. Сонымен қатар барлық қажетті оқу-әдістемелік және анықтама материалдары баспа түрінде де, электронды түрде де жеткілікті және қол жеткізерліктей болуы міндетті.

Дербес танымдық қызметте оқытушы және студент жүйесінің іс-әрекетіндегі жетістікті анықтайтын маңызды факторлардың бірі педагогикалық қарым-қатынас болып табылады. Ол мұндай жағдайда хабар алмасу ретінде емес, адамның басқа адамдармен өзара байланысының тұрмыстық тәсілі ретінде қарастырылады.

Егер студенттерге білім беру және іскерлік пен дағдыны сіндіру процесі педагогикалық қарым-қатынастың қандай ынталандырушы түрінде берілгендігі және ұйымдастырушылығы ескерілмесе, онда сабақтың сәтті болуын мәтіндердің мазмұны да, тиімді жаттығуларды да, әдіс-тәмсілдер мен құралдарды іріктеп алу да қамтамасыз ете алмайды. Сабақта қарым-қатынас кезінде сезімталдық пен тілектестік, табиғилық пен еркіндік, адамгершілік жағдайын жасау студенттің тілдік қызметін және белсенділігін жандандырады. Әдеттегідей, оқытушы сабақтарда студенттермен іскерлік қарым-қатынасты қалыптастыруға тырысады, онда шет тілінде сөйлеу қолдайтындығын, ынталандыратындығын, қуаттайтындығын және тағы басқа танысу үшін қолданылады.

Өкінішке қарай, іс жүзінде оқытушылардың студенттермен қарым-қатынасының мынадай түрлері таралған: педагог талап етеді – студенттер оны бұлжытпай орындайды, педагог сұрақ қояды – студенттер оған жауап қайтарады және тағы басқалары.

Мұндай жағдайда ынтымақтастық жайында, адамгершілік қарым-қатынасын тәрбиелеу туралы, әрқайсысын белсенді іс-әрекетке тарту жөнінде сөз қозғау бекер. Тек адамгершілік, тілектестік өзара көмек пен ынталандырушылық жағдайында студенттер өздерін іштей еркін сезінеді, педагогикалық ықпалына қарай белсенділік танытады, батылырақ сөйлейді. Студенттер бәрінен бұрын талап қойғыш және әділетті педагогтарды ұнатады және бағалайды. Алайда бәрін бірдей емес, өзінің қаталдығын, талап ете білетіндігін адамгершілік, жаны ашығандық, жігерлендіргіштік және көмек берушілік жағдайында танытатын ұстаздарды сыйлайды.

Осындай жағдайларды қалыптастырудың негізгі қағидаларының бірі – оқыту процесі кезіндегі педагогикалық қарым-қатынастардың сыпайылық және әдептілік қағидасы. Адамдар қарым-қатынасындағы сөйлеу әдебінің нормасы сол тілде сөйлейтін халықтардың тарихи, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерде көрініс тапқан едәуір ұлттық ерекшеліктермен және өзіндік өзгешелігімен сипатталады. Бірақта жалпыға бірдей қағидалар да бар. Егер адамдар өзара түсіністікке қол жеткізгісі келсе, онда олар сол жолға бірдей қағидаларды басшылыққа алады. Бұл қағидалар қарым-қатынас жасаудың, тіл табысудың анық та айқын түрін қолдану қажеттігіне басымдық береді.

1. Рахметова Р.С., Исабекова Ұ.К. Қазақ тілі (Негізгі деңгей, оқулық). – Алматы: «Жазушы», 2007. – 480 б.
2. Пономарев Н.И. Возникновение и первоначальное развитие физического воспитания. – М.: Физкультура и спорт, 1970. – С. 196.
3. Теория и практика физической культуры / Под ред. Л. П. Матвеева, Д. Новикова. – М.: Физкультура и спорт, 1976. – 230 с.
4. Торопов Н.И. Опыт медицинской географии Кавказа, относительно перемежающихся лихорадок"" (с картой распространения лихорадок на Кавказе. – СПб., 1864. – 125 с.
5. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1991. – С. 141-224 с.
6. Выдрин В.М. Теория физической культуры. – Л.: Физкультура и спорт, 1988. – 145 с.

Резюме

В данной статье раскрыта организация самостоятельной работы студентов.

Summary

In given article is revealed organization of the independent work student.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ПОДРОСТКОВ

Абдрахманова Р.Б. – к.психол.н., доцент

Абдрахманов А.Э. – к.психол.н.

Духовные ценности личности всегда выступали в качестве идеала, к которому стремились лучшие представители человечества. Известно, что становление человека предполагает не только развитие его умственных возможностей, но и усвоение системы общечеловеческих ценностей, составляющих основу его культуры.

По данным ряда ученых, поколение молодежи в последние десятилетия по основным показателям социального и физического развития заметно уступает предыдущим. Такое положение вещей может иметь неконтролируемые последствия в будущем: отсутствие осмысленности целей дезорганизует всю систему ценностей, делая поведение человека или «автоматизированным», основанным на ожиданиях окружающих, или нецеленаправленным, зачастую противоречивым, девиантным. Неопределенность личностных смыслов мешает человеку занять свое место в социальной системе, что, в свою очередь, еще более дезорганизует их. Изучение психологической литературы по данной теме показывает, что недостаточно разработаны психологические основы развития ценностных представлений учащихся [1].

Прежде чем приступать непосредственно к описанию эксперимента, необходимым является описание самого феномена «ценность» во всем многообразии его трактовок.

Ценности – одна из наиболее часто встречающихся категорий, которой на протяжении всей истории, и особенно в последнее время, отводят значимое место в различных научных трудах и монографиях. Категория ценностей относится к числу междисциплинарных понятий, причем трактуемых по-разному не только в психологии, педагогике, социологии, но и внутри каждой из этих наук. Анализируя различные теоретические источники, можно отметить наличие достаточного количества разнообразных определений и классификаций ценностей. Наиболее основательной, на наш взгляд, кажется следующая трактовка феномена, предложенная А.Д.Александровым: «Ценности – это материальные или идеальные предметы, обладающие значимостью для данного социального субъекта с позиций удовлетворения его потребностей и интересов». В такой обобщенной формулировке можно представить те многочисленные определения ценностей, которые существуют в отечественной науке. Наряду с категорией «ценности» в научной литературе достаточно часто используется понятие «ценностные ориентации». Ценности личности образуют систему ее ценностных ориентации, под которыми имеется в виду совокупность важнейших качеств внутренней структуры личности, являющихся для нее особо значимыми. Эти ценностные ориентации и образуют некую основу сознания и поведения личности и непосредственно влияют на ее развитие.

Анализируя эти феномены, можно отметить, что чаще всего базовая суть этих категорий не разводится и такое разделение призвано, скорее, подчеркнуть, что ценности – это стимуляторы деятельности человека, его движения вперед, саморазвития. Однако зачастую они представляют собой не строгий план действий, однозначно определенный, а лишь образ желаемого результата, ориентир. Отсюда и название – «ценностные ориентации». Ценностные ориентации личности формируются и развиваются в процессе социализации. На различных этапах социализации их развитие неоднозначно и определяется факторами

семейного взаимодействия, обучением, профессиональной деятельностью, общественно-историческими условиями и т. п. [2].

Проблема исследования ценностных ориентаций личности достаточно глубоко представлена в работах отечественных психологов и социологов: М.И.Бобневой, А.Г.Здравомыслова, Н.И.Лапина, И.О.Мартынюка, Н.Ф.Наумовой, В.Б.Ольшанского, А.А.Ручки и др.

Остановимся на наиболее существенных моментах данных исследований. Ценностные ориентации – сложное образование, в котором можно выделить три основных компонента: когнитивный, эмотивный и поведенческий. Когнитивный есть элемент знания, эмотивный – эмоциональная составляющая (ценностные представления), вытекающая из оценки; поведенческий связан с реализацией ценностных ориентаций в поведении личности. *В рамках представленной статьи внимание будет сконцентрировано на развитии эмотивной составляющей подростка. Такой подход позволяет выяснить отношение человека к ценностям (ценностные представления) посредством ряда оценочных суждений относительно тех ценностей, которые являются приоритетными на протяжении всего этапа личностного развития школьника.*

Целью методики, проводимой в рамках этого исследования, является выяснение представлений ребенка об общегражданских, макросоциальных и микросоциальных ценностях. Методика представляет собой набор вопросов следующего плана: что такое хороший (нехороший) ученик; что такое хороший (нехороший) друг; что такое хороший (нехороший) гражданин; что такое хороший (нехороший) родитель; что такое хороший (нехороший) учитель. Сбор информации происходит в режиме «свободных ответов».

В процессе эксперимента ответы подростков-испытуемых письменно фиксировались, затем классифицировались на основе смысловых единиц.

В исследовании принимало участие 138 детей в возрасте 14 и 16 лет. Все учащиеся были разделены на 2 возрастные группы.

После обобщения полученных результатов удалось установить следующее. Главное место в определении хорошего ученика в 1 возрастной группе занимает позиция «хорошо учиться» и «получать пятерки». Эти характеристики не могут быть причислены к разряду «ценностей», поскольку представляют собой внешние показатели результативности. К началу подросткового периода наблюдается большее осмысливание категории «хороший ученик», поскольку здесь речь идет уже о качестве деятельности самого ученика, а не оценивания его со стороны взрослого (учителя или родителей). Т. е. можно говорить уже о начале формирования ценностного представления об учении. А в 2 возрастной группе можно говорить уже о формировании ответственности как качества личности, являющегося ценным для обучения. Прослеживаются тенденции, характерные для определенных возрастных групп. Так, в предподростковый период для ребенка становится важным то, как он выглядит, отсюда и характеристика хорошего ученика: «следит за внешним видом». Для подростков принципиальным является общение, поэтому в определении хорошего ученика присутствуют «участие в жизни школы», «жизнь по правилам школы». В старшем подростковом возрасте можно говорить о росте самосознания учащегося, его нацеленности на профессиональную деятельность, на самореализацию, поэтому в ответах появляются мнения об «умении пользоваться своими знаниями», о необходимости «многого заниматься» [3].

Таким образом, ценность ученика формируется в старшем подростковом возрасте.

Анализируя ответы на вопрос «что такое плохой ученик», можно заметить следующее. В 1 группе самым распространенным является ответ, как и в предыдущей ситуации, отражающий позицию оценивания внешних моментов обучения («получает двойки»). Далее присутствует ответ на вопрос о плохом ученике: это тот, кто «не хочет учиться». Т. е. здесь происходит изменение оценивания с внешних моментов на позиции желания и нежелания самого ученика (т.е. анализируются внутренние характеристики самого человека). Стоит заметить, что в ответе на этот вопрос также можно отследить влияние возрастных особенностей на ответы респондентов. Так, в подростковой (1) группе появляется ответ «не соблюдает школьные правила», а в 2 группе присутствует мнение о «неспособности к обучению», что отражает более терпимого отношения к людям и их недостаткам. При ответе на вопрос «что такое хороший друг» можно отметить, что, как и в ответах на предыдущие вопросы, в 1 группе оцениваются внешние характеристики: настоящий друг – «гуляет и играет вместе», а в старшем подростковом возрасте у «настоящего друга» указывается уже личностная характеристика.

Также в 2 группе появляется ответ, подчеркивающий общность интересов настоящих друзей, что можно расценивать как новообразование в оценивании категории «хороший друг». Анализируя ответы

детей каждой группы, можно увидеть процесс качественного изменения в оценке категории «нехороший друг». Так, для младших школьников опять определяющим являются внешние характеристики проявления («дерется и обижается»), в предподростковом возрасте (2 группа) в равной степени присутствуют и внешние оценочные компоненты, и более качественные, а в подростковом возрасте актуализируется личностная характеристика («предатель»). Оценивая ответы на вопрос «что такое хороший гражданин», можно сделать вывод, что категория гражданской ценности в младшем школьном возрасте не является актуальной и определенной. Так, 31,2 % школьников затруднились ответить на этот вопрос. Чаще звучал ответ «помогает людям», что также предполагает внешнее, действенное оценивание характеристики. Несмотря на то что во 2 группе самым распространенным также явился ответ «помогает людям», тем не менее, все ученики этой группы смогли дать ответ на вопрос «что такое хороший гражданин». Этот факт можно расценивать как определенный прогресс в процессе формирования общегражданских ценностей. В подростковом возрасте в 1 и в 2 группах тоже можно отметить похожесть ответов, но в старшем подростковом возрасте, наряду с ответами «патриот» и «законопослушный», можно увидеть ответ, отражающий активную жизненную позицию: «активный деятель». Это также может говорить о непрерывности процесса становления ценности «гражданин».

Таким образом, ценность гражданина формируется в подростковом возрасте, а в дальнейшем качественно насыщается новыми смыслами.

При обсуждении вопроса о нехорошем гражданине младшие школьники в качестве основной оценки выдвинули «универсальную» характеристику «плохого человека» – злой. Дети 14 лет в качестве «нехорошего гражданина» называли людей, совершающих конкретные антисоциальные действия («террорист», «бандит», «изверг»). Подростки выдавали более обобщенный ответ – «преступник». Старшие подростки наряду с «преступником» также называли и «безразличного» человека, таким образом, они причисляли к антигражданским ценностям не только «действия против закона», но и «бездействие в интересах закона» – это демонстрирует более глубокое понимание проблемы старшими подростками, в отличие от своих сверстников.

Обсуждая проблему хороших родителей, были получены следующие ответы. Как и во всех предыдущих случаях, младший школьник оценивает «хорошего родителя» с точки зрения внешних проявлений, внешних показателей благоприятных отношений (добрый, не ругается, всё покупает). Интересной представляется ситуация, когда дети 12 лет в качестве основного показателя хорошего родителя определили «вовремя приходит домой». Скорее всего, в процессе перехода от учебной деятельности (в младшем школьном возрасте) к общению (в подростковом) ребенок как никогда испытывает дефицит общения с родителями. А родители чаще всего, полагая, что к этому возрасту ребенок уже достаточно взрослый и самостоятельный, должного взаимодействия с ребенком не обеспечивают. У подростков на первом месте находится ответ «понимает ребенка». Это свидетельствует о том, что, несмотря на потерю авторитета родителя в глазах ребенка, тем не менее, ребенок нуждается в понимании со стороны взрослого, переживает из-за возникающих конфликтов. Это еще раз подтверждает действие «двойных стандартов» по отношению к себе и другим в подростковом возрасте.

Таким образом, ценность родителя формируется в подростковом возрасте. В оценивании «нехорошего родителя» можно заметить разноплановость ответов. Скорее всего, вопрос для детей любого возраста является эмоционально окрашенным, поскольку социально желаемая позиция – «родителя нужно любить», и ребенок, отвечая на этот вопрос, чаще выдает личные переживания по этому поводу. Единственно, можно заметить большую определенность и осмысленность ответов старших подростков. Обсуждая вопрос о «хорошем учителе», можно заметить следующую качественную динамику наиболее распространенных ответов детей. В младшем школьном возрасте присутствуют снова внешние оценочные характеристики («ставит пятерки», «не ругает»), в предподростковом возрасте – внешние оценки и личностные характеристики преподавателя («понятно объясняет» и «справедливый»), в подростковом возрасте – профессиональные характеристики («профессионал в области знаний», «может заинтересовать предметом»).

Таким образом, ценность учителя формируется в подростковом возрасте. Подводя итог вышесказанному, можно сделать следующие выводы. В ценностных представлениях учащихся различных возрастных групп существуют как общие черты, так и различия. При оценке категорий «друг», «ученик», «родитель», «гражданин», «учитель» дети 14 лет опираются на внешние показатели результативности, а подростки 16 лет оценивают в большей степени личностные качества.

Т.е. ценности для младших школьников формируются на основе внешних проявлений, а подростков –

на основе личностных характеристик.

При оценивании каждой категории различными возрастными группами можно отследить динамику качественных изменений ценностных представлений. Анализируя отдельные позиции можно сказать, что:

- ценностные представления о дружбе формируются в 11 лет;
- ценностные представления о родителях и учителях формируются в 14 лет;
- гражданские ценности формируются в 14 лет, а в дальнейшем качественно насыщаются новыми смыслами;
- ценностные представления о хорошем ученике формируются в 16 лет [4].

Таким образом, мы ставили своей целью рассмотреть лишь некоторые пути формирования нравственных ценностей учащихся, считая это одной из важнейших проблем в нашем современном обществе.

Вместе с тем в ходе опытно-экспериментальной работы обнаружено, что проблема формирования общечеловеческих ценностей требует продолжения изучения. В этом смысле представленное нами исследование нельзя считать исчерпывающим. Оно представляет собой лишь один из возможных вариантов решения большой и многоаспектной проблемы.

1. Коган М.С. *Философская теория ценности. - ТОО ТК "Петрополис". - 205 с.*
2. Гогоберидзе Г.М. *Основы духовно-нравственной культуры народов России. - «ИОЦ Мнемозина»*
3. Нургалеева Г.К. *Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика. - Алматы, 1993. - 290 с.*
4. Костюкова Т.А. и др. *Основы духовно-нравственной культуры народов России. - «Дрофа»*

Түйін

Бұл мақалада оқушылардың адамгершілік құндылықтарының қалыптасуының бірқатар жолдары қарастырылған. Зерттеу нәтижелері адамгершілік құндылықтардың жасөспірімдік кезеңде қалыптасып, кейінірек жаңа ойлармен сапалы толығатындығын көрсетті.

Summary

In given article some ways of formation of moral values of pupils are considered. The analysis of results of research has shown, that moral values is shaped at teenage age, and in the further is qualitatively sated with newsenses.

ФАКУЛЬТАТИВНЫЙ КУРС «ЗАНИМАТЕЛЬНАЯ МАТЕМАТИКА» И СИСТЕМА ОЦЕНИВАНИЯ ДОСТИЖЕНИЙ УЧАЩИХСЯ ПРИ ЕГО ИЗУЧЕНИИ

**Акпаева А.Б. – к.п.н., доцент,
Лебедева Л.А. – к.п.н., доцент**

Рассчитана данная программа на 30 часов факультативных занятий и 4 часа резервного времени, отведенного на проведение олимпиад, турниров и т.п. в каждом учебном году. Программа содержит ряд тем, материал которых не входит в инвариантный, базовый курс математики с учетом действующих стандартов. Содержание курса объединено в 5 тематических модулей, каждый из которых рассматривает задачи определенного содержания.

Рассматриваемые на занятиях занимательные задания имеют прикладную направленность. Учителю не следует проводить строгие доказательства рассуждений и требовать их от учащихся. Наибольшее внимание в курсе уделено развитию комбинаторных способностей, умению логически рассуждать, применять рациональные приемы вычислений, развитию пространственного мышления, обучению приемам решения задач занимательного и нестандартного вида.

Факультативные занятия с системой соответствующих заданий позволяют учителю дифференцировать процесс обучения, осуществлять личностно-ориентированное, развивающее, гуманистически направленное обучение.

Логика освоения учебных тем определяется задачами:

- изучить общие методы и выявить алгоритмы решения заданий того или иного вида;
- уметь определять типы задач и подбирать к ним способы решения;
- овладеть навыками построения математических моделей при решении конкретно-практических задач;
- повысить интерес к математике как универсальной науке;

- развить исследовательские навыки при проведении анализа условия задачи и полученного результата ее решения;

Все образовательные блоки предусматривают не только усвоение теоретических знаний, но и формирование деятельностно-практического опыта.

Практические задания способствуют развитию у детей творческих способностей, умения создавать математические модели.

Результаты обучения по данному курсу достигаются в каждом образовательном модуле. Задания факультативного курса можно разделить на группы, учитывая их воздействие на мыслительную деятельность учащихся.

1 модуль. Формирование гибкости ума, освобождение мышления от шаблонов происходит при изучении разделов: *элементы комбинаторики* и занимательные задания. Так как в большинстве своем решение задач-шуток, занимательных заданий, задач на перебор вариантов, не привязано к темам основной программы по математике и не требуют особой теоретической подготовки.

2 модуль. В разделе *нестандартные и занимательные задания*: задачи на переливание, логические задачи, ребусы, задачи на классификацию учат школьников умению рассуждать, формируют математический стиль мышления, развивают логико-лингвистические способности детей, которые приводят к умению четко мыслить, полноценно логически рассуждать и ясно излагать свои мысли.

3 модуль. В разделе «*Элементы логики*» задачи на аналогию и исключение лишнего, классификацию, построение суждений используются для формирования умений поиска решения задач, интуиции, требуют знания теории и нешаблонного подхода к решению.

4 модуль. *Задачи с геометрическим содержанием* нацелены на знание геометрических фигур и их свойств как основы для формирования пространственных и изобразительных умений школьников, на расширение кругозора.

5 модуль *элементы теории множеств* направлен на развитие у учащихся умения выделять множества (по заданным признакам), осуществлять классификацию, разбиение на подмножества, подсчет элементов множеств, выделение части множеств; умения построения лаконичных рассуждений при пояснении решения; использования схем для решения заданий, выбор наиболее короткого пути рассуждений.

Рекомендуемые формы и методы проведения занятий

Важными условиями правильной организации процесса обучения в рамках факультативных занятий являются:

- выбор учителем эффективной и рациональной системы форм и методов обучения, ее оптимизация в зависимости от возрастных особенностей развития личности ученика, уровня его математической подготовки, специфики дидактических и воспитательных задач;

- деятельностное включение ребенка в образовательное пространство;

- гуманизация взаимоотношений в системах «учитель-ученик», «ученик-ученик».

Существенное значение имеет реализация принципов развивающего, эвристического, личностно-ориентированного обучения, процесса гуманизации, использование технологий разноуровневого обучения, работа в парах и группах сменного состава.

Занятия могут проводиться в различной форме: комбинированных уроков, уроков-соревнований, лабораторно-практических работ, практикумов, круглого стола, «мозгового штурма», деловой игры. Мы рекомендуем выбрать наиболее распространенную форму- комбинированный урок. Это учитывает возрастные особенности детей 1-4 классов. Именно так построены предлагаемые рабочие тетради по факультативному курсу (Акпаева А.Б., Лебедева Л.А. «Занимательная математика» рабочая тетрадь для 1,2,3,4 класса. - Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2010-2012 г.). На каждом занятии дети знакомятся, закрепляют или расширяют знания и умения решать задачи разных разделов программы. Большая часть занятий носит практический характер. Поэтому в программе не указано примерное количество часов, отведенной на каждую тему.

Изложение материала может осуществляться в виде проблемной беседы, полилога, дискуссии, сопровождаться демонстрацией видеоматериалов, наглядных пособий. Однако рекомендуется привлекать учащихся к самостоятельному первичному ознакомлению с новым материалом.

Факультатив «Занимательная математика» является наиболее удобной формой подготовки к таким мероприятиям как олимпиады и турниры. Рабочие тетради облегчают работу учителя по подготовке материалов к занятиям, упрощают работу над многими заданиями, т.к. имеют заготовки, таблицы и

схемы. Занятия в рабочих тетрадах по «Занимательной математике» позволяют ученикам научиться решать нестандартные задачи, сделать первые в своей жизни открытия, даст возможность развитию творческой инициативы, разовьёт интерес к науке.

В данной программе занятия носят, как правило, практический (деятельностный) характер и проводятся в виде уроков комбинированного типа. В зависимости от уровня развития детей каждого класса, можно отводить на решение тех или иных видов задач разное время.

Оцениванию могут подлежать не только продукты деятельности, но и сама деятельность учащегося на факультативном занятии. Поскольку для реализации целей данного курса важен не столько итог - получение правильного ответа, сколько ход решения, доказательства, рассуждения, разные варианты решения того или иного задания. Поэтому для разных разделов и тем можно предложить разные средства контроля. В целом участие и правильность полученных результатов в ходе занятия также дает суммарную оценку. Так в календарно-тематическом планировании авторами рабочих тетрадей отведено место для самооценки учащихся. Полезно определить с какими видами заданий дети справляются лучше. Критерии контроля выполнения заданий конкретного вида могут быть следующими (Виды заданий - Критерии контроля (что подлежит оцениванию)):

- Веселые разминки - Степень самостоятельного участия, количество правильных ответов, наличие рассуждений или доказательств.

- Задания с геометрическим содержанием, задания на развитие пространственных представлений - Правильность выполнения задания, время, затраченное на выкладывание фигур, подсчет фигур, построение фигур.

- Уравнения, равенства, неравенства - Правильность рассуждений при выборе алгоритма взвешивания, уравнивания. Краткость алгоритма.

- Комбинаторные задачи и вероятность - Использование упорядоченного перебора, таблиц, дерева возможностей для решения задач.

- Задания на определение числовых закономерностей - Приведенные рассуждения и верность вычислений.

- Задания, связанные с операциями над множествами - Верная классификация, разбиение на подмножества, подсчет элементов, выделение части множеств. Лаконичность рассуждений при пояснении решения.

- Упорядочение - Использование таблиц, схем или графов для решения заданий, выбор наиболее короткого пути рассуждений

- Взаимно однозначное соответствие - Использование таблиц, схем или графов для решения заданий, выбор наиболее короткого пути рассуждений

- Логические выводы (логические суждения, умозаключения) - Верность, краткость, лаконичность высказываний, использование логических слов-связок.

- Задания связанные с алгоритмами - Краткость и точность построения алгоритма действий, умение объяснить решение.

- Рациональные приемы сложения, вычитания, умножения и деления - Применение изученных свойств действий, правильность ответа, умение объяснить наиболее короткий путь вычислений.

- Математические кроссворды - Знание терминологии, аккуратность и быстрота заполнения кроссворда.

- Математические головоломки- Быстрота подсчетов, различные варианты решений, рассуждения при объяснении хода решения, рациональность подсчетов.

- В том числе:

- Магические фигуры, занимательные рамки - Быстрота и рациональность подсчетов, различные варианты решений, рассуждения при объяснении хода решения.

- Числовые ребусы и вычисления - Быстрота подсчетов, различные варианты решений, рассуждения при объяснении хода решения. Использование элементов прикидки, округления результатов и др.

- Математические лабиринты - Быстрота и рациональность подсчетов, различные варианты решений, рассуждения при объяснении хода решения.

- Шифровки - Быстрота соотнесения шифра или подсчетов, рассуждения при объяснении хода решения.

- Математические фокусы - Быстрота подсчетов, рассуждения при объяснении разгадки фокуса.

В результате работы солимпиадными заданиями по курсу математики у обучающихся предполагается

формирование универсальных учебных действий. Так, при изучении курса оцениванию могут подвергаться как личностные, так и метапредметные результаты обучения (регулятивные, познавательные, коммуникативные). Приведем пример результатов УУД для 3-4 класса.

Личностными результатами в 3-4-м классах является формирование следующих умений:

- Самостоятельно *определять* и *высказывать* самые простые общие для всех людей правила поведения при общении и сотрудничестве (этические нормы общения и сотрудничества).
- В *самостоятельно созданных* ситуациях общения и сотрудничества, опираясь на общие для всех простые правила поведения, *делать выбор*, какой поступок совершить.

Метапредметными результатами в 3-4 классах являются формирование следующих универсальных учебных действий.

Регулятивные УУД:

- Самостоятельно формулировать цели деятельности.
- Учиться совместно с учителем обнаруживать и формулировать учебную проблему.
- Составлять план решения проблемы (задачи) совместно с учителем.
- Работая по плану, сверять свои действия с целью и, при необходимости, исправлять ошибки с помощью учителя.
- В диалоге с учителем учиться вырабатывать критерии оценки и определять степень успешности выполнения своей работы и работы всех, исходя из имеющихся критериев.

Познавательные УУД:

- Ориентироваться в своей системе знаний: самостоятельно *предполагать*, какая информация нужна для решения учебной задачи.
- *Отбирать* необходимые для решения учебной задачи источники информации.
- Добывать новые знания: *извлекать* информацию, представленную в разных формах (текст, таблица, схема, иллюстрация и др.).
- Перерабатывать полученную информацию: *сравнивать* и *группировать*.
- Перерабатывать полученную информацию: *делать выводы* на основе обобщения знаний.
- Преобразовывать информацию из одной формы в другую: *представлять информацию* в виде текста, таблицы, схемы.

Коммуникативные УУД:

- Донести свою позицию до других: *оформлять* свои мысли в устной и письменной речи с учётом своих учебных и жизненных речевых ситуаций.
- Донести свою позицию до других: *высказывать* свою точку зрения и пытаться её *обосновать*, приводя аргументы.
- Слушать других, пытаться принимать другую точку зрения, быть готовым изменить свою точку зрения.
- Читать вслух и про себя (прогнозировать; ставить вопросы и искать ответы; проверять себя); отделять новое от известного; выделять главное; составлять план.
- Договариваться с людьми: выполняя различные роли в группе, сотрудничать в совместном решении проблемы (задачи).
- Учиться уважительно относиться к позиции другого, пытаться договариваться.

Таким образом, факультативный курс для учащихся 1-4 классов призван научить младших школьников использовать общеучебные, логические и познавательные универсальные учебные действия; провести качественную подготовку к олимпиадам различного уровня; привить познавательный интерес к изучению учебной дисциплины и обеспечить успешное решение учебно-практических задач.

Түйін

Факультатив курсы 1-4 сынып оқушыларына арналған. Курстың **негізгі мақсаты**: математикаға деген танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылықты қалыптастыру, оқушылардың бойында кеңестікті елестетуді, математикалық түйсікті, логикалық және аналитикалық ойлауды, олардың математикалық және конструктивтік қабілеттерін дамыту.

Summary

In article it is told about a facultative course «Entertaining mathematics» for 1-4 classes. Problems of estimation of

educational achievements are considered when studying this course.

МҰҒАЛІМ ӘРЕКЕТІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

Жұмабаева Ж.А. –

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының
4-курс студенті,*

Каримова Р.Е. – аға оқытушы

Мектепте білім алу - бала өмірінің маңызды кезеңдерінің бірі. Қандай білім беру жүйесінен және қандай мұғалімнен білім алғаны баланың үлгеріміне және жеке тұлғалық қалыптасуына байланысты болады. Кәсіби шеберліктің құрылу процесі білімінің жүзеге асуы мен қалыптасуын ғана емес сонымен қатар оның тұлғалық қалыптасуын да қарастырады. Бұл туралы «Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында»: «қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қойылатын талаптары соңғы жылдары күрделенді. Жаңа қоғам мұғалімі - ол рухани адамгершілігі жоғары азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық білімді шығармашыл тұлға, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі дамытуға ұмтылысы, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейінің сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқа түрлерін меңгерген құзырлығы жоғары маман» [1]- делініп болашақ жаңашыл мұғалімдерге қойылатын талаптардың маңызды екендігін, сол маңызды талаптарды орындау міндетті екені атап көрсетіледі.

Американ психологі Дж.Брунер «Білуге деген қызығушылық пен жаңаны білуге деген талпыныс адамға тән» деп айтуы оқушының қызығушылығын туғызатын, оқуды өмірмен байланыстырып, білімнің дамуын қамтамасыз етіп отыру ұстаз жұмысының негізгі міндеті екеніне дәлел қылуға болады. Жалпы ұстаздың педагогикалық шеберлігіне тоқталмас бұрын, «мұғалім» сөзінің мәнін ашып алайық.

Мұғалім - жалпы білім беретін мектептерде жас ұрпақты оқытып оларды тәрбиелеу қызметін атқаратын маман [2],[4].

Педагог - (гр.сөзі «тәрбиеші» деген ұғымды білдіреді) - жалпы білім беретін мектеп мұғалімі, кәсіптік техникалық, арнаулы орта, жоғары оқу орнының оқытушысы, мектепке дейінгі мекеме, мектеп интернат, балалар үйі, түзету колониясының тәрбиешісі, мектептен тыс мекемелердің қызметкерлері, педагогикалық ғылыми проблемаларын зерттеуші, ғылыми қызметкер[2],[4].

Мұғалімнің жұмысын талдауға мұғалімдік шеберлік деп аталатын интефальды (біріктірілген) сапа алдыңғы орынға шығады. Педагогикалық шеберліктің анықтамасы көп. Ең жалпы мағынада ол-тәрбиелеу мен оқытуды жоғары және ұдайы жетілдіру өнері. Шеберліктің негізіне мұғалімнің жеке мәдениеті, білімі мен ой-өрісінің педагогикалық техникамен, сондай-ақ алдыңғы озық тәжірибемен ұштасып, қорытындысы алынған. Шеберлікті меңгеру үшін көп нәрсені білу және істей алу қажет. Теорияны білу, оқу-тәрбие процесінің тиімді технологиясын пайдалана білу, оларды нақты жағдай үшін дұрыс тандау, тиісті деңгей мен сапаны белгілеу, болжау және жобалай алу қажет. Педагогикалық шеберлікті құрайтындар аз емес. Ол ең алдымен, оқу процесін барлық, тіпті жағымсыз жағдайлардың өзінде қажетті деңгейдегі тәрбиелік даму және білімге қол жеткізуге болатындай етіп ұйымдастыру білігінен көрінеді.

Мұғалімнің шеберлігі, әсіресе, сабақтарда үйрете білуден байқалады. Шеберліктің тағы бір маңызды көрсеткіші – ол, оқушылардың белсенділігін арттыра алуы, олардың қабілеттерін, өз бетімен жұмыс істеуін, білуге құмарлығын дамыту, балаларды сабақта ойлануға мәжбүр ете білуі. Оқыту процесінде тәрбие жұмысын тиімді жүргізе білу, оқушыда жоғары адамгершілікті, патриотизм сезімін, еңбексүйгіштік, дербестікті қалыптастыру білігі педагогтық шеберліктің тағы бір элементін құрайды [3],[4].

Ұлы ғұлама Әл-Фараби: "Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің барлығын жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын ... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі ..., меніңше шешен, өнер-білімге құштар қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ ..., жұрттың бәріне ... жақсылық пен ізеттілік көрсетіп ... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек" дейді.

"Ұстаз дегеннің өзі - биік атауға тең. "Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз!"- деп ұлы данышпан Абай айтып кеткендей, және де ұстаздың өзі- адам құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы, қазір жаңалықтар легімен енген соны технология, технологиялық дәуір.[6] Осыған орай қазіргі кезеңнің талабына сай өскелең ұрпақты білімді, мәдениетті, ұшқыр ойлы, халқының салт-

дәстүрін дәстүрлей білетін, туған Отанын, жан- тәнімен сүйетін азамат дәрежесіне тәрбиелеу және осыған жетелеудің өзі педагогикалық шеберлік демекпін.

Педагогикалық энциклопедияда педагогикалық шеберлікке мынадай анықтама береді. Өзінің аты бойынша балаларды сүйетін және өзінің тәрбиелеу және білім беруін барлық уақытта жоғары деңгейде жаңалап отырады. Педагог- өз ісінің шебері. Бұл дегеніміз жоғары мәдениетті, өз пәнін терең білетін, өзіне тиісті ғылым және мәдениет салаларымен жақсы таныс, психологиялық мәселелерін практикалық түрде талдай білетін, тәрбиелеу мен білім беру әдістемесін терең меңгерген маман. Осылайша, педагогикалық шеберліктің маңыздылығын кәсіби әрекеттерді ұйымдастырудың жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуші жекелік қасиеттердің жиынтығы деп көрсетеді. Бұл қасиеттерге оқытушы әрекетінің гуманистік бағытталуы, кәсіби білімі, педагогикалық ерекшеліктері және педагогикалық техникасы жатады.

Педагогикалық шеберлік негізі неде?

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман – уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы- ұстаз тұрады. «Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», – деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет.

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің ролін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру – педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Әрине, педагогикалық шеберлік күрделі құрылым болғандықтан, оның мәнін ашуды, оны түсінуге деген әр түрлі көзқарас тұрғылары қалыптасқан. Қазіргі заман сұранысына орай, біз педагогикалық шеберліктің негізі инновациялық іс-әрекет деп тұжырымдаймыз. Тек жанашылдыққа деген талпыныс, үздіксіз ізденіс мұғалімді өз ісінің биік шыңына жетелейді. Осы тұжырымды өлкеміздің мандай алды азаматтары, өз ісінің шеберлері К.Нургалиев, К.Бітібаева, Ж.Шайжунусов, еліміздің бір туар тұлғалары Р.Нуртазина, А.Ысқақов, Е.Очкур сынды ұстаздар қызметі негізінде жасадық. Олар өз педагогикалық іс-әрекет шыңына жанашылдыққа ұмтылыс негізінде жетті. Бірақ, инновациялық іс-әрекет, кәсіптік білім мен іскерліктерсіз және тұлғалық қасиеттерсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Әсіресе, қазіргі таңда мұғалім шеберлікке қол жеткізу үшін өзін-өзі басқара алуы керек, бойында оптимизм, лидерлік қасиет, тәуекелге бел буа білу, қуаттылық, төзімділік сияқты тұлғалық қасиеттері болуы тиіс. Аталған қасиеттер мұғалімді жанашылдыққа жетелейді, жаңаны жасауға ынталандырады.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы. Осыдан шығарар қорытындымыз: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет[7].

Педагогтың шеберлігі туралы А.С. Макаренко былай деп жазған: Мен бұндай шебер дәрежесіне тіпті шеберліктің бар екендігіне сенбей жеттім.!! Немесе педагогикалық талант жөнінде әңгіме айтуға болды ма? Бізде талантты тәрбиеленушілер қанша? Және талантсыз тәрбиелеушінің қолына түскен бала не үшін зардап шегуі тиіс. Біз балалардың тәрбиесін талапқа қарап жасай аламыз ба? Жоқ. Тек қана шеберлік туралы айтуымыз керек, яғни тәрбиелеу процесіндегі шын білім туралы, тәрбиелей алу туралы[5].

«Талант» деген сөзді әркім әр түрлі ұғынуы мүмкін. Талант көбіне, ақын – жазушыларда, әртістерде, өнер адамдарында кездеседі. Ал, «мұғалім болу – талант па, ол әркімнің қолынан келе бермей ме?» – деген сұрақ туады. Ұстаздың барлығы талант болып тумайды. Егер кез келген мұғалім ынта – ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады[7].

Абай атамыздың: «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегін кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға» - деп айтқанындай, мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының

данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінеміз және өмір бойы ізденушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жетуге болады. Мұғалімнің әрбір сөзі мен ісі, қимылы, киімі, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық және ізгілік тұрғысынан шәкірт жүрегінен үлкен орын алады. Әрбір ұстаз үшін оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді. Осы ретте кейбір мәселелерді жаңаша көзқараспен қарастыруды жөн деп есептей отырып, мынадай эталондарды атап өтуге жөн көрдік:

- сабаққа педагогикалық – психологиялық талдау жасау;
- дамыта оқыту жүйесінің мәні мен міндеттері;
- сабақты ұйымдастырудың педагогикалық – психологиялық негіздері;
- мұғалім жұмысының шығармашылық сипаты.

Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды.

К.Д.Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше бұған оның оның қолы жетпейтіндігін», – айтады.

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Ұстаздық шеберлік: 1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі; 2) пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі; 3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады. Педагогикалық шеберлікте педагогикалық техника деп аталатын мәселеге мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс-тұрысы, қозғалысы, отырып-тұруы оқушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек.

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады[7].

Еліміздің болашағы бүгінгі мектеп қабырғасындағы ұрпақ екені даусыз. Ертең ел тізгініне ие болар жеткіншектеріміздің ғаламдық өркениеттен қалып қоймай, білімді, тәрбиелі, жан-жақты болып қалыптасуының қамтамасыз етілуі - мемлекеттік маңызы бар іс. Бүгінгі таңда білім саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Осы өзгерістерді жүзеге асыру, әсіресе, ұстаздарымыздың біліміне, кәсіби шеберлігіне көп байланысты. Парасаттылықты, адалдықты шәкірттерінің бойларына жас кезінен ұялататын ұстаздар десек, қателеспес едік. Сондықтан да ұстаз еңбегіне еш баға жетпек емес.

1. «Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» 1996.

2. «Қазақ совет энциклопедиясы» I том, 199 б.

3. Асқарова Ж. Ұстаздың кәсіби-әдістемелік шеберлігінің маңызы зор. «Қазақстан мектебі» -№4. -2010. -33-36 б.

4. Ногаева А.Қ. Болашақ мұғалімдердің жаңашылық іс-әрекетін қалыптастыру. «Ғылыми студенттер көзқарасымен» - Алматы, 2010

5. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі. -Алматы: Дарын, 2004. -111-123 бет

6. Иманбекова Б.И. Тәрбиеге жетекші. -Алматы, 2004. -145-153 бет

7. Жүсіпова А.Е. Педагогикалық шеберлік.

Резюме

В статье раскрываются проблемы педагогического мастерства деятельности учителя

Summary

The article is considered the pedagogical skill in teachers' activity.

Конисбаева Ж. – педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті
Жүндібаева Т.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев жақын онжылдықты республика дамуының стратегиялық бағыттарына білім беру мен ғылымды жатқызады, олардың дамуына экономикалық, техника-технологиялық алға жылжу, саяси даму қарқыны, қоғамның мәдени және рухани жағдайы шешуші шекте тәуелді.

«XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында адамзат баласы дамудың жаңа кезеңі – жаһандану дәуіріне аяқ басты. Адамзат өркениетінің қазіргі кезеңі қоғамдық дамудың бар саласын қамтыған жаһандану үрдісімен ерекшеленеді. Бұл үрдіс әр елдің ұлттық білім бепру жүйесін қамтып, олардың әлемдік білім беру кеңестігімен кірігуін ғылыми әдіснамалық тұрғыдан оңтайлы шешу проблемасын туғызып отыр» - деп атап көрсетіп, жаһандану жағдайында еліміздің ұлттық білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай дамыту міндеттерін алдымызға қойып отыр.

Білім беру – тиісті оқу орны арқылы ғылыми оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі. Білім беру жүйесінің басты міндеттері – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру оқыту мен өз бетінше іздену негізінде жүзеге асырылады. Оқу-ағарту жұмысы Қазақстанда ерте заманнан басталған. Әсіресе, отырықшы аудандарда орта ғасырлардың өзінде-ақ (7-8 ғасырлар) көптеген мектептер мен медреселер (мұсылмандық бастауыш оқу орындары), діни білім беретін жоғары оқу орындары жұмыс істеген. Атақты Әбу Насыр әл-Фараби Отырар медресесінде, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Амет Йүнеки, Қожа Ахмет Иассауи, т.б. ұлы ойшылдар діни медреселерде оқып, білім алған. XVIII-XIX ғасырларда мұндай медреселер Қазақстанның барлық аймағында ашыла бастады. XIX ғасырдың екінші жартысында білім беру ісі үш түрлі бағытта дамыды: 1) қадим мектептері – мұсылмандық дәстүрлі мектептер; 2) орыс қазақ мектептері; 3) жәдит мектептері – әр түрлі ғылым салаларын оқытатын жаңашыл бағыттағы мұсылмандық мектептер. Қазақстанда 19 ғасырдың 50-60 жылдарында діни білім беретін 84 оқу орны болды. Бұл оқу орындары ислам дінін уағыздайтын бастауыш мұсылман мектептерінің молдаларын, казиларды, сопылар мен шарият заңдарын түсіндіретін жоғары лауазымды діни қызметкерлерді даярлады. Сондай-ақ, халыққа әдебиет, оқу-ағарту мәселелерінен де дәріс беретін мәдени насихат орталығы ролін атқарды.

Қазақстанда білім беру жүйесінің жолға қойылуына, жалпыға бірдей білім беру саласының дамуына Ыбырай Алтынсарин зор еңбек сіңірді. Ол мектептердің бірінғай жүйесін жасап, оны халықтық принциптің негізінде құрды. Бұл жүйе білім беру саласына 19 ғасырдың 80-жылдарынан бастап енгізілді. Оның басшылығымен 1889 ж. Орынборда қазақ мұғалімдер даярлайтын оталық құрылды. Мұғалімдер семинариясы 1903 ж. Семейде, 1913 ж. Ақтөбе, Верный, Орал қалаларында да құрылды. Әрбір ұлт мектептерінің мәселелеріне ерекше назар аударып, бірнеше оқу құралдарын жазып шығарды. А.Байтұрсынов білім беруді жеңілдету әрі жетілдіру Қазақстанда араб графикасы негізінде түркі халықтарына арналған әліпбидің жаңа нұсқасын жасады. Сондай-ақ оның ана тілі оқулықтары мен әдістемелік оқу құралдары 20 ғасырдың басындағы білім беру ісіне соны серпіліс әкелді. Жалпы бұл кезеңде Қазақстанда оқу-ағарту жұмысы өркендеп, мектептердің саны бірқатар көбейді. Мысалы, 1914-1915 оқу жылында Қазақстанда барлығы 2 мыңдай мектеп болды. 1917 жылы 1 қаңтарда 2389 мектеп және 600 орыс қазақ училищелері жұмыс істеді. Азамат соғысан кейін 1918-1920ж.ж. қазақ мектептері үшін Семей, Торғай, Ырғыз, Орал т.б. қалаларында ашылған 4 айлық курстарда 1000-нан астам мұғалім даярланды. 1920-1922 оқу жылында республика мектептерінде 5 мыңға жуық мұғалім болды. Мұғалімдер балаларды оқытумен бірге жаппай сауаттсыздықты жою ісіне белсене ат салысты. Мұғалімдер қатары сол кезде ашыла бастаған оқу орындарының түлектерімен толықтырылды. Мысалы, Ташкент қаласындағы Қазақ педагогикалық училищесі (1920), Орынбор қаласындағы КомВуз (1922), Семей қаласындағы Қазпедтехникум (1924) ауыл, село мектептеріне мұғалімдер даярланды.

1924 жылы шақырылған Бүкілқазақстандық оқу ағарту конференциясында бірінғай мектеп жүйесін құру, кәсіптік техникалық білім беру, балаларды қорғау, саяси тәрбие беру мәселелері қаралды. Конференция шешімімен құрылған академиялық орталық мектептерге оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдарын жасау ісімен айналысты. 1923-1924 оқу жылында бұл орталық ұлт мектептеріне арналған 14 оқулық шығарды. Бұл оқулықтарды жазуға қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезова, С.Асфендияров, Т.Жомартбаев, Қ.Сәтбаев, Ә.Ермеков, Т.Жолдыбаевтар

катысты. Білім беру жүйесінде бастауыш, 7 жылдық және 9 жылдық мектептер болды. Арнаулы білім беретін техникумдар мен жұмысшы факультеттері толық орта білім беретін оқу орны болып есептелді. Кейін фабрика зауыт училищелері (ФЗО), ауыл шаруашылығы мамандарын даярлауға арналған 3 жылдық шаруа мектептері ашылып, оған ауылдағы 7 жылдық мектептердің түлектері алынды.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Қазақстанда саяси және экономикалық сипаттағы міндеттермен қатар кәсіптік білім беруді дамыту міндеті де қолға алынды. Оқытушы кадрларды даярлау үшін үш айлық педагогикалық курстар ашылды. 1920 жылы орынборда халыққа білім беру практикалық институты (ПИНО) және Халыққа білім беру қазақ институты (КИНО) ашылып, жұмыс істей бастады. Олар қазіргі жағдайдағы саяси мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің білімін жетілдіру қызметін атқарды.

Бұл нағыз маңызды әрі күрделі міндетке айналды. КСРО ХКК (Халық Комиссарлары Кеңесі) «Қазақстан үшін кадрлар даярлау туралы» қаулы қабылдады (1933 жылғы 20 қазан). Осы құжатқа сәйкес бірқатар техникалық, ауыл шаруашылығы, медициналық және т.б. техникумдар мен училищелер ашылды. 1932 жылы республикалық дене тәрбиесі техникумы ашылды. 1930 жылдың ортасында Қазақстанда 12 индустриялық, 9 көлік және байланыс, 29 педагогтік және мәдени-ағарту, 9 медициналық техникум, 9 қаржы-экономика техникумы құрылды.

1928 жылы ашылған Қазақ педагогикалық институты республиканың тұңғыш жоғары оқу орны болып есептеледі. 30-жылдардың соңына қарай қазақстанда орта арнаулы білім беру жүйесі толық күшіне енді. Сөйтіп, Қазақстанда, барлық елдегі сияқты, арнаулы орта білім берудің бірыңғай жүйесі қалыптасты. Арнаулы орта білім беру мекемелерінің ең көп таралғаны техникумдар болды. Қазақстанның жоғары оқу орындары. Қазақ өлкелік комитеті мен республика үкіметі Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін ашу мәселесін қойды. Қазақ АКСР ХКК-нің 1928 жылы 10 маусымдағы қаулысында: РКФСР ХКК-нің қаулысына сәйкес 1928 жылғы 1 қазанда ҚазМУ-дің педагогикалық факультеті, үш бөліммен: физика-математика, жаратылыстану және лингвистикалық-әдебиет бөлімдерінің бірінші курсымен ашылсын деп кәрсетілді. ҚазМУ-дің педагогикалық факультетінің жетекшісі болып Мәскеу шығыстану институтының ректоры Санжар Асфендияров тағайындалды.

Алайда республикадағы жалғыз педагогикалық институт педагогикалық кадрларға деген сұранысты қамтамасыз ете алмады. Бірнеше педагогикалық ЖОО-ларын ашу қажет болды. Қазақ өлкелік комитеті 1932 жылғы 9 шілдеде 1 қазаннан бастап Халық ағарту институтының базасында Орал педагогикалық I институтын, физика-математика, химия-биология, қазақ тілі және әдебиеті, тарих-экономика факультеттерін іске қосу туралы қаулы қабылдады. (Қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті. 2012 жылы оқу ордасының құрылғанына 80 жыл толғалы отыр. Университет құрамында: экономика және басқару факультеті, мәдениет және өнер факультеті, педагогикалық, филологиялық, жаратылыстану-математикалық факультеттері және тарих және құқық факультеті, колледж, қоғамдық ұйымдар жұмыс жасайды.)

1937 жылғы 11 қарашада КСРО ХКК ЖОО профессорлар-оқытушылар құрамы үшін штаттық лауазымдар мен лауазымдық еңбекақы кестесін енгізу жөнінде қаулы қабылдады. Ол профессорлар мен оқытушылар, факультет декандары мен ЖОО директорлары жағдайын айқындап, барлық республикаларда, соның ішінде Қазақстанда да жоғары білім беруді өркендету мақсатына қызмет етті. Республикада жаңа ЖОО-лар ашылып, бұрынғылары кеңейтілді. Осылайша 1938 жылы Қарағанды және Қостанай мұғалімдер институты ашылды.

1938 жылдан бастап күндізгі оқумен қатар, сырттай оқу түрі де пайда болды. Сырттай оқу, ең алдымен, педагогикалық ЖОО-ға енгізілді. ЖОО-лар алдында аспирантура арқылы ғылым кадрларын даярлау міндеті тұрды. Республикадағы бірінші аспирантура 1932 жылы-педагогикалық, ал 1938 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде құрылды.

XX ғасырдың 30-жылдарының соңына қарай республика ЖОО-ның оқу-материалдық базасы әлі де әлсіз болды, профессор оқытушы кадрлар жетіспеді, көптеген институттардың студенттер саны аз болды. 1940 жылы Гурьев мұғалімдер институтында 58, Қостанайда 158, Қызылорда педагогика институтында 156 адам ғана оқыды. Республикада көптеген ЖОО-н құру мемлекет қаржысын желге ұшырып, оқу құрал-жабдықтарын, маман оқытушы кадрларын тиімді пайдалана алмауға әкеліп соқтырды, студенттерді оқытуға жұмсалатын қаржыны арттырды. 1941 жылы ЖОО-ды нығайту мақсатында Алматы мұғалімдер институты педагогикалық институтпен қосылды. Барлық педагогикалық және мұғалімдік институттарда студенттер саны аз топтар біріктірілді.

20 ғасырдың 30- жылдарының басында орта мектептің барлық пәндері бойынша оқу бағдарламалары жүйеленіп, қазақ мектептеріне арналған оқулықтар шығару ісі қолға алынды. 1932 ұйымдастырылған ғылыми-педагогикалық зерттеу институты құрылды. Мұғалімдер 40 жылдары КАЗПИ-де және

республиканың 13 педагогикалық институты мен 23 педагогикалық училищесінде даярланды. Мұғалімдердің жалпы саны 44 мыңға жетіп, оның 20 мыңнан астамы қазақ ұлтының өкілдері болды. 2-ші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанда білім беру ісі тоқтамай, оқу тәрбие жұмысы оқушыларға әскери патриоттық тәрбие беру мен еңбекке баулу бағытында жүргізілді. Соғыстан кейін білім беру жедел қарқынмен дамып, 50-жылдары Көкшетау, Павлодар, Астана қалаларында педагогикалық институттар ашылды. 1954-1955 оқу жылында мұғалімдердің 15% -ның ғана жоғары білімі болса, 58%-ы жоғары білімді мұғалім болып орта мектептерде жұмыс істеді. Алайда 20 ғасырдың 50-жылдары Қазақстанға мыңдаған славян қоныстанушыларының келуіне байланысты 700-ден астам қазақ мектептері жабылып, олар аралас орыс-қазақ мектептеріне айналдырылды. Арнаулы орта және жоғары оқу орындарында білім беру орыс тілінде жүргізілді. Мұндай саяси идеологиялық қысымның салдары ана тілі мен ұлт мәдениетінен бейхабар жастардың көбеюіне ықпал етті.

Ұлы Отан соғысы педагог кадрларды даярлайтын оқу орындарының жұмысын біршама баяулатты. Дегенмен бұл жұмыс тоқталған жоқ. Соғыс жылдарында Қазақстанда балалар үйлерінің саны артты. Қарастырылған жылдары Қазақстанға 149 балалар үйі, 16 интернат көшірілді. Онда 21 мың бала тәрбиеленді. Қазақстанда балалар үйі санының көбеюіне байланысты педагогикалық кадрларға деген сұраныс арта түсті. Қазақстанға балалар үйімен қатар оқу орындары да көшірілді. Мысалы, Алматы, Қарағанды, Семей, Қызылорда, Лениногорск, Қостанай қалаларына 22 жоғары оқу орны көшірілді. Қызылордада Киев және Харьков университеттері, Қостанайда А.И.Герцен атындағы Ленинград педагогикалық институт орналасты. Сондай-ақ Қазақстанға ғылыми-зерттеу институты (АН СССР) көшірілді.

Соғыс жылдарында педагог кадрларды даярлау педагогикалық училищелер мен педагогикалық курстарда күндізгі және сыртқы бөлімдерде жүзеге асырылды. Алайда қысқа мерзімге ашылған курстарда мұғалімдерге терең білім берілмеді. Қысқа мерзімге ашылған курстардың оқу жоспарларының мазмұнына өте көп пәндер енді. Онда курсанттардың білім деңгейі ескерілмеді. Қарастырылып отырған жылдары Қазақстанда 23 педагогикалық училищелер қызмет атқарды. Педагогикалық училищелерге арналған уставты 1944 жылы 23 желтоқсанда Қазақ ССР Халық ағарту комиссариаты қабылдады және бұл негізгі нормативті құжат болып табылды. Уставта педагогикалық училищелер мемлекеттік орта педагогикалық оқу орны болып табылады және Қазақ ССР Халық ағарту комиссариаты қарамағына қарайды деп көрсетілген. Педагогикалық училищелердің оқу мерзімі үш жыл. Онда 14-25 жас аралығындағы жеті жылдық білімі бар азаматтар қабылданатындығы көрсетілген.

Отгонды жерлерде мектептердің ашылуы, 1949-1950 жылдары Қазақстанда жалпыға міндетті жеті жылдық білім беруге көшу, жетім балаларға арналған мектеп-интернаттардың ашылуы педагог кадрларды даярлауды талап етті. Бұл мектептер педагогикалық училищелер мен кластарды, жоғары оқу орнын бітірген мамандармен толықтырылды.

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік институтында, Семей педагогикалық институтында, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында және педагогикалық училищелерде педагогикалық кадрлар даярланды. Аталған жылдары педагог кадрларды даярлау сапасына ерекше мән берілді. 1948 жылы 5 тамызда Қазақ ССР министрлер кеңесінің қаулысымен педагогикалық училищелерде педагог кадрларды даярлау сапасын жетілдіру мақсатында төрт жылдық оқу мерзімі және семестрлік жүйе енгізілді. Семестрлік жүйеге сәйкес оқушылар 8 семестр оқыды. Емтихан әр семестр соңында жүргізілді.

Қазақстанда 20 ғасырдың 70-80 жылдары жаппай орта білім беру мен жалпыға бірдей 8 жылдық білім беру ісі жүзеге асырылды. Жаппай орта білімге көшу мектеп оқушыларының білім сапасына кері әсерін тигізді. Білім берудегі стандартты жүйе, оқу бағдарламаларының өмірден алшақ болуы мектеп бітірушілердің көпшілігінің теориялық білімді күнделікті өмірде қолдана алмайтын жағдайға әкелді. Бұл оқу ағарту жүйесін қайта құруды, мектеп реформасын жасауды, оқуды өмірмен байланыстыруды, оқушылардың өз бетімен іздену дербестігін қажет етті.

Қорыта келгенде, қазақ елінде жүргізген отарлау саясаты білім беру үрдісіне орасан зор нұқсан келтірді. Патша үкіметі қарапайым халық арасында білімді таратпау және сауатсыз болып қалуын қамтамасыз етті. Сондықтан да, халықтың көп бөлігі қараң қала берді. Медреселердің көп бөлігі тек қарапайым білімдер жүйесін таратты және олар жүйесіз болды.

Білімнің дамуы мен алға жылжуы тек мемлекеттің экономикалық жағдайына тікелей байланысты. Сол кездегі саясаттың тиімділігі мектептер мен университеттердің салынуы мен дамуына кедергі келтіре отырып, халықты сауаттылығы жағынан тежеді. Қазақ халқының қайсарлығы мен табандылығының арқасында халық құрдымға кетпей, рухани жағынан өз-өздерін дамытты. Міне осылай, халықтың еңсесі

көтеріліп жағдайы біршама өзгерді.

Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білі беруді ұйымдастыру 12 жылдық оқытуға көшумен тікелей байланысты. Ондағы өзекті мәселе әлемдік білім кеңестігіне шығудағы Қазақстанның жаңа ұлттық білім моделін қалыптастырудың тиімді жолын анықтауында. Қазақстан әлемдік қауымдастық қатарында басқа елдермен терезесі тең дәрежеге қол жеткізуі үшін, жас ұрпақтың нұрлы болашағы үшін осындай батыл қадамдарға бару қажет. Қоғам игілігі, елдің өркендеп дамуы үшін жасалып жатқан осы маңызды бастамаға білім беру және ғылым саласы қызметкерлерінің, жалпы барша халықтың қолдау көрсетіп, барынша ат салысатынына сенеміз. Сол сенім бізді алға жетелейді.

1. Альмухамбетов Б.А. *История становления и тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане: Дис. д-ра. пед.наук.* –Алматы, 2002.

2. Сейталиев К.Б. *Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991 жж.): Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.* – Атырау, 1998.

3. Жұматаева Е. *Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері: Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.* –Алматы, 2003.

4. Хмель Н.Д. *Теоретические основы профессиональной подготовки учителя.* –Алматы, 1998.

Резюме

В статье приводится история развития образовательных учреждений Казахстана

Summary

The article leads to the historical development of educational institutions in Kazakhstan.

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТСО

Бекбаева М.Т. – старший преподаватель кафедры ПДиНО

Болегенова А. – студентка 2 курса спец. ПМНО

Активизация познавательной деятельности – важная проблема для каждого учителя, особенно начальной школы. Развитие активности, самостоятельности, инициативности, творческого подхода к делу – это требование самой жизни. Поиски путей развития активизации познавательной деятельности у младших школьников, развитие их познавательных способностей и самостоятельности – задача, которую призваны решать многие педагоги, психологи, методисты и учителя.[1]

Стоит отметить, что Казахстан не должен отставать от других стран и мировых тенденций экономического и общественного развития. Соответственно, в исследовании необходимо обратить внимание на обеспечение развития личности в инновационных условиях обучения и воспитания. Поиск путей и средств повышения эффективности формирования познавательного интереса у младших школьников показывает, что одним из приоритетных в этом направлении, наряду с традиционными, признается использование средств информационно-коммуникационных технологий. Особое значение придается проблеме внедрения компьютеров в учебно-воспитательный процесс современной школы в связи с возможностью оптимизации процесса организации различных форм и методов самостоятельной деятельности учащихся.

А что является движущим фактором у младших школьников? Это познавательный интерес. Познавательный интерес - важнейшая область общего феномена интереса. Его предметом является самое значительное свойство человека: познавать окружающий мир не только с целью биологической и социальной ориентировки в действительности, но и в стремлении проникать в его многообразие, отражать в сознании сущностные стороны, причинно-следственные связи, закономерности, противоречивость. [2] Проблема развития познавательной активности рассматривалась в трудах педагогов и психологов. Я.А.Коменский [3], К.Д.Ушинский [4], Ж.Ж.Руссо определяли познавательную активность как естественное стремление учащихся к познанию. В.А.Сластениным познавательный интерес рассматривается как внутренняя движущая сила учения, проявляющаяся в целенаправленном состоянии школьника, обусловленном знаниями, умениями, опытом творческой деятельности, характеризующаяся потребностью в знаниях, готовностью к активному познанию как деятельностью, приносящая удовлетворение. В современных условиях модернизации образования для удовлетворения познавательного

интереса младших школьников все активнее используются информационно-коммуникационные технологии в процессе обучения. Перед нами, учителями современного времени, стоит задача обучать детей таким образом, чтобы они могли быстро и пластично реагировать на изменяющиеся условия, были способны обнаруживать новые проблемы и задачи, находить пути их решения. Достичь хорошего результата в выполнении этой задачи можно в условиях реализации инновационного подхода в обучении, обеспечивающего переход на продуктивно-творческий уровень. Этого можно достичь при помощи разнообразных технологий, ТСО. **Технические средства обучения (ТСО)** – совокупность технологий, обеспечивающих фиксацию информации, ее обработку и информационные обмены (передачу, распространение, раскрытие). Информационные технологии – это совокупность методов и программно-технических средств, призванная снизить трудоемкость процесса использования информации. Информационные технологии можно классифицировать по их функциональному назначению. А.В.Дворецкая выделяет следующие виды информационных технологий: презентации, обучающие игры и развивающие программы, дидактические материалы, программы – тренажеры, системы виртуального эксперимента, электронные учебники, электронные энциклопедии.[5] **Презентации** – это наиболее распространенный вид представления демонстрационных материалов. Презентации – это электронные диафильмы, но, в отличие от обычных диафильмов, они могут включать в себя анимацию, аудио- и видеофрагменты, элементы интерактивности, то есть может быть предусмотрена реакция на действия пользователя. Презентации особенно интересны тем, что их может создать любой учитель, который имеет доступ к компьютеру, с минимальными затратами времени. Они активно используются для представления ученических проектов. **Обучающие игры и развивающие программы** ориентированы на дошкольников и младших школьников. К этому типу относятся интерактивные программы с игровым сценарием. Выполняя различные задания в процессе игры, учащиеся развивают тонкие двигательные навыки, пространственное воображение, логическое мышление и, возможно, получают дополнительные навыки при работе на клавиатуре. **Дидактические материалы** – сборники задач, диктантов, упражнений, а также примеры рефератов и сочинений, представленных в электронном виде, в виде простого набора файловых текстов. **Программы – тренажеры** выполняют функцию дидактических материалов. Современные программы – тренажеры могут отслеживать ход решения и сообщать об ошибках. **Системы виртуального эксперимента** – программные комплексы, позволяющие учащемуся проводить такие эксперименты, которые были бы невозможными по соображениям безопасности, финансовом соображениям. В начальных классах используется такое средство обучения, как наглядность. Наглядность является ведущим средством в обучении. Средства наглядности обеспечивают полное формирование какого-либо образа, понятия и тем самым способствует более прочному усвоению знаний, пониманию связи научных знаний с жизнью. Наглядность содействует выработке у учащихся эмоционально-оценочного отношения к сообщаемым знаниям, повышает интерес к знаниям, делает более легким процесс их усвоения, поддерживает внимание ребенка. Существуют следующие виды наглядностей.[6.]

- **картинная и картинно-динамическая наглядность** – это картины, рисунки, фотографии, диапозитивы, кино. Функция – познакомить с фактами, предметами, явлениями через их отображение.

- **Звуковая наглядность** (грамзаписи, магнитофонные записи, радио); функция – воспроизведение звуковых образов.

- **смешанная наглядность** – учебный, звуковой кинофильм; функция – воссоздание наиболее полного живого отображения действия.

- **Учебные кинофильмы и кинофрагменты** – они служат для систематизации и обобщения знаний. Демонстрация фильма является органической частью урока и сочетается с другими методами обучения, самостоятельной работы учащихся.

- **Учебные диафильмы** – это статичное изображения на пленке, объединенное единой сюжетной линией и в связи с этим имеющее определенную последовательность подачи материала темы. Диафильмы могут быть использованы на всех этапах процесса обучения.

- **Учебные диапозитивы** – это фотографическое позитивное изображение на пленке, помещающаяся в специальную картонную или пластмассовую рамку. Они служат материалом для проверки знаний учащихся и для проведения устных и письменных сочинений.

В настоящее время наша страна начала пользоваться техническими средствами обучения. Г.М.Коджаспирова понимает технические средства как устройства и приборы, служащие для усовершенствования педагогического процесса, повышение эффективности и качества обучения путем демонстрации аудиовизуальных средств.[7.] Перечислим основные классификации технических средств обучения,

выделенные Коджаспировой: [8].

- по функциональному назначению;
- по принципу устройства и работы;
- по роду обучения;
- по логике работы;
- по характеру воздействия на органы чувств;
- по характеру предъявления информации.

По функциональному назначению технические средства обучения подразделяют на технические средства передачи учебной информации (диапроекторы, магнитофоны, телевизоры, проигрыватели и т. д.), контроля знаний (специальные программы, видеоманитофоны), тренажерные (клавиатура на тренажере), обучения и самообучения (телевизор и учебная программа), вспомогательные (электронная доска, электромагнитофоны) и комбинированные (лингфонные устройства, замкнутые телевизионные системы, компьютерные системы). По принципу устройства и работы технические средства обучения бывают механические (макет часов), электромеханические (швейная машинка), оптические (телескопы), звукотехнические (проигрыватель), электронные (мультимедийный телевизор) и комбинированные (магнитофон). По роду обучения выделяют технические устройства индивидуального (презентация), группового (телевизор), поточного. По логике работы технические средства обучения могут быть с линейной программой, то есть не зависит от обратной связи (обучающие презентации, телевизор, телепередачи); и с разветвленной программой, обеспечивающий различные режимы работы (электронные учебники).

По характеру воздействия на органы чувств выделяют визуальные (картины), аудиосредства (проектор) и аудиовизуальные (телевизор) технические средства обучения. По характеру предъявления информации технические средства обучения можно разделить на экранные (картины), звуковые (запись, проектор), экранно-звуковые (видеозапись).

Современные компьютерные системы обучения ставят перед ребенком реальную, понятную, вполне достижимую цель: выполнишь правильно задание – откроешь картинку, вставишь правильно все буквы – продвинешься ближе к цели сказочного героя. Таким образом, в процессе игры у ребенка возникает положительная мотивация усвоения знаний. Использование знаний, умений и навыков воспитанников в игровой компьютерной среде приводит к их актуализации, а желание играть – к мотивации их приобретения. Играя с компьютером, воспитанник, помимо своего желания, осваивает наиболее типичные формы взаимодействия с машиной, у него формируются навыки пользователя [9].

Возможности ТСО:

- 1) Применение ТСО на уроках усиливает положительную мотивацию обучения, активизирует познавательную деятельность учащихся.
- 2) Использование ТСО позволяет проводить уроки на высоком эстетическом и эмоциональном уровне; обеспечивает наглядность, привлечение большого количества дидактического материала.
- 3) Повышается объем выполняемой работы на уроке в 1,5-2 раза; обеспечивается высокая степень дифференциации обучения (почти индивидуализация).
- 4) Расширяется возможность самостоятельной деятельности; формируются навыки подлинно исследовательской деятельности.
- 5) обеспечивается доступ к различным справочным системам, электронным библиотекам, другим информационным ресурсам.

Внедрение ТСО осуществляется по следующим принципам:

1. создание презентаций к уроку;
2. работа с ресурсами Интернета;
3. использование готовых обучающих программ;
4. разработка и использование собственных авторских программ.[1]

В заключение, можно сказать, что проблема развития интересов младших школьников актуальна. А для того чтобы добиться эффективных результатов нам надо использовать ТСО. С введением ТСО в школы, проведение внеурочных занятий, внеклассных мероприятий, праздников станет достаточно красочным, ярким, веселым, если на нём не используются мультимедийные возможности, тематические презентации. [1] **Выводы:** труд, затраченный на управление познавательной деятельностью с помощью средств ТСО оправдывает себя во всех отношениях – он повышает качество знаний, продвигает ребенка в общем развитии, он становится ищущим, жаждущим знаний, неутомимым, творческим, настойчивым и трудолюбивым, помогает преодолевать трудности, вносит радость в жизнь ребенка, создает благоприятные условия для лучшего взаимопонимания учителя и учащихся, их сотрудничества в учебном процессе.

1. Колпаковой А.В. Активизация познавательной деятельности младших школьников посредством применения информационно-компьютерных технологий обучения. –Дзержинский, 2012.
2. Завьялова О.А. Воспитание ценностных основ информационной культуры младших школьников // Начальная школа. – 2005. - №11
3. Коменский Я.А. Великая дидактика: изб. пед. произведения. В 2-х т. – М.: Педагогика, 1982. – Т.1.
4. Ушинский К.Д. Собрание сочинений в 11 томах. Т. 10. – М.: АМП, 1950.
5. Дворецкая А.В. Основные типы компьютерных средств обучения./ А.В. Дворецкая. // народное образование. - 2006. - №2. - С.157 - 159.
6. Волкова С.И., Столярова Н.Н. Развитие познавательных способностей детей на уроках математики // Начальная школа. - 1990 - №7, 1991 - №7. 1992 -№7,8, 1993- №7
7. Голов В.П. Методика обучения естествознанию и экологическое воспитание в начальной школе: учебное пособие для студентов средних учебных заведений./ В.П.Голов, Р.А.Петросов, В.И.Сивоглазов. - М.: «Академия», 1997. – 176 с.
8. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь пособие для студентов высш.и сред. Пед. учеб. заведений./ Г.М.Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. - М.: «Академия», 2000. – 176 с.
9. Камалов Р.Р. Компьютерные игры как элемент школьного курса информатики. // Информатика и образование. - 2004. -№ 5.

Түйін

Бұл мақалада бастауыш мектеп жасындағы оқушыларының танымдық қызығушылығы оқытудың техникалық құралдары арқылы қалыптасу жайлы қарастырылады.

Summary

In this article is considered shaping the cognitive interest younger schoolboy in process of the use the technical facilities of the education.

ФИЗИЧЕСКАЯ РАБОТОСПОСОБНОСТЬ ФУТБОЛИСТОВ В УСЛОВИЯХ ВЫСОКОГОРЬЯ

Погорелов С.А., Якупов А.С. –

кафедра теории и методики физической культуры и спорта, КазНПУ им. Абая

До настоящего времени на территории нашего региона не поднимался вопрос о функциональных возможностях организма футболистов, тем более проживающих в высокогорных районах. Известно, что в спорте присутствуют большие физические нагрузки, которые не всегда благоприятно отражаются на функциональном состоянии спортсменов. Влияние физических упражнений на организм можно представить как воздействие особого раздражителя, вызывающего со стороны организма известные реакции, которые зависят от силы раздражителя и от его специфики (вида физических упражнений).

Вместе с тем не менее актуальной проблемой спорта является влияние климатических факторов на функциональное состояние и физическую работоспособность спортсменов. Особенно усиливается влияние условий высокогорья, т.к. в этих условиях в организме человека обнаруживается комплекс функциональных изменений, свойственных выраженной кислородной недостаточности.

Целью работы явилось изучение показателей физической работоспособности футболистов в условиях высокогорья.

Задачи исследования:

1. Выявить тип мышечной работоспособности спортсменов.
2. Оценить показатели сердечно-сосудистой системы организма спортсменов - футболистов в условиях относительного покоя и на дозированной физической нагрузку.
3. Определить уровень физической работоспособности организма спортсменов-футболистов.

В качестве объекта исследования была выбрана группа спортсменов - футболистов (в количестве 9 человек), проживающих в городе Алматы. Средний возраст составил 27,1 лет. Для достижения поставленной цели использовали общепринятые методы исследования. Показатели мышечной силы измеряли кистевым динамометром. Для определения мышечной выносливости использовали жидкостный динамометр Розенблата (1964). Для оценки функционального состояния сердечно-сосудистой системы проводили подсчет частоты сердечных сокращений, измеряли артериальное давление (по Короткову). На основании полученных данных вычисляли пульсовое давление (ПД), систолический объем (СО), минутный объем кровотока (МОК) по формулам Старр, коэффициент

выносливости по формуле Кваса. Определение физической работоспособности осуществляли с помощью степ-теста.

Проведенный анализ силовых параметров позволил установить, что среди исследуемых спортсменов 7 человек относятся к типу адаптивной реакции "стайер" и 2 человека к тяготеющих к стайерам.

Такое распределение подтверждается данными литературы, о том, что основное "ядро" популяции постоянно живущих в экстремальных условиях, не зависимо от их расовой и этнической принадлежности, составляют "стайеры" или близкие к ним по функциональным характеристикам люди.

Анализ показателей сердечно-сосудистой системы организма футболистов в условиях относительного покоя не выявил каких-либо отклонений от среднестатистических норм (рис.1, 2).




Рис.1. Частота сердечных сокращений в условиях относительного покоя и при дозированной нагрузке исследуемых спортсменов (уд/мин).




Рис.2. Параметры артериального давления исследуемых спортсменов (мм рт.ст.).

Реакция сердечно-сосудистой системы на дозированную физическую нагрузку определенной продолжительности и интенсивности проявляется в немедленной перестройке показателей гемодинамики. В наших исследованиях на дозированную нагрузку спортсмены реагируют повышением ЧСС, уровнем артериального давления (рис.1,2).

При этом пульсовое давление, систолический объем изменяются незначительно. Тогда как наблюдается тенденция к увеличению МОК (табл.1).

Таблица 1

Показатели гемодинамики в условиях относительного покоя и при дозированной нагрузке (М+м)

Показатель	Покой	Нагрузка 1	Нагрузка 2	Восстановительный период
ПД, мм рт.ст.	38,3 ± 2,03	43,3 ± 1,8	45 ± 2,2	41,6 ± 1,2
СО, мл	54,6 ± 1,9	54,7 ± 2,06	55,6 ± 2,4	55,6 ± 1,1
МОК, л/мин	4,0 ± 1,4	5,5 ± 1,7	5,6 ± 1,8	4,7 ± 0,8

Такой характер изменений показателей гемодинамики указывает на гипотонический (астенический) тип реакции сердечно-сосудистой системы на нагрузку. Это значит, что усиление кровообращения при нагрузке достигается больше за счет учащения сердечных сокращений, а не увеличения ударного объема, что нерационально для сердца. При этом период восстановления затягивается. Как видно из рисунков и таблицы, параметры гемодинамики не вернулись к фоновым (первоначальным) величинам. Кроме того, на ослабление деятельности сердечно-сосудистой системы указывает и коэффициент выносливости, который равен 19,9 ед. (в норме составляет 16). С помощью теста PWC170 - определяется та мощность работы (кгм/мин), которую может выполнить индивидуально каждый человек при пульсе 170 уд/мин, а это в свою очередь является показателем физической работоспособности. В результате исследования относительный показатель PWC170 для футболистов высокогорья составил 6,92 кгм/мин, что не соответствует данным, приведенным в литературе (для тренированных мужчин от 20 до 30 лет - 23-25 кгм/кг, нетренированные - 15 -17 кгм/кг). Это указывает на то, что в условиях высокогорья наблюдается напряжение деятельности сердечно-сосудистой системы, что отражается на низком уровне физической работоспособности. Таким образом, можно сделать выводы:

1. Для спортсменов - футболистов, проживающих в условиях высокогорья характерен стайерский тип адаптивной реакции и тяготеющих к ним.
2. Показатели сердечно-сосудистой системы в условиях относительного покоя не выходят за пределы среднестатистических норм.
3. Параметры гемодинамики при дозированной физической нагрузке отражают нерациональное использование резервов сердца и ослабление сердечной деятельности.

1. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта. -8 изд. -М.: «Академия», 2010

2. Кузнецов А.А. Настольная книга детского тренера 1-4 этапы. – М.: «Олимпия», 2010

3. Адамбеков К.И. Теория и методика футбола. -Алматы: Елнур, 2007

4. Железняк Ю.Д., Портнов Ю.М. Спортивные игры/ Учебник для высших учебных заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2005

5. Адамбеков Е.К., Тастанов А.Ж., Абильдабеков С.А. Теоретические основы физической культуры и спорта. - Алматы: «Полиграфия сервис К», 2010

6. Теория и методика физической культуры: Учебник / Под ред. проф. Ю.Ф. Кураמיшина. -2-е изд., и спр. – М.: Советский спорт, 2004 – 464 с.

7. Физиология спорта. –Киев: Олимпийская литература, 2001.

Түйін

Осы мақалада футболшылардың тауды аймақтағы күш-қабілеттері қаралды.

Summary

In article is considered question to physical preparedness soccer player in condition of mountain terrain.

ТҮЛҒАНЫҢ ӨМІР СҮРУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҚСАТЫ

Абсатова А.А. – Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы,
Сеитова А.Л. – Абай атындағы ҚазҰПУ 2-курс магистранты

Қазақстанның қазіргі жағдайында адам қоғамдық дамудың басты күші болып табылады. Мемлекет тұрғындарды базалық қамсыздандыруға шектеу қойғанда, өз өміріне қатысты барлық жауапкершілік толықтай адамның өз қолында болады. Мұндай жағдайда көбінде халыққа, әсіресе жастарға жетіспейтіні:

- ◆ бұл әлеуметтік құрылыммен өмір сүруге және еңбек етуге психологиялық дайындық;
- ◆ өмірде өз орнын табуда, әдеттегідей емес және қиын жағдайлардан шыға алатындай тұлғалық сапасы мен қабілетіне лайықты инструменталдық білім;
- ◆ әлеуметтік тұрақсыздық кезеңіндегі деформация мен деградациялардан адамды қорғаушы моральдық орнықтылық;

Қазіргі таңда жастардың көпшілігі қоғамдағы өмірдің жаңа жағдайларында өмірлік және кәсіби жағынан өз тағдырын өзі шешуге қабілетсіз.

Біздің қоғамның қайта жасалу идеологиясы болған өзгерістердің негізгі жетістіктері ретінде адамның дербес бостандығына декларация жасайды. Сонымен қатар, егер адам өзіне қажетті сапаларды игере алмаса, ешқандай қоғам жеке бас азаттығына кепілдік бере алмайды. Мұндай сапаларға негізінен басқа адамдармен қарым-қатынас құра білу, үнемі өз бетімен жаңа білімді іздеуге қабілеттілік, дұрыс шешім қабылдай білу, өз таңдауына жауапкершілікпен қарауға дайындық.

Дамушы қоғамға «2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың тұжырымдамасында» атап өткендей, заман талабына сай білім беру, адамгершілігі мол, кәсіпшіл адамдар, болуы мүмкін қателіктерді болжай отырып, әр түрлі жағдайларда өз бетімен жауапкершілікті шешім шығара алатын, бірлесіп жұмыс жасауға қабілеттілік, мобилділіктермен, конструктивтілікпен ерекшеленетін, ел тағдырына жауапкершілікпен қарау сезімдері дамыған адам тәрбиелеп шығару қажет [1].

Қоғамның саяси құрылымдарының өзгерістеріне негізделген еліміздегі әлеуметтік, өндірістік, аграрлық саладағы нарықтық өзгерістер қатынастардың меншіктеріне қарай жаңа типтегі тұлғаны тәрбиелеу, нарықтық шаруашылық принциптерін жүзеге асыруға, демократиялық қоғамда жұмыс жасауға қабілетті тұлғаны талап етеді. Мұндай тұлғаны тәрбиелеудің қажеттілігі адамға керекті жаңа мәселелерді ғылымға қосады. Олай болса, мақаланың өзектілігі адамдарға көмектесу, соның ішінде әсіресе жастарға, **өмір сүруге қабілеттілік** (тіршілікке қабілеттілік) сапасын дамыту.

Өмір сүруге қабілеттілік И.М. Ильинский бойынша, – бұл адамның ептілігі, әлеуметтік және мәдени ортадағы қиын жағдайларда нашарламай, табысты өсуі, биологиялық және әлеуметтік жоспарда өмірге төзімді ұрпақ тәрбиелеуі, дара болу, өмір мәнінің шарттарын құру, өз ісінің дұрыстығын дәлелдеп беру, өз болашағын және шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру, сонымен бірге мекендеу ортасын жоғалтпай өмір сүру үшін қолайлы ету [2].

Бұл феноменді нақтылай келе, М.П.Гурьянова өмір сүруге қабілеттілік құндылық бағдардың жиынтығы, тұлғалық ерекшеліктер, жан-жақты қабілетті, базалық білімді, өзгеріп жатқан әлеуметтік өзгерістерде табысты қызмет атқару және үйлесімді дамуға мүмкіндік беретін тұлғаның интеграциялық сапасы ретінде анықтайды. Адамның өмір сүруге қабілеттілігі өзі өмір сүріп жатқан жағдайларға қатысты жаңалықтарды меңгеруде моральді-психологиялық және әлеуметтік-кәсіби дайындық [3].

Әлеуметтік-мәдени жоспарда өмір сүруге қабілеттілік пайда болады: қаншалықты әрбір тұлға және ұрпақ сол кезеңдегі оның тарихи дамуы толығымен қоғамның керекті сұрау салуларын жүзеге асырса, соншалықты олар елдің болашағы үшін өздеріне жауапкершілік алады.

Жеке мәнемінде өмір сүруге қабілеттілік тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің жоғарғы деңгейінде көрінеді. Ең алдымен қойылған мақсаттармен және табиғи және әлеуметтік ортаны қайта құрумен сәйкес келуі, тұлғаның өзін қалыптастыруға бағытталған.

Адам өзінің өмірлік тәжірибесінің әртүрлілігін жан-жақты дайындығы негізінде шынайылықты қабылдау және нақтылы түрімен әрекет ету арқылы қалыптастырады. Балалық және жастық шақтағы қалыптасқан негіз әлеуметтенудің өнімі болып табылатын өмірлік ұстаным, өмір тұжырымдамаларының жалпылануымен қалыптасады.

Өмірлік ұстанымдарды есейген шақта қайта құру қиын болады. Мұнда ересек адамға оптималды әлеуметтік ықпал жасау тұлғаның жалпы қалыптасуына сүйене отырып, адамның өмірлік ұстанымының мағынасын түсініп, қоғамдық пайдалы өмірлік іс-әрекетке бейімделеді.

Педагогикалық мақсатқа бағытталған ұстанымдар өмір сүруге қабілетті тұлға – заманауи қоғамдық өмірге қажетті білім мен қабілеттіліктерді меңгерген адамгершілік-ерікті, рухани дамыған, денесі белсенді, әлеуметтік өсімтал, психологиялық тұрақты адам.

Мұндай тұлға өмірлік мәселелерді табысты шешу үшін тұлғалық, өмірлік және әлеуметтік-кәсіби өз тағдырын өзі шешуді, өмірдің әр түрлі жағдайларында (рухани, отбасылық, қоғамдық, өндірістік) шынайы алғышарттарды құратын нақтылы әлеуметтік-мәдени мінездемелерді (әлеуметтік-мәдени құндылық, қажеттіліктер, қызығушылықтары мен түрткілері) игереді.

Оған азаматтық жауапкершілік тән, ол өзінің азаматтық құқықтарын қорғауға қабілетті және отбасылық, кәсіби және азаматтық міндеттерін өз еркімен орындайды. Өмір сүруге қабілетті тұлға бәсекеге қабілетті әлеуетті игереді және өмірдің ең жоғарғы жетістіктеріне қол жеткізуге ұмтылуға дайын болады.

Көптеген философтар мынадай ой білдіреді, өмір сүруге қабілеттілік – бұл өнер, оны жастардың оқуы және игеруі өте қажет. Өмір – бұл шығармашылық, сондықтан да шығармашыл адамды, өз өмірін өзі жоспарлап, қалыптастыру маңызды, сондай-ақ өмірлік шығармашылыққа адамды үйрету керек. Ал, М.Монтень болса: «Біз өмірімізді өмір сүріп өткеннен кейін үйренеміз», – деп айтқандай болмас үшін, бала өз тағдарын өз уақытында шеше білу керек [4].

Адам өз сценарий бойынша өз өмірін құру қажеттілігіде, оны өз өмірінің жетістіктеріне жауапкершілікпен қарау және басқару, пайда болатын келеңсіздіктерді жеңіп шығу тұрады. Бала өмірге шарт қоятын мәселелерді өзбетінше шеше алуы керек. Бастамалар мен еркіндіксіз өмірге ол қорғансыз болады. Әрбір адамның өмір сүруге қабілетті болуы көп нәрселерге байланысты: қоғамдық және мемлекеттік қолдаулардан бастап, айналасындағы ең жақындарының (отбасылық-туысқандық, көршілік, кәсібилік, достық), сондай-ақ әлеуметтік, мемлекеттік жағынан (білім беру орындары, дене мәдениеті және спорт, мәдениет, денсаулық, әлеуметтік көмек, құқық қорғау органдары, жаппай ақпараттандыру орталығы).

Ақпараттандырылған заманауи қоғамда жұмысшылар, оқушылар немесе тұтынушылардың экономикалық дамуы жан-жақты дамыған тұлғаның әлеуметтік қорғалуына кепілдік беріп, нарық еңбегі мен жаңа технологиялардың талаптарына жауап беретін әр түрлі жұмыс жасауға қабілетті.

Қарқынды жаңарып жатқан қоғамда адамның білімі мен тәрбиесі жеке тұлға ретінде және еліміздің жалпы дамуында оның басты қоры, капиталы және тауары болып табылады.

Қазіргі қоғам үшін, қоғамға сай тұлғаның мынадай мінездемелер мен қасиеттер тән:

- 1) дәстүрлі мәртебелерден тәуелсіздік, догматизмге қарсы ойлау;
- 2) қоғамдық мәселелерге көңіл бөліп қарау;
- 3) жаңа тәжірибелерді табуға қабілеттілік;
- 4) ғылымға сену және парасаттылық;
- 5) болашаққа талпыну;
- 6) шамадан тыс рахаттардан арылуға ептілік;
- 7) білімділік, мәдениеттілік және кәсібилік талаптанулардың жоғарғы деңгейі.

Қазіргі замандағы тұлғаның әмбебаптық қабілетіне мыналарды жатқызамыз: жасайтын қызметке, жеке ойлауға, жемісті және үнемі еңбекке талпыныс; қарым-қатынасқа бейім; өз іс-әрекетіне жауапкершілікті алып жүру қабілеті; белсенді, салауатты өмір салтын ұстану; азаматтық міндетін орындауға және өз құқығын қорғауға, басқа адамдармен іскерлік қарым-қатынасты орнатуға, топта, ұжымда, бірлестікте жұмыс жасай білуге, дайындық; өмірлік мәселелердің дұрыс шешімін тауып, сәтсіздіктерде жабырқамай, агрессияға тап болмай жеңе білу; еңбекте бастама көтеріп, шығармашылық әрекет жасау; туған өлкесіне деген махаббат; үнемі білімін ары қарай жалғастыруға жол іздеу; бүкіл өмір бойына білім алумен шұғылдану т.б.

Қазіргі қоғамда білім сапасы білім көлемімен емес оның фактілік білімімен байланысты. Түйінді құзыреттіліктерді игеруде білімнің бағасы емес оны өмірде қолдана алу маңызды рөл атқарады. Құзыреттіліктер – алған білімді және тәжірибені жұмылдыруға қабілеттілік. Ол қабілеттілік пен әсер етуді тудырады. Құзыреттілік тұғыры халықаралық педагогикалық бірлестікте білім беру жүйесін жаңарту негізінде қабылданған. Түйінді құзыреттіліктер Еуропа кеңесінде анықталды. Олар: саяси және әлеуметтік құзыреттілік, саяси-мәдени қоғамда өмір сүруге қабілеттілік, қарым-қатынас мәдениетін меңгеру, ақпараттық технологияларды игеру, өз бетімен білім алуға қабілеттілік. Сондықтан да **құзыреттілік тұлғаның әлеуметтенуінің негізін құрайды.**

Құзыреттілік тұғыры жалпы орта білім беруді жаңарту бағдарламасының негізі болуы тиіс. Білімді жаңарту тұжырымдамасында түйінді құзыреттіліктердің мынадай құрылымдары көрсетілген:

♦ дербес танымдық қызмет сферасындағы құзыреттілік. Үй тапсырмаларын орындауда және мектептен тыс уақыттарды әр түрлі ақпарат көздерінен білім алу әдістердің меңгеруінде көрінеді.

♦ қызметтің азаматтық-құқықтық саладағы құзыреттілігі (азаматтық, отбасылық, сайлаушылық, тұтынушылық рөлдердің орындалуы);

♦ қызметтің әлеуметтік-еңбек саладағы құзыреттілігі (соның ішінде ахуалды еңбек базарының жағдайын талдау, өзінің кәсіптік шеберлігін бағалау, өзіндік ұйымдастыру дағдыларының болуы);

♦ тұрмыстық саладағы құзыреттілің, соның ішінде өзінің денсаулығы мен отбасылық болмыстың болуы;

♦ мәдениет саласындағы құзыреттілік, соның ішінде бос уақытты пайдалану жолдары мен тәсілдерін қолдану, тұлғаны мәдени және рухани қанағаттандыру.

Тұлғаның өмір сүруге қабілеттілігінің бастаушы тетігі тәрбие болып табылады. Тұлғаның өмір сүруге қабілеттілігінің тәрбие мақсаты М.П.Гурьянова теориясы бойынша – адамға психологиялық және рухани байлықпен көмектесу жүйесі болып табылады [3].

Осы мақсат негізінде, тұлғаның өмір сүруге қабілеттілігін қалыптастыру жүйесін ашып көрсету үшін, ғалымдар қоғам алдында тәрбие жұмыстарын негізге қояды.

1. Өмірге мәнді құрылғылардың қалыптасуы. Көптеген адамдардың өмірінің мәні болып олардың меншікті жеке мағыналы адамдық құндылықтары болып табылады. Адам өмірінің мәнін табуда педагогикалық көмек – тұлғаның өмір сүруге қабілеттілігін тәрбиелеу маңызды.

2. Дәлелді қызметке негізделу. Адам мақсатқа жетудің басты және жалғыз жолы ретінде өз алдына қойған мақсатының қызықты және мағыналы болуына байланысты.

3. Әр түрлі әлеуметтік рөлдердің орындалуына даярлау. Адам өмірінде әр түрлі әлеуметтік рөлдерде көрінеді - азаматтық, отбасылық, өндірушілік, қоғамдық, сонымен бірге алуан түрлі тіршілік функцияларды орындайды - жолаушылық, сатып алушылық және т.б.

4. Қазақстан қоғамдық өміріне дайындық. Тұлға әлеуметтік ортада өмір сүру үшін, өзге адамдармен қатынас орнату қажет, өз отанының ерекшеліктерін білу, дінін, тарихын, қазақ халқының мәдениетін және салт-дәстүрін меңгеру қажет. Жастар ауыл өмірінің құндылықтарын бағалай білу үшін, ертеде қазақ ауылдарының баға жетпес құндылықтарын көрсете білу керек.

5. Қазақ қоғамының құндылықтарды қосу. Бірнеше миллион халқы бар қазақ халқының жағдайында өмір сүруге қабілетті тұлға тәрбиелеп шығару, оның рухани дәстүрі мен мәдени өмірін, ұлттық сипаттың ерекшеліктеріне үйрету. Осылардың ішінде ең маңыздысы – адам өмірі, еңбек, денсаулық, достық, махаббат, еркіндік, отбасы, жері, өз халқының салты болып табылады.

Демократиялық қоғамға өту кезеңінде ең алдымен демократиялық жоспарды ұсыну қажет (адам құқығы, сөз еркіндігі, шыдамдылық, әлеуметтік жауапкершілік, адамға деген құрмет), балалар мен үлкендерді оқыту.

6. Өмірге деген шыншыл қатынастың құрылуы. Өмірге қабілетті тұлғаны – ендеше, жас баланың шыншыл қатынасын құруға болады. Өмірдің білімін адаммен тіл табысу, кітаптың оқылымы, әлеуметтік қызметтің дербес тәжірибесі арқылы беріледі. Жастық шақта баланың әлеуметтік тәжірибие неғұрлым жан-жақты болса, соғұрлым ересек өмірде бала өзін сенімді сезеді. Бүгінгі таңда балаларды әлемге шынайы қарауға оқыту қажет.

Әлемде формуланың контекстінде былай кету қажет: мынау- жаксы, мынау жаман деп.

Өмірде болып жатқанның ішінен балаларға позитивті іздеуді үйрету қажет. Балаларды тәрбиелеу барысында өмірге оптимистік тұрғыда қарау керектігін аса қажет екенін үйрету керек. Егер ересек адамдар өмірде қандайда қиын жағдай болмасын төтеп бере алса деген тұрғыда құрастыру мүмкін. Ересектер өмірдің қандайда қиын жағдайы болмасын төтеп бере алса, онда олардың балалары барлық қиындыққа төзе біледі деген негіз бар.

Өмір сүру қабілеттердің құрастырушы тетіктері болып:

Мектеп жүйесінде кәсіби өзіндік анықталуы және өмір сүруге қабілетті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету орталығын ашу, оқушылардың оқу-тәрбие үрдісі мен әлеуметтік-психологиялық құзыреттіліктің дамуына үлкен үлес қосады. Бұл жүйе (тренинг, арнайы курстар) оқушыларға жоғары дәрежелі психологтың көмегі, психологиялық түзету жұмыстары, тұлғаның дамуына, психологиялық көмек көрсетуді негіз қояды, сонымен қатар, балаға әлеуметтік педагогтың көмегі кіреді.

Оқушыларға білім беру жүйесі мен тәрбие кеңістігінің толықтай қалыптасып дамуы үшін, барлық ауыл институттарында ашық әлеуметтік ортада бірігетін бірінғай білім беретін-тәрбиелік кеңістікті ашу.

Өмір сүруге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп шығу үшін жеке жетілу қажет. Жеке жетілу В.А.Ананьев бойынша, - бұл өзін-өзі бақылаудың дамуы, әртүрлі жағдайларға адекватты қарауы. Тұлғаның жеке жетілуы болып оның рухани байлығын айтады.

Өмір сүруге деген ұғымның мағынасы біз үшін табыстылық ұғымымен тығыз байланысты: оқушының табыстылығы, мұғалім табыстылығы өз отанының болашағы ретінде [5].

1. «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы». - Астана, 2010
2. Ильинский И.М. Молодежь и молодежная политика – М.: Голос, 2001
3. Гурьянова М.П. Сельская школа и социальная педагогика. – М.: Амалфея, 2000
4. Монтель М. Развивающее обучение в современном вузе // Знание. Понимание. Умение. – 2006. – № 1. – С. 74-81.
5. Ананьев В.А. Практикум по психологии здоровья – М.: «Речь», 2007

Резюме

В данной статье рассматривается жизнеспособность личности в современном обществе.

Summary

The article discusses the viability of the individual in modern society.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ БІЛІМДІ АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Абсатова М.А. – *п.ғ.д., профессор м.а.*,

Дүкенбаева М.Е. – *магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, электронды оқулықтарды оқу үрдісіне енгізу және тиімді пайдалану» – деп [1], атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір педагогтың алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды оқыту үдерісіне ендіру.

Қазіргі заманғы технологиялар ақпараттарды жылдам және сапалы беру мен қайта өңдеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде, елдің алдағы тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады. Білім беруде ізгілендіру, ізгіліктендіру, демократияландыру ұстанымдарының қамтамасыз етілуі оқыту мазмұнының ақпараттандырумен тығыз байланысты, себебі әрбір болашақ маман өз мүмкіндігіне, даярлығына, білім деңгейіне сәйкес ақпарат, мәліметтер алып, оқу-танымдық кеңістігін молайтып, қанағаттандыра алады. Сондықтан ақпарат көзі саналатын электронды оқулық - студенттің оқу әрекетін тиімді басқаратын, өзіндік танымына еркіндік беретін, тұлғаның әрекетшілдік әдіснамасын жүзеге асыратын жаңа бағытты пәрменді оқу құралы.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта білім, білік, құндылықтарды, тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру, өзін-өзі дамытуға дайындау мен бірге қажетті білімдер мен құзыреттіліктер меңгеру талабы сұранысқа ие. Бүгін бұл білімді тапсыру мен тарату емес, ол қажеттілікті, білікті және өз бетімен оқу қабілеттерінің басқаларды оқуға үйретуді қалыптастыру, қазіргі ақпараттық технологиялардың көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, оны сұрыптау, берілген жағдаятқа сәйкес қолдану, соның ішінде жаңа жағдайда да бағдарлана білу, тез қайта оқу.

Көпшілікке белгілі болғандай, электронды сауаттылық бүгінгі қоғамда оның әрбір мүшесінің меңгеруге тиісті сауаттылығы болып қалыптасуда. Ол әр пәннің мәртебесін көтерумен қатар, ақпараттық ағымның жылдан жылға басым бағытқа ие болуына байланысты пән мазмұнын келесі жүйелік құрылымда: электронды сауаттылық - электронды мәдениеттілік құруды талап етуде.

Бұл зерттеуде біз ең алдымен электронды оқулық мәселесінің зерттелу жайына тоқталуды жөн көрдік. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, электронды оқулық ұғымының мазмұны сан алуан екенін байқадық.

Шетел ғалымдарынан оқыту үдерісінде электронды оқулықтарды қолдану мәселесін В.П.Беспалько, В.В.Давыдова, Ю.С.Брановский, А.А.Кузнецов, А.Ю.Уваров, Е.И.Машбиц, В.Е.Монахов, В.А.Садовничий, Т.А.Сергеева, Е.С.Полат, В.В.Гузев т.б. қарастырды.

Отандық тәжірибеде С.Ж. Пірәлиев, Е.Ы.Бидайбеков, К.Аганина, Ж.А.Қараев, С.М.Кеңесбаев, С.Ә.Әбдіманапов, Б.Б.Баймуханов, Д.М.Жүсібаиева, С.Кариев, С.Ю.Карпова, С.С.Кунабаева және т.б. барлық оқу пәндерін зерттеуде электрондық оқулықты қолданған дұрыс деп көрсеткен. Сонымен қатар,

электронды оқулық оқытудың жаңа интерактивті құралы болып табылады және барлық дидактикаға лайықты оқытудың әдістерін, түрлерін және мазмұнын сапалы өзгертуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ электронды оқулықты оқу үдерісінде пайдаланудың педагогикалық-психологиялық тұрғыдан әртүрлі қырлары Э.Г.Азимов, С.В.Фадеев, Н.Алгазина, Ю.К.Бабанский, Б.С.Гершунский, Ф.Талызина, т.б. еңбектерінде қарастырылған. Ғалымдардың пайымдауынша, компьютерлік оқыту әдісі дәстүрлі әдістерден технологиялық, нәтижелік тұрғысынан ерекшеленіп, студенттің оқу әрекетінің субъектісі ретінде белсенді әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Ғалым Н.В.Кононецтің пікірінше электронды оқулық - бұл әмбебап, интерактивті, гипермәтінді әдістемелік және дидактикалық оқулық, десе, педагогикалық-психологиялық сөздікте, электронды оқулық - бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға және баланың виртуальды қабілетін жоғарылатуға негізделген жүйе деп анықталған.

Ал, **электронды оқулықтардың авторы С.Ф.Мәжитов болса**, электронды оқулық: ол қағаз парақтарында құрастырылған кәдімгі оқулық емес, электронды байланыс арқылы компьютер айнасында пайда болатын ақпараттар легі деп пайымдайды. Электронды оқулықтың басты мақсаты – жалпылама аудитория, тұтас сынып немесе мектептің жалпы білім деңгейінің көрсеткішін емес, жекелей оқушының өздігінше ізденгіштігін қалыптастыруды көздейді. Тұлғаның нақты бір ғылым саласымен тиянақты айналысуына қызығушылығын оятуға мүдделі.

Сонымен қатар ғалым электронды білім еркіндікке бейімделген және оқушылардың өз бетімен ізденуіне, алған білімін толықтыруына бастамашы деп қорытындылайды. Үздіксіз даму, өзгеріс үстіндегі бүгінгі тіршілікпен бірге біте қайнауына ыңғайлы алғышарттар жасайды. Электронды оқулықтар оқытудың автоматтандырылған үрдісі ретінде мақсаттан нәтижеге дейінгі тәуелсіздікті болжайды, оқу үрдісінің икемділігін, оңтайлылығын ұсынады, қолданушылар мен оқулықтың авторлары арасында интерактивті байланысты туғызады. [2]

Сондықтан электронды оқулықпен оқытудың негізгі міндеті – ақпаратты түрлендіру, тасымалдау және пайдалану процестерін меңгеру, оқу барысында кейіннен қызмет ету саласында да өзін - өзі көрсету, дамыту құралы ретінде компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану тәсілдерін үйрету болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру нәтижесінде студенттер ақпараттық технологияларды пайдалану тәсілдерін игеріп, қазіргі әлемнің ақпараттық бейнесін жасауға қол жеткізетін деңгейге көтеріле алады.

Зерттеуші Т.Дәуітованың ойынша: оқушылардың білімі тереңдеп, өрістері кеңейген сайын олар одан кейінгі оқуын жалғастыру мен еңбек етуге жақсы даярланып шығатын болады. Бірақ ақпараттық технологиялардың жедел дамуына орай осы пән көлемінің тұрақты түрде ұлғайып отыруына және оқыту сағаттарының жетіспеуіне байланысты бұрынғы білім беру аясында шешуге болмайтын мәселелер туындап отырады. Осы мәселе оқытылатын мәлімет көлемі мен оған бөлінетін сағаттар арасындағы сәйкессіздікке баса назар аударуға негіз болып отыр. Бұл қайшылықты шешуге мүмкіндік беретін бір тәсіл оқытуға керекті сағат санын арттырмай – ақ, күннен күнге ұлғайып отырған ақпарат көлемін игеруге мүмкіндік беретін жаңа білім беру технологияларын енгізу болып табылады. [3]

Абуева А. өз зерттеулерінде оқулық мектептің негізгі білім беру міндеттерін жүзеге асыратын, оқушыларды ғылым негіздерімен, мұғалім ұйымдастыратын оқу үрдісінің моделі – білім, дағды жүйелерімен қаруландыратын негізгі оқыту құралы екенін айта келе, алайда бүгінгі күнге оқытудың электрондық оқулықтардың көмегімен ұйымдастыру оқушылардың білімдерін жетілдіруге, сабаққа қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беріп отыр деп ашып көрсетеді. [4]

Жалпы айтқанда ,электронды оқулықтардың, дәстүрлі қағаз кітаптардан айырмашылығы «жанды» болып келеді. Педагогика ғылымдарының негізін салушы Ян Амос Коменский тұжырымдағандай: «Барлық мүмкін деген нәрселерді қабылдауды сезіммен жүзеге асыру керек, атап айтқанда: қабылдау үшін көруді, көзбен; естуді есту қабілетімен; иістерді иіс түйсігімен; дәмге тиістіні дәммен; түйсікке қатыстыны түйсіну жолымен. Егер қандайда болмасын затты бірнеше сезіммен қабылдау керек болса, бірнеше сезімді салу қажет» дидактиканың алтын ережелеріне сәйкес келеді.

Электронды оқулық бұл мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электронды оқулық оқушының уақытын үнемдейді. Оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Себебі, оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуға болады.

Біздің ойымызша, электронды оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту.

Башарова К. еңбегінде «Білім берудің кез келген саласында электронды оқулықтарды пайдалану

оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды» деп анықтайды [5].

Сайып келгенде байқағанымыздай жоғарыда білімнің жаңа парадигмалары туралы сөз қозғалып отыр. Электронды оқулықтарды қолдану барысында студенттердің сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығын байқауға болады. Сондай - ақ, мұғалімдерге де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарын молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электронды оқулықтарды сабақта пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде де қарастыруға болады.

Электронды оқулық студентке өз бетінше жұмыс жасап, оқу материалын меңгеруге, өзін-өзі тексеруіне және бағалауына, білім сапасын жоғарлатуға мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқытуда оқытушы тарапынан әр студентті бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Бұл студент үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, студентке қажетіне қарай кеңес беруге, сол жағдайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды.

Қорыта айтқанда, электрондық оқулық гипермәтіннің негізінде және оқу материалы мазмұндалған, үйренушіге интерактивті кадр ретінде ұсынылады. Гипермәтіндік құрылым үйренушіге тек қана материалдың траекториясын ғана бермейді, сонымен қатар жұмыс барысының дұрыс темпін, материалды үйрену, оны дұрыс психофизиологиялық қабылдау қасиетімен беріледі. Электронды оқулықтың негізгі функцияларына: үйретушіні тіркеу; мәліметтерді қорғау; навигация; оқыту траекториясын анықтау; оқу ақпаратын ұсыну; оқыту, диалог жүргізу және көмек көрсету; білімді бақылау; тест өткізу; оқу қызметінің нәтижесін өңдеу, сақтау және тіркеу (статистикалық есеп) жатады.

Электронды оқулықты оқыту үрдісіне енгізуді оқытудың басқа түрлерімен кіріктіру арқылы тиімді жүзеге асыруға болады. Оқыту үрдісіне электронды оқулықты енгізудің жолдары, сабақта ол қорларды (мультимедиялық оқыту бағдарламалары, виртуалды мұражайлар, т.б.) пайдаланудың кезеңдерін, жолдарын, әдіс-тәсілдерін анықтау – оқытушының ақпараттық -коммуникациялық құзырлығын, оқыту үрдісін технологияландыру мәселелеріне қатысты кәсіби шығармашылық біліктілігін қажет етеді.

Сонымен біздің ойымызша, электронды оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізі болып табылады және оларды қазіргі уақытта ғалымдар мен тәжірибелі мұғалімдер жасауда. Біз электронды оқулықты ғылым негіздерімен қамтылған ғылыми педагогикалық өнім ретінде қарастырамыз. Электронды оқулықты жасаудың тұжырымдамасы модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Оқулықтар пән саласындағы жетекші мамандар, педагог-дидактик-әдіскерлер және программист-дизайнер-операторлардың бірігуімен мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жасалынады, олар қарым-қатынас арқылы оқытатын білім бағдарламаларының мазмұнын анықтайды. Алайда берілген бағдарлама оқыту әдісінің (білім саласы бойынша) ұстанымы жағынан негізгі психологиялық-педагогикалық және әдістемелік талаптарға жауап беретіндей болу керек.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. –Астана, 2007

2. Мәжитов С.Ф. Электронды оқулықтар оқытудың автоматтандырылған үрдісі ретінде // Білім көзі, № 7. - 2008. -3 б.

3. Дәуітова Т. Оқытудың жаңа технологиясы //Информатика негіздері. -№6. -2006. – 2 б.

4. Абуева А. Электрондық оқулықтарды пайдалану //Информатика негіздері. -№4. -2006. – 6 б.

5. Баширова К. «Технология дистанционного обучения информатике», «Организация обучения информатике»
www.Google.ru

Резюме

В статье рассматривается проблема использования информационно-коммуникационных технологий. Авторы как основное средство рассматривают создание электронных учебников. Раскрываются особенности, возможности электронного учебника.

Summary

In article the problem of use is considered is information – communication technologies. Authors as the main means consider creation of electronic textbooks. Features, possibilities of the electronic textbook reveal.

СТОХАСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТЫП-ҮЙРЕТУДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мынжасарова М.Ж. – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-дің аға оқытушы

Мектеп бағдарламасына ықтималдықтар теориясын енгізуге деген ықылас XIX ғасырда пайда болды. Жаратылыстану және техника саласындағы жетістіктер XX ғасырдың басында ықтималдықтар теориясының элементтерін орта мектепте оқытудың қажеттілігі туралы мәселені қайтадан көтерді.

1965-1966 оқу жылында математика бағдарламасының жобасына комбинаторика элементтері мен ықтималдықтар теориясының қарапайым ұғымдары енгізілді. Сабақтың дәстүрлі түрімен абстрактілі-формальді деңгейде мектепте ықтималдықтар теориясы негізін оқыту тәжірибесі негізінен кемшілікті нәтиже берді және бұл материалдың мектеп бағдарламасынан алынып тасталуына әкелді. Себебі, материал өте күрделі және оқушылардың меңгеруі төмен болды. Комбинаторика формулаларын оқыған және ықтималдықтың классикалық моделімен таныс жоғары сынып оқушыларының біліміне жүргізілген зерттеулер бұл білімдер ықтималдық интуициясы дамытуға өте аз мүмкіндік беретінін көрсетті.

1980 жылдардың аяғында 1990 жылдардың басында математикалық білім беруде «Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың бірігуі» ретінде [1], ал кейін кездейсоқ құбылыстарды зерттейтін және комбинаторика, ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика, кездейсоқ үдерістер теориясы тарауларын қамтитын математикалық ғылымдар тарауының жалпыланған атауы ретінде «стохастика» термині (грек тілінен *στοχαστιζ* - болжай білу, ықтимал, кездейсоқ) тарала бастады [2].

Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін мектепте оқытудың дүниетанымдық маңызы зор. Шет елдерде ықтималдық-статистикалық материалдарды мектеп математика курсына енгізу идеясы 1960 жылдардан бері зерттеліп және оларды оқытудың айтарлықтай тәжірибесі жинақталған. Әлемдік тәжірибеде статистика және ықтималдық негіздерін мазмұндауға мектепте математиканы оқытуда айтарлықтай көңіл бөлінеді. Сонымен бірге ықтималдық және сипаттамалы статистика туралы көрнекі түсініктермен танысу оқудың алғашқы жылдарынан басталады, одан кейін оқушылар барлық мектеп жылдары бойында стохастикалық материалды оқып-үйренуді жалғастырады.

Қойылған міндетке сәйкес мектепте ықтималдық және статистика негіздерін оқытуда тәжірибесі мол, ал қазіргі уақытта білім беру мазмұнын жаңарту бойынша белсенді жұмыс жасап жатқан елдердің тәжірибесін талдау маңызды болып саналады. Бұл Ұлыбритания, Бельгия, АҚШ, Жапония, Франция, Германия, Ресей және т.б.

Англия мен Шотландияның ұлттық жоспарларының өзгешеліктеріне қарамай, жалпы Ұлыбританияның екі бөлігінде де ықтималдық-статистикалық материалды оқып-үйренуге едәуір уақыт дәстүрлі белгіленген. Төменгі сыныптарда заттарды топтау, мәліметтерді жинау, кестені оқу және толтыру, диаграммаларды оқу және тұрғызу, ықтималдық сөздікті қалыптастыруға, кездейсоқ оқиғаның пайда болу мүмкіндіктерін салыстыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Орта мектепке арналған қорытынды тапсырмаларды талдау мәліметтерді берудің әр түрлі формаларымен жұмыс жасау білігін тексеру, күрделі емес ықтималдықтарды есептеу және бағалауды жүргізуде компьютерге тұрақты сүйенетіндерін дәлелдейді. Қорытынды аттестацияның (жеңілдетілген нұсқасы) 10 тапсырмасының ішінде кейбір сұрақтарға жауап беру үшін қажетті уақыт гистограммасы ұсынылады. Оны негізге алып өте қарапайымнан (сыныпта барлығы қанша оқушы бар) салыстырмалы түрде күрделі сұрақтар топтамасына жауап беруі керек. Жоғары сыныпта оқушылар қарапайым статистикалық болжамдарды тексере, статистика аймағы бойынша күрделі емес зерттеулерді өткізе, негізгі статистикалық сипаттамаларды таба білуі қажет. Мысалы, жоғары сыныпты бітірушінің жұмысында калькуляторды қолданып жиілік кестесі бойынша орташа квадраттық ауытқуды есептеуге тапсырма берілген.

Қазіргі уақытта, реформа дәуірінде британ мектептерінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға және күзіреттілікті тудыруға негізделген математикалық білім беру стандарты ұсынылған. Осыған байланысты курстың практикалық бағыттылығы күшейтілді, сондықтан ықтималдық-статистикалық материал бұрынғыдан да үлкен маңыздылыққа ие болады[3].

АҚШ мектептерінде ықтималдық-статистикалық материалды оқыту тәсілдері едәуір қызығушылықты туғызады. Іс мынада, бұл материал оқушыларды жалпымектептік дайындауда түйінді орындардың бірін дәстүрлі иеленеді. Сонымен қатар, өзінің дамуын университетте математикамен байланысты емес, мамандықтардың ұзын тізімінде жалғасын табады. АҚШ тәжірибесінің пайдалы болуының тағы бір себебі - бұл елде мектепте білім беруде әрқашан курстың практикалық бағыттылығы бұрыштың төбесіне қойылуынан тұратын әдістемелік жүйенің ерекшелігімен байланысты. Егер де, басқа математикалық

тақырыптарда бұл көбіне білімнің жоғарылауына әкелсе, онда стохастиканы баяндауда бұл тәсіл тиімді болды және өзінің күшті жағымен көрінді. Американдық оқушылар мектеп математика курсының басқа желілері бойынша әдетте жоғары нәтиже көрсетпейді, бірақ дәл статистика және ықтималдық аймақ бойынша американдық оқушылардың білім деңгейі мен ерекше біліктілігі жеткілікті жоғары.

Әдістемелік тәсілдің басқа ерекшелігі статистика мен ықтималдық материал мектептің басқа пәндері мен тақырыптарынан оқшауланбай оқып-үйретілуі. Олар басқа аймақтарға маңызды «көпір» бола алады, мысалы: әлеуметтік зерттеулер мен жаратылыстану ғылымдары. Математикаға келсек, бұл бөлімдер әдетте сан, өлшеу, бағалау және мәселелерді шешу ұғымдарын пайдалануды ұсынады [4].

Жапонияда сипаттамалы статистика курсы мектептің екінші сыныбынан басталады, көп назар пропедевтикаға, мәліметтерді жинау бойынша жұмысқа, кестелер мен диаграммалармен жұмыс жасауға аударылады. Орта мектепте салыстырмалы және жинақталған жиілік, мода, медиана және мәліметтер қатарының арифметикалық ортасын табу қарастырылады. Ықтималдық туралы алғашқы ұғым ұтыстарды бағалау сияқты көрнекі деңгейде беріледі, қарапайым комбинаторикамен біруақытта қарастырылады.

Г.В.Степенконың жұмысында келтірілген мәліметтерге сүйенсек Жапонияда орта мектепте ықтималдық пен статистиканы оқыту ежелгі дәстүрге ие [5]. Сонымен қатар, тек жоғары мектепте оқыту жүргізілген алпысыншы жылдардан өзгешелігі 1972 жылдан бастап осы күнге дейін ол бастауыш пен орта мектепте жүзеге асырылады. Басқа елдерде сияқты, Жапонияда өткен кезеңде жоғарыда айтылған тенденция жүрді: абстрактілі-формальдыдан мазмұндыға өту, ұғымдарды жиі бағалық, сапалық деңгейде қарау, практикалық есептерді шешуге көп назар аудару. Сонымен қатар, Жапония мектептерінде базалық ретінде ықтималдық ұғымдарды қарастыруға комбинаторлық базадағы классикалық тәсіл сақталған, статистикалық тәсіл туралы тек кейбір түсініктер тақырыпты аяқтағаннан кейін беріледі.

Бастауыш мектепте жеті жастан бастап түсіндірмелі статистика базасында пропедевтикалық жұмыс жүргізіледі. Мұнда бес жыл бойында балалар кестелер мен диаграммалар көмегімен ақпараттарды жинау және өңдеу дағдыларына оқытылады. Негізгі курстың бірінші оқу жылы бойында мәліметтерді жүйелеу және таңдамамен жұмыс жасауға байланысты сұрақтар қарастырылады. Мұнда мәліметтерді жинау және жүйелеу тәсілдері: жиілік үлестірімінің кестесі; гистограммалар; кумулятивтік жиіліктер қарастырылады. Кейін олардың мағыналық ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі орта мәндерін (мода, медиана) табуды үйренеді. Келесі сыныпта ықтималдықты оқып-үйренуге өтеді. Мұнда қарапайым комбинаторика базасында ықтималдық ұғымдарға классикалық тәсіл қарастырылады. Тек қорытындысында ғана статистикалық ықтималдық ұғымы енгізіледі. Соңғы кезеңде мәліметтер корреляциясы қарастырылады. Сонымен қатар, қарапайым мысалдармен бас жиынтық және таңдама ұғымдары оқып-үйретіледі, таңдау әдісі қарастырылады.

Көптеген елдерде ықтималдыққа деген формалды және формалды емес тәсілдер арасындағы белсенді күрес жалғасуда екенін атап кеткен жөн. А.Плюцкидің жұмысында Польшада математиканы оқыту әдістемесінде ықтималдықтар теориясын қарастырудың кең тараған дидактикалық тәсілдерінде ол көбінесе комбинаторикамен біріктіріледі және математикалық статистикадан жасанды жекеленеді деп көрсетілген[6]. Бірақ та, көпшілігі қазір стохастиканы бірінші кезекте статистикалық ұғымдардың табиғи мағынасы мен материалдық әлеммен генетикалық байланысына, олардың нақты түсіндірмесі мен қолданылуын тұрғызу және пайдалануына сүйене отырып қарастыруды ұсынады.

Осылайша, Польша мектептерінде стохастиканы оқыту тәжірибесін қарастырғанда біз көптеген елдер үшін сипатты ықтималдық пен статистиканы «жеке» беруден біртіндеп ортақ стохастикалық желіге және сәйкесінше классикалық тәсілге базаланған ықтималдықтар теориясы негіздерін формальды беруден ықтималдық ұғымына, ықтималдық ұғымын «мәнді» мазмұндау мен статистикалық тәсілге өту тенденциясын бақылай аламыз.

Соңғы екі елдің Жапония мен Польша мысалдары бұл елдердегі оқыту дәстүрі өзгеру үдерісіне қаншалықты әсер ететінін және білімді жетілдіру аса тиімді еместігін көрсетеді. Дәстүрдің рөлі екіжақты деп айтуға болады, бір жағынан дәстүрлер әдістемелік жүйе орнықтылығын бұздырмайды, басқа жағынан олар қазіргі мектепте стохастиканы оқытудың мойындалған көзқарастары мен тәсілдерін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Осы мағынада біздің елімізде стохастиканы оқытумен қалыптасқан жағдайды бірегей деп санауға болады. Біз бүгінде әлемдік тәжірибемен жокқа шығарылған жолдармен қайта жүрмей, әлемдік тәжірибені қабылдас бұрын талдау жасап, бұл мүмкіндікті пайдалануымыз керек.

1992 жылы жасалған «Қазақстан республикасы мектептерінде математикалық білім беру тұжырымдамасы» жобасында (құрастырғандар Шәкілікова С.Е., Қ.А.Қасымов, Д.У.Үмбетжанов, Т.Қ.Оспанов,

Б.С.Жанбырбаев және т.б.) ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері алғаш рет қарастырылды. 1999 жылы жалпы білім беретін мектептердегі математика пәнінің бағдарламаларына (5-11 сыныптар) (жоба) ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері енгізілді.

2002 жылы бекітілген және қазіргі уақытта қолданыстағы ҚР орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында «Математика» оқу пәні бойынша (5-11 сыныптар) оқу пәнінің базалық білім мазмұнында ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері бойынша оқушыларға қойылатын талаптар ауқымы айқындалған. Комбинаторика, ықтималдық теориясы мен математикалық статистика элементтерінің бастамалары математикалық білім беру бағдарламасының мазмұнынан орын алды [7].

1. Маневич Д.В. *Совершенствование содержания общего среднего образования на основе теории вероятностей и статистики: автореф....канд. пед. наук.: 13.00.02.* –М., 1974. -27с.

2. Селютин В.Д. *Методика формирования готовности учителя к обучению школьников стохастике.* –Орел: ОГУ, 2001. -164с.

3. *Mathematics in the National Curriculum //England and Wales.* – London, 1998. -236p.

4. *Standards. Curriculum and evaluation for school mathematics.* –National council of teachers of mathematics. –USA, 1989.-258p.

5. Степенко Г.В. *О преподавании теории вероятностей и математической статистики в школах Японии.* – Киев: Изд-во Института математики АНУССР, 1974. -43с.

6. Плоцки А. *Стохастика в математике «для всех»* -Краков, 1988.-244с.

7. *Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы орта білім.* -Алматы: РОНД, 2002.-368 б.

Резюме

В статье анализируется зарубежный опыт изучения вероятностно-статистического материала в школьном курсе математики. Рассматривается возможное содержание вероятностно-статистической линии обучения математике в школах Казахстана.

Summary

In article foreign experience of studying of a probability and statistical material in a school course of mathematics is analyzed. The possible content of the probability and statistical line of training to mathematics at schools of Kazakhstan are described.

ЖЫЛДАМДЫҚ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ АРНАУЫ АРНАУЫ

Аязбаев Б.Ж. – ХДСШ аға оқытушы

Жылдамдық дегеніміз адамның белгілі бір уақыт аралығындағы жылдам қозғалған әрекеті. Жылдамдық үш түрде пайда болады:

- Қарапайым және күрделі қозғалыс әрекеті жылдамдығы.
- Жалғыз қимыл жылдамдығы
- Қимыл жиілігі

Қарапайым қозғалыс жылдамдығы дегеніміз алдын ала белгілі қозғалыспен белгілі, бірақ кенеттен берілетін дыбысқа жауап. Қарапайым қозғалыс жылдамдығы қандай да бір қоздырғышқа кері жауап қайтару уақытымен бағаланады. Қоздырғыштар – жаттықтырушының төрешінің дауысы, сөрелік тапаншаның атылуы, шапалақтың соғылу дыбысы, жарықтың жарқ етуі, төрешінің жалау ұстаған қолын сермеуі және т.б. Мысалы, 100 м жүгірудегі, сөрелік атылуы немесе төрешінің дауыстаған бұйрығы бойынша жүгіре жөнелу. Қарапайым көру – қозғалыс жылдамдығының ұзақтығы спортшыларда орташа 0,10-0,20 с, спортпен жаттықпайтындарда 0,15-0,25 с көбірек уақытта болады. Берілген дыбысқа жауап, спортшыларда 0,05-0,16 секундқа дейін, жай адамдарда 0,20-0,35 с көбірек уақыт мөлшерінде болады. Қарапайым қозғалыс жылдамдығын тәрбиелеу әдістемесі екі кезеңге бөлінеді де, әр кезеңде өзіне тән дене тәрбиесі әдістері қолданылады.

Бірінші кезеңде көп тараған әдістер мыналар:

Қайталау әдісі. Кенеттен болған дауысқа көп рет, әрбір ретте тезірек сезіну мүмкіншілігін жақсарту. Мысалы: төменгі сөреден дыбыс бойынша тез жүгіріп шығу, әртүрлі дене қалпында тұрып, отырып, жатып, сол қалыптан жаттықтырушы берген дыбыс бойынша тез сезіне жүгіріп шығу және т.б.

Ойын әдісі. Әртүрлі қозғалмалы ойындар. Спорттық ойындар (баскетбол, стол үсті теннисі, волейбол, бадминтон т.б.) ойнау немесе ойын элементтерін қолдану.

Жарыс әдісі. Дене тәрбиесі мұғалімі мен жаттықтырушының басқаруымен жарыс, бәсеке түрінде берілетін әр түрлі эстафеталық сипаттағы жаттығулар.

Екінші кезеңде «сенсомоторлық» әдістеме қолданылады. Бұл әдістеме спортшының жылдам қозғалысы және сол жылдам қозғалған әрекетке жұмсаған аз уақыт аралығын айыра білу қабілеттілігіне негізделген. Іс жүзінде ол былай орындалады: спортшы жаттықтырушының жылдамдық уақыты туралы хабарын ала отырып сөрелік дыбысты өте тез сезуге тырысады. Сонан соң келесі жаттығу кезеңінде ол сезіну жылдамдығын өзі бағалайды, жаттықтырушы сонан соң ғана уақыт ұзақтығын хабарлайды. Спортшы мен бапкердің уақыт ұзақтығын бағалауы бірдей болған кезде жаттығушыға алдын ала келісілген жылдамдықты сезіну тапсырмасы беріледі. Ақырында спортшыда уақытты дәл қабылдау қабілеттілігі қалыптасады, ол сезіну жылдамдығының жақсаруын тездетеді.

Күрделі қозғалыс жылдамдығы дегеніміз – белгілі, белгісіз қоздырғыштарды сезіну, көру, жауап қайтару уақыты.

Күрделі қозғалыс жылдамдығы көбінесе спорт ойындарында жеке сайыс түрлерінде кездеседі. Бұл спорт түрлерінде қозғалып келе жатқан жанды, жансыз атты (доп қарсылас, семсер, жұдырық, т.с.с.) сезіну және бірнеше мүмкіндіктен, бір дұрыс әрекетті тауып, тез қолдану міндеті тұрады. Мысалы, қақпаға доп соғылғанда қақпашының алдында төрт міндет тұрады: допты көру, бағытын және ұшу жылдамдығын бағалау, әрекет жоспарын құру, оны орындауға кірісу. Күрделі қозғалыс жылдамдығы уақыты қарапайымға қарағанда ұзағырақ 0,25-0,80 с созылады.

Күрделі қозғалыс жылдамдығын дамыту үшін берілетін жаттығулар біртіндеп қарапайымнан күрделендіре орындалады (бокста қарсыласты соғу жылдамдығын арттыру, футболда ойын алаңының кішірейту, жеке сайыста қашықтықты азайту, жазу блоктары бар тренажерлық қондырғыларды пайдалану т.б.). Күрделі қозғалыс жылдамдығын жетілдіруге ойын және жарыс әдістері қолданылады.

Негізгі қолданылатын – қайталау әдісі. Кенеттен пайда болатын дыбысты сезу, басында бір (мысалы бокстағы оң қолмен соғатын соққы) сонан соң екі, үш, төрт және сол сияқты серия Күрделі қозғалыс жылдамдығын лы соққылар жасау.

Жалғыз қимыл жылдамдығы. Жалғыз қимыл жылдамдығы (семсерлесудегі түйреу, футболдағы доп тебу, баскетболдағы доп лақтырулар жэәне т.б.) спорт ойындарында, жеке сайыста жергілікті бұлшық ет жұмысы жаттығулары кезінде пайда болады да, қозғалыс жылдамдығымен қатар тәрбиеленеді. Жалғыз қимыл жылдамдығын тәрбиелеу үшін әр түрлі бұлшық ет топтарына арналған жылдамдықпен орындалатын жергілікті жаттығулар (еңкею, сермеу, секіру, түйреу т.с.с.) қолданылады. Бұл жаттығулар жалпы дамытатын жаттығулар кешеніне кіргізіліп, сабақтың кіріспе бөлімінде орындалады.

Қимыл жиілігі. Циклді сипаттағы жаттығуларда қимыл жиілігі жылдамдығы пайда болады (мысалы, 10 с орында тұрып жүгірудегі өте көп қадам саны). Қимыл жиілігін тәрбиелеу үшін өте жоғары шапшаңдықпен орындауға болатын жаттығулар пайдаланылады. Мысалы, он секунд бойы жүгіру. Бұл жағдайда қимыл жиілігін дамыту үшін, аз қашықтыққа қатты (жылдамдық қашықтықтың аяғына дейін бәсеңдемеуі керек) жүгіру қажет.

Жылдамдық жаттығулары аздаған мөлшерде сабақтың негізгі бөлімінде, орталық жүйке жүйесі қалыпты жағдайда тұрған кезде беріледі. Қимыл жиілігі жылдамдығын дамыту үшін қайталау, өзгермелі орындау, ойын жарыс әдістері қолданылады. Жарыс әдісіндегі жоғарғы сезім, қоздыру күші жылдамдық мүмкіншіліктерінің пайда болуына жақсы жағдай тудырады. Жоғары шекте жылдамдық жаттығуларын көп рет қайталау жаттығушыны шаршатып «шаршау кедергісін» тудырады, ол оқушылардың жылдамдық мүмкіншілігінің өсуіне бөгеу болады. Бұл кедергіні болдырмау үшін арнайы жылдамдық қалыптастыратын жаттығулар қолданылады. Мысал ретінде берсек олар: таудан еңіске жүгіру, бір нәрсеге тіркеле жүгіру, жеңіл снарядтарды лақтыру т.б.

Жас ерекшеліктеріне байланысты жылдамдықты дамыту

Жылдамдық мүмкіншіліктерін дамыту жағдайына қолайлы жас қыздарда 11-12 жас, жасөспірім ұл балаларда 12-13 жас.

Бастауыш мектеп жасындағы оқушыларда негізінен қарапайым қозғалыс жылдамдығы, жалғыз қимыл жылдамдығы жақсы дамиды. Сондықтанда оларға аз уақытта тез жылжып, орын ауыстыратын жергілікті қимылдары бар әр түрлі жаттығулар беріледі. Бұл қысқа және ұзын скакалкалармен жаттығулар (айналып тұрған скакалка ішіне жүгіре кіру, секіру, жүгіре шығу), эстафеталар, қозғалмалы ойындар, доп лақтыру, оны қағып алу жаттығулары т.б.

Орта мектеп жасында күш жылдамдығы жаттығуларын көп жасатудың маңызы зор. Олар: әр түрлі секірулер, көп ретте жоғары секірулер, өзгермелі үдеу жаттығулары, қысқа қашықтыққа қатты жүгіру (30-60м) жаттығулары т.с.с.

Жоғары сынып оқушыларына мұндай жаттығулар күрделендіре орындалады. Өз жылдамдығы, күш жылдамдығы және төзімділік жылдамдығын дамыту жаттығуларының саны көбейеді (100, 200 м жүгірулер және т.б.). Жылдамдықты дамытатын қозғалмалы және спорттық ойындар ойнатылады. Балаларға жылдамдық жаттығуларын бұлшық ет босаңсытатын жаттығулармен араластыра орындату керек. Мысалы, жорғалай жүгіру, аяқты қолды сілкі, қолды жоғары көтеріп, буын буындарды бөле босаңсытып төмен еңкею сияқты және т.б. жаттығулар. Дене тәрбиесі мұғалімі мен жаттықтырушы өзінің іс тәжірибе жұмыстарында жылдамдық мүмкіншілігі қысқа қашықтықтарға жүгіруде ғана емес, күш жылдамдығы қасиетінің даму деңгейіне де байланысты екенін ескеруге тиісті.

1. Адамбеков Қ.І. Таңдамалы спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі. –Алматы, 2011.

2. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. –Өскемен, 2006.

Резюме

В данной статье дано основное определение о важности скоростных движениях, о его методиках развития в понятии физического воспитания и спорт.

Summary

In this article the basic definition of the importance of high-speed movement, its methods of development in terms of physical education and sport.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ КӨЛЕМІНДЕГІ НАРЫҚТЫҚ ЕҢБЕКТІҢ СИПАТЫ

Байғалиев Ә.М. –

Бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушысы

Дене тәрбиесіне орай, оқу орындардың бітірушілер әдетте жаттықтырушы мамандық қызметіне сай дайындалатын. Өткен жылдардағы халықаралық сахнадағы спорт саласы болып саналатын спорт ойындарында мемлекеттік көлемде көмек көрсету бүкіл кеңес кезеңіндегі дене тәрбиесінің үнемі спорт түрлерін мадақтап қолдау, дәріптеп көтеру мақсатында болғаны анық. Оған негізінен жастардың басым көпшілігі тартылған болатын. Сөйтіп тек қажетті бағытта ғана әлеуметтік жағдайдың қалыптасуына жеткізіп, шындығында спорт резервтерін қолдан жасайтын. Міне дәл осындай көрініс өмір жүзінде спорт ұстаздарының жұмысын шексіз биік нәтижеге көтерген болатын. Ал, бүгінгі күні еліміздің әлеуметтік-экономикалық хал-ақуал жағдайы мүлдем басқаша. Қоғамымыздың бүгінгі даму кезеңі әлеуметтік процестің әсерлі жетілуін анықтап кәсіби денешынықтыру білімі жүйесіндегі жылдар бойы шешімін таппаған біраз мәселелердің бетін айқындап ашты. Олар: қажетті жұмыс орнының саны, халыққа қызмет көрсетуде өз ортасында тұрақты әлеуметтік сұраныстың дене тәрбиесі құралдарына немқұрайлылығы, жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз етудің, орналастырудың мемлекеттік жүйесінде кедергілердің болғаны және еліміздің дене тәрбиесі жоғары оқу орындарындағы кемшіліктер себепкер болды. Дене тәрбиесінің мән-мағынасы әлеуметтік феномен, керемет көрініс ретінде қоғамымыздың дамып өрлеуімен қоса өсіп жетіле беретіні де анық. Дене қозғалысына деген сұраныстың тапшылығы «... адам организмнің өмір сүруіне сонымен қоса оның генетикалық мүмкіндігінің дамып жетілуіне керекті барлық компоненттердің сыңарларының дамуына кедергі болды дене тәрбиесіне үлкен маңыз бөлінуде. Аурудың алдын алумен бірге денсаулықты жақсартуға сонымен қоса, көңіл-күйді жақсартуға көтеруге байланысты оның алатын орны мен тәсілі ерекше демекпіз. Жастардың денешынықтыруға деген белсенділігі, әсіресе өсіп жетіп келе жатқан жас ұрпақтар арасында жағымсыз құбылыстардың қысқарып азаюна жеткізді. Айталық, бұзақылық, гиподинамика, нашарқорлық және т.б. Дене тәрбиесі көлемінде қызмет атқарып жүрген мамандар үшін бұл тасқа басылыған таңбадай шынайы шындық. Былай қарағанда, оны арнайы ескертіп айтуымызда орынсыз сияқты. Әсерісе, осындай маңызды формдарда. Дегенмен, елімізде спорт саласында қол жеткен жоғары дәрежелі жетістіктерімізбен қоса біздің артта қалғанымыз да анық. Дене тәрбиесінің әсіресе, оның сауықтандыру саласында кешуілдеп артта қалғанымызда белгілі. Кейбір деректерге сүйенсек, кезінде Ресейдің баспасөз беттерінде ашық жазылып жарияланбағанмен, Ресейдегі дене тәрбиесіне қатысты көзқарас, Батыс елдерде бұдан елу жыл ертерек заманда болғандай ұғымы екен. Батыс елдерінде халықтың екіден үш бөлігінің жаппай көпшілігі спортпен шұғылдана, Ресейде халықтың бар болғаны 8 пайызға ғана спортпен айналысқан. Бұл жағдай Ресей халқының дене қозғалысы шаралары жүйесінің жетіліп өсуіне, шынығуына соншалықты немқұрайлылықпен, түсінбеушілік сезімен қарайтындарын дәлелдейді. Бұрынғы жылдары дене тәрбиесінің дамып өсуіне ерекше мән беріп, кейбір

кәсіпқойлар мен әртүрлі деңгейдегі мамандар тек жастардың спорттағы биік жетістіктеріне ұмтылып отырғаны байқалады. Өйткені, халықаралық деңгейдегі спорт жетістіктері мен табыстар сол идеологияның белгілі бағытындағы шаруашылықтар – мәселерлер тәріздес тек сөз мағынасы құрамында ғана ескеріле айтылғанын соншалық ты түсінікті болғанын білеміз. Сөйтіп дене тәриесінің бұқаралық сипатына, мән мағынасына мүлдем көңіл бөлінбей ескерусіз қалып отырылды. Көп – көлегей қаржылар ұлттық құрама командаларының дайындалуына жұмсалып, халықтың дене шынықтыруы мен спорт жаттығуына қажеттілігі арнайы орындармен, аландармен қамтамасыз ету сияқты басты жұмыстар ұмыт болып, оған қажетті ақша мөлшерлі бөлінбей, тек мардымсыз соңғы тиын оның үлесіне қалып отырды. Тіптен, жастарды спорт базарлармен қамтамасыздандыру секілді қамқорлық, халықтың басқа бөлігін айтпағанның өзінде біздің елімізде өте жеткіліксіз, тіптен басқаша айтқанымызда қаржының өте аз бөлінуіне байланысты олардың оқуларына да жетпеді. Оқушы жастардың таңдауы болмады, күнімен ауа райының ылаңсыз қалпына қарамастан, оқу орындары төңірегіндегі сазды аяқтармен езіп жүргеннен басқа дүние жоқ болды. Халықты қандай спорт орындарымен, қалай қалыптастырады деген ұғымды түсіну үшін мынадай деректерге жүгінейік. Халықтың мыңдаған санын соған шаққанда: стадиондар-Францияда -3; ойын аландары Швецияда -1,1; Швецарияда 14,5; ашық бассейндер мен суға шомылу орындары – Швецарияда -3; құймалы мұз айдындары – Швецияда – 26; теннис қорттары -2 Арифметикалық жеңіл амал арқылы көзіміздің жетіп белгеніміз –біздің елдеріміз дене тәрбиесі жұмысында материалдық-техникалық жағынан қамсыздандыруда дамыған Европа елдерімен салыстырғанда өте артта қалғанын көріп отырмыз.

Орта оқу орнын бітірген оқушылары мен сұбхаттасқанда көп жылдық тәжірибемізден білгеніміз, кейбір оқушылар дене тәрбиесі деген түсінікті түп нұсқасын өздерінің соншалықты дұрыс ұғына алмай отырғандарын айтады. Осы тұста «Дене тәрбиесі» «дефинициясы» ұғымының мазмұнына тоқталып оны анықтай кеткеніміз дұрыс болар. Сенімді әдеби материалдарға сүйенсек әртүрлі атаулар келтіріледі. Бірақ, олар, біздің ойымызша, осы әлеметтік феноменнің нақты мағынасын толық түсіндіре алмайды. Міне осыған орай, студенттер, тіпті курсты бітірушелердің өздері де дене тәрбиесі деген сөздің толық атауының мағынасын дұрыс түсіндіруге қиналып жауап қайтарады. Олар көңілдерін негізінен адамның дене құрлысының өсіп дамуына басты көңіл аударып, дене тәрбиесінің құрал көмекшісі көлеміндегі ойларымен түсіндіреді.

Дене тәрбиесінің арнайы құралдардың көмегімен табиғи, биологиялық және рухани әбден жетілу сатысына көтерілген деп түсінген орындары (оның негізгі құралдары денешынықтыру жаттығулары әдісі, тән тазалығы процедурасы мен табиғи фактолар), спорт жаттығуларына қажетті түсінігіне сәйкес пайдаланатын. Дене тәрбиесі белгілі бір процесстің нәтижесі. Процесстің нәтижесі оның заңдылығын тануға байланысты жемісі өнемі тәріздес (жаңарған адам, спорт аландары, спорт жабдығы, технологиясы және т.б.); заңдылығы. Танылмаған продукт (білім, тәжірибе, рухани қолдап ықпал жасаудың нәтижесі және т.б.). Дене тәрбиесінде, қимылдатқыш күштің үзілістік және қозғалтқышты қалпына келтеру кезеңде (реабилитация) денеге түсетін ауыр салмақты көтеруге шыдауға мүмкіншілігі болмай қалды.

Дене тәрбиесінің теориясында зерттелеген қозғалтқыш күш жұмысы немқұрайлы орындалған жағдайда ол дене тәрбиесіне жатпайды деп есептелегенді. Өзін өзі ұстай білуі, жақсы денсаулық, ұзақ өмір сүре білу –міне, дене тәрбиесінің әлеуметтік қағидасы мен оның мазмұны да осы болар. П.Ф.Лестгафтың бүгінгі кезеңдегі адамды тануға арналған ғылыми тұжырымдары бойынша құр сөзден –декларациядан, өмірде дәлелденген адамның рухани және дене байлығының бір тұтас, бөлінбейтін тамаша жан екендігінде [1].

Жанашыл реформатор –ұстаздар [2,3] дене тәрбиесіне аса зор мән берген. Жеке тұлғаның жан-жақты, үйлесімді әрі келісті өсіп жетілуін атап, оны тек спортқа бір бетті бағытта тәрбиелеуден құтылуға зор көңіл бөлген. Осы әлеуметтік феноменнің жалпы құрылысындағы спорт сыңарының қалыптан тыс ұлғаюы да арнайы айтқан. Халыққа білім беру жүйесіндегі дене тәрбиесі бірінші кезеңде оқушылардың денсаулығын нығайтуға көзделу керек. Өйткені, бұл бүгінгі жалпы халақтық деңгейде әлі шешімін таппаған мәселе болды. Қоғамды жаңарту процесінде спорт ұстаздарының атқаратын орны ерекше. Өңгіме өзгеріп жаңара бастаған кәсіпқой қызметке үйлеспейтін утилитарлық жолмен бейімделеушілікте емес, сапалы жаңа міндетті қызметті атқаруда-әлеуметтік белсенділікті көтеруде (мемлекеттік үлгіні қараныз). Әлеуметтік белсенділік оқу орнын бітіргеннен кейінгі өз білімін көтеруге бағытталған алғырлықта ғана емес, ең алдымен дене тәрбиесі көлеміндегі қызметкердің, субъект ретінде, оның қоғамдық қарым-қатынасына бағытталғандығында. Дене тәрбиесі оқу орнын бітірушілердің қызмет барысында құрылыстық өзгерістердің болуы әбден мүмкін. Дене тәрбиесі мамандарының қызметіне,

әсересе әлеуметтік көмек, бүгінгі қоғамның аса қажеттілігіне айналып отыр. Мұны дамыған шетелдер тәжірибесіне де айқын көріп отырмыз. Дене тәрбиесі, жалпы мәдениеттің біртұтас бөлшегі ретінде, адамдардың жан-жақты дамып өсуіне табиғаттың өзі оның денесіне берген қасиетіне байланысты болса керек (бізді қоршаған ортаны және адамзаттың өзінде). Дене тәрбиесінің басты қралы-материалды өзгерген рухани жаңарған және дамыған оның қызметінде [4].

Дене тәрбиесіне бір жағынан мұқтаждық болса, басқа жағынан ол сол тұлғаның сұраныс қажеттілігін атқарып, өтейтін амал ретінде көрінеді [5]. Бұл тек педагогикалық жұмыс ғана емес, өте күрделі әлеуметтік құбылыс. Дене тәрбиесінің әлеуметтік міндеті өте зор, жан-жақты. Соның арасында, оны анықтап қарағанымызда, екі негізгі топ: жалпылай мәдени және өзгеше топтар ерекше көрінеді [6]. Дәл бүгінгі уақытта спорт педагогикасына арналған нақты мәселе дене тәрбиесінің әлеуметтік ерекше міндетті ісінің тепе-теңдігі. Көп жылдық дәстүр бойынша әрқашанда спорт сыңарлары басым болған. Дене тәрбиесі адамдар мәдениетінің жалпы бір бөлігі. Табиғатпен үнемі үйлесімді қалыптасып халқымыздың дене шынықтыру біліммен әрқашанда тығыз байланыста болған. Денешынықтыру дайындық бағытындағы жеке тұлғаның тәлім-тәрбие жұмысы барысындағы оның дайындық қабілет, білгірлігі мен дағды -әдеті, қызығушылығы, сенушілігі, тұлғаның адамгершілік қасиеті, білімталығы өте маңызды. Біздер талай әлеуметтік толқындардың куәгері де болдық. Әлеуметтік өзгерістер мен небір бағалы нысаналарды бастан кшірдік. БЖСМ (балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі) спорт секциялары және ЕСҚ (ерікті спорт қоғамы) жаппай жабылып таратылулары, спорттың түр-түрімен шұғылданғандардың қатарын да азайтты. Филин В.П., Фомин Н.А. [7] деректері бойынша секциялар мен спорт мектептерінде жүрген балалардың саны 10 пайыздан төмен болса, 16-25 жас аралығында жоғары спорт дәрежесіне жеткендердің саны небарлығы 0,22 пайыз болады. Жас жағынан басқа топтағылар саны бұдан да төмен сатығы түсті. Міне, осыған орай жаттықтырушы –ұстаз мамандандығына бағытталған абитуриенттер саны көрнекі түрде азайды. Дене тәрбиесі, сауықтыру және дене шынықтыру мәдениетіне бағытталған үйлесімдер қатары артты. Бұрын дене тәрбиесі оқу орындары жаттықтырушылық жұмысына арналған мамандардың талабына сәйкес болатын. Енді бүгінгі кезеңде халықтың денсаулығын көтеруге арналған бағытта дене тәрбиесінің маңызы, артып өсуде. Әсіресе, аурудың алдын алу, еңбек өнімділігін көтеру, бос уақытты ұйымдастыру, өмір жолын ұзартып, әркімнің шығармашылық белсенділігін ұйымдастыра білетін мамандарға деген сұраныс көбейді [8]. Мектеп оқушыларының дене шынықтыру дайындықтары деңгейінің төмендегені де айқын. Жастарының күш қуаты, жүгіруге шыдамдылығы, жылдамдылығы, жылдамдық-күштер сапасы олардың бұдан 10 жыл бұрынғы құрбы –достармен салыстырғанда және дене дамуының өсіп жетулері – бойы, дене салмағы, кеуде клеткасынан дамып өсіп жетуінің жақсарғанына қарамастан 5-14 пайызға төмендегендері белгілі болды [9]. Олай болса, мектеп бітірушілердің кәсіпқой хабардарлықтары тек қана спорттағы жоғары нәтижесі ғана емес, оның маңыздылығы жоғары қажеттілігінде болса керек. Осы тұста халқымыздың әртүрлі топтарымен зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, олардың денсаулықтарының біршама ауытқып төмендегеніне қатысты оларға салауатты өмір салтын түсіндіріп, оның мағынасын жеткізе білуімізге тығыз байланысты. Олай делініміз, біздің елімізде өмір сүрудің ұзақтығы басқа да дамыған елдермен салыстырғанда 10-15 жас қысқа. Бұл біздің адамдарымыздың олармен салыстарғанда осынша жас аз өмір сүреді деген сөз. Американдықтар мен еуропалықтар орта 77 жасқа дейін, жапондықтар 79-82 жасқа дейін өмір сүреді, ал ресейліктер тек 64 жас әйелдері ерлер 55,7 жасқа дейін өмір сүреді. Қазақстандықтар: ер адамдар 60 жасқа дейін, әйелдер 70 жасқа дейін өмір сүреді екен. Әскер қатарына шақырылатын жасқа толған 10 жас өспірімдердің әрбір жетісі медициналық белгілі бір науқасына байланысты Отан алдындағы қызметіне шақырылмайды екен. Олардың жүрекқан тамырлары ауруларына шалдығып науқастанып өмірден ерте кететіндері де анықталады. Ал дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы бір деректері бойынша, 10 жыл ішінде жүрек-қан тамырлары ауруымен науқастанғандардың саны дамыған елдермен салыстырғанда біздің Республикамызда күрт төмендеп кеткен.

Әрине, сөзсіз, бұл жағдайды тек дене тәрбиесі ортасындағы мардымсыз жағдайлар мен ғана түсіндіру орынсыз болар. Алайда, дене тәрбиесі ежелгі түсінігіміз бойынша, бүгінгі күні халқымыздың басым көпшілігінің қажетті бір – бөлшегі болмай отырған жағдайды атағанымыз орынды. «Халқымыздың денсаулығын сақтап оның дене шынықтыру сұраныс мен салауатты өмір салты қажеттілігін қалыптастыру – дене тәрбиесінің маңызды міндеті», - деп жазылған Қазақстан Республикасының дене тәрбиесіне арналған негізгі заңында.

Ұлт денсаулығы тек қана медициналық қызметтің дамып өсуі деңгеймен ғана шектелмейді, салауатты өмір салтын ұйымдастыруға да бағытталған. Осы көлемдегі дене тәрбиесінің маңызын асыра бағалап мақтау да артық болмас. Мамандар өте жақсы түсінеді, дене тәрбиесі тек қана ертеңгілік гимнастикамен

шұғылдану, спорт және оқу сабақтарымен айналысумен шектелмейді. Оның бүкіл өмір жолын қалыптастырып, адамның жеке бас тазалығы мен еңбек және демалыс уақыттарын тиімді ұйымдастыра білулеріне тікелей қатысты. Сонымен қатар, табиғат факторларын организмнің шынығып өсуіне, жұмыс қажілеттілігінің артуына, шығармашылық ой-өрісінің жылдар бойына жалғасып жақсаруына жеткізеді. Дене тәрбиесі көлеміндегі ғылыми және әдістемелік зерттеулер жұмыстарының халқымыздың тиімді пайдалануы, алғашқы кезекте ұйымдастырушыларға, методистерге, мұғалімдерге, жаттықтырушылармен осы жұмыспен айналысып жүрген басқа да адамдарға, әсіресе, дене шынықтыру жоғары оқу орындармен университет дайындаған мамандардың іскерлік деңгейіне байланысты.

Дене тәрбиесінің бүгінгі күнгі әлеуметтік маңызын ескере отырып Қазақстан Республикасының «Дене тәрбиесі мен спорты туралы» Заңының 1997 жылдың № 490-І Қаулысының 9 – бабында «Дене тәрбиесі» пәні сабағына аса зор көңіл бөлінген. Онда оқу орындарының ерекше өзгешелігі мен материалдық базасының артықшылығы, оның осы бағыттағы негізгі бағдарламасы, аймақтарға тәуелдіктен тысқары көрінісімен, азайып-әлсіреушілік бағыты шеңберіндегі өзгерістер кіргізу мүмкіншіліктері шектеліп көрсетілген. Кеңес үкіметі кезінде спортқа мемлекет көлемінде көмек берудің арқасында бүкіл оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыруда өте тиянақты және тиімді жағдайлар үнемі жасалып отырғаны бәрімізге де мәлім. Осындай игі, инабатты қамқорлықпен жас ұрпақтың басым көпшілігі қамтамасыз етілді. Олар әлеуметтік қалыптасып жетілудің қажетті бағытында тәрбиеленіп дене мәдениетінің спорт және жаппай халықтық көлеміндегі шексіз резервтеріне жалғасып отырды. Бұл бағдарламаның осы даңғыл жолдан тайып қысқаруы туралы сөздің айтуы мүмкіншілігі болмағандай. Дәлірек айтсақ, ешқандай сын көтермеген. Өйткені, дәл осындай жағдай спорт саласындағы педагогиканың тамаша жетістігі және оқу орнын бітірушілердің спорт мамандығы саласындағы жақсы жемісті нәтижелеріне байланысты болатын. Міне, сондықтан басқа ой пікірлерді айтудың мүмкіндігі болмады.

Қазіргі уақытта ден тәрбиесі мен спорт педагогикасының жұмысы шеңберінің нақты құрлысы көлемінде үлкен өзгерістер болуда[10]. Спорт мектептері мен дене тәрбиесі пән мұғалімдеріне, жаттықтырушыларға деген сұраныс 30 пайызға дейін көбейді әсіресе қалаларда. Бұл өзгеріс спорт қоғамдары мен мекемелеріне де жетті. Оқу – ағарту қоғамдары жүйесінде әзірше өзгеріссіз, сол қалпында қалды. Сонымен қатар, халыққа білім берудің барлық саласында оқытушылар мамандығына қатысты тапшылық білінді. Бұл сұраныс дене тәрбиесінің сауықтыру саласында да көрініп анықталынды, дене жаттығуларының сауықтыру саласына деген сұраныс та айқын ақиқат көрініс болды. Қазіргі уақытта дене жаттығуларының сауықтыру қасиетіне негізделген жұмыстар екі бағытта жүргізілуде. Бірінші жағдайда бұл денеге түсетін күшті ұзақ уақыт жалғастырып, ағзаның өмір сүруіне қажетті мүмкіндіктің функционалды бағыныштылығы деңгейін көтеру мақсатында. Екіншіден, ағзаға кері әсерін тигізетін өндірістік жұмыс саласындағы жағымсыз факторларға да байланысты. Сонымен қатар, халықты фармакологияға жатпайтын құралдар арқылы сауықтыру әдісіне сұраныстың артуына сай, дене тәрбиесінің педагогикалық қажеттілігіне қатысты медициналық көмектің тапшылығы байқалған. Өкінішке орай, тап бүгінгі күнге дейін теориялық мәселелер шешімі практикадан кешеуіл қалуда. Спорт сабағымен дұрыс айналыспаудың себебінде, ол организмнің дамуына кері әсерін тигізіп, спортпен шұғылданған адамның хал-жағдайына тікелей қатысқан болып оның жарақаттануына соқтырып дене шынықтыру жаттығулармен дағдылы түрде шұғылдануына кедергі болады. Сонымен бірге теріс көзқарасының қалыптасуына себепкер болады.

Мемлекет тарапынан болған қатты қысымға байланысты еліміздегі жұмыс орындарының саны күрт қысқарып, оның сапасы төмендеді. Жоғары оқу орындарын бітіргендерді өз мамандықтарына қарай жұмыспен қамтамасыз етудің азайды. Бірақ осыған қарамастан 80 жылдардың аяғында оқу бітірген жастардың аяғында оқу бітірген жастардың, бар болғаны 12 пайызға ғана, өз мамандықтарына сәйкес жұмыспен қанағаттандырылды (олардың көпшілігі жұмыс берген мекемелерге бармаған). Олардың 5 пайызы жұмысқа орналасқан әртүрлі орындардан алғашқы жылдары кетіп қалған. Бүгінгі күні оқу бітіргендердің өздері жұмысқа жүрек қалауымен орналасып, өз мәселелерін өздері шешкендей. 1991 жылдың өзінде оқу орнын бітірген мамандарға сұраныс, әсіресе, мемлекет тарапынан қысқарып, мемлекеттік өндіріс орындарына жатпайтын жартылай мемлекеттік кәсіби мемлекеттік кәсіби мекемелерінде бос орындарға деген сұраныс көбейген. Мамандарға сұраныс та артқан. Сонымен бірге бүгінгі күні мектепті бітірген жастардың кәсіби жұмысына қажеттілік көбейе түскен. Өз қалауымен таңдаған жұмысына өз еркімен орналасу жағдайында жұмысшы күшіне арналған нарықтық экономика бой көтерді. Оларға нарықтық сұраныс бәсекесіне сай жұмыс орындары анықталып ұсынылуда. Алайда, белгілі бір білім алу деңгейінің сұранысына сәйкес, арнайы бағыттағы өз сясатын өмірге асыру

мақсатында мемлекет тарапынан жастарға деген қамқорлық та керек. Мемлекеттік тапысырыс – қажетті маман жастарды болашақта дайындау арқылы, осы күрделі де маңызды мәселенің шешімін анықтап оларға жұмыс ұсынып, осы мәселенің шешімін айқындағаны дұрыс болар. Жас маманның экономикалық нарықтық қарым-қатынас кезеңінде тек қана құқықты азамат ретінде еліне танылғаны да орынды жағдай.

Дене тәрбиесіне байланысты оқу орындарын бітірген оқушылардың қарсы алдынан шығатын ең басты да маңызды мақсат - әлеуметтік тапсырыстың жаңадан қалыптасу бағытындағы салауатты өмір салтының, кең етек алуына орай, бүгінгі көзқарасымызды анықтау. Дене тәрбиесі құралдарының көмегімен оның бағалы қасиетін дәріптеп, өмір жүзінде асуы бағытында жеке адамның бүкіл ойын анықтап, сол маманды тәрбиелеп өсіру. Қазіргі заманда кәсіби жұмыс қызметіне қатысты оқу-тәрбие процесін жаңа бағытқа бейімдеп, ұйымдастыра білу қажеттірек екені айдан анық. Осы мәселені шешу амалы ретінде оған дайындықты кеңірек жасап ірге тасын қалауымызға жол ашылғандай. Білім жүйесінің қайсыбір түйініндегі педагогикалық мамандар дайындауға негізінен жаңа сұраныс пайда болды. Тек қана мәлімет жинаушы ұстаздар түрі атымен – жоғалып кеткендері бүгінгі күн талабы болса керек. Пән беруші оқытушылардың атымен затымен жоғалып, ғайып болғандары бүгінгі күн талабы. Тек, бір арнайы пән бойынша сабақ жүргізетін мұғалімдерді дайындаудың өзгеше ерекшеліктері олардың өз бойында болмағаны да белгілі. Мысалы басқа саладағы оқытушыларды дайындаумен салыстырғанда айталық, инженерлер «Жаңа ұрпақтарға әлеуметтік тәрбие көлемінде ұдайы өндірісті кеңейту міндетін жүзеге асыру педагогикалық білімнің адам танудағы мінез-құлқын меңгеріп алуды болжайды. Заттық білімді оқу және тәрбие құралдары ретінде пайдалану...» (Қазақстан Республикасының 2007-2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.)

Спорт саласындағы ұстаздың еңбек жолындағы шығармашылық компоненттерінің ұдайы прогрессті жолмен өсуі біздің алдымыздағы бірінші кезекте жалпы білім берудің дәрежесін, шығармашылық әдіс, ой-пікірін, маманның өз білімінің деңгейіне көтеру мен шеберлігін шыңдауы, сол адамның жұмыс қабілеттілігін аңғартады. Көптеген ғылым саласындағы өз тәжірибесін кеңінен өндірісте қолдана білетін кәсіпқой адамдарға деген сұраныс артуда. Жүйелі түрде ойлап дүние тани білетін мамандардың қалыптасып жетілуіне сол объектің, әлде заттың саңқырлы байланыстары мен өзара қарым-қатынасы тұтастығының бірлігін көре білуде.

Дене тәрбиесінің мүмкіншілігі өте зор және оны насихаттау ауқымын кеңейтуде мамандардың атқаратын жұмыс көлемін ұлғайтуды талап етеді. Мысал, батыс елдерінің жоғары оқу орындарының мамандары мен дене тәрбиесі факультеттерін бітіргендерге деген әлеуметтік сұраныс көп. Орта орындарында алған білімдері мен іскерлік қабілеттері олардың болашақ кәсіпқой шеберліктерінің нақты және басты түп негізгі болып есептеледі. Ғылыми, сонымен қоса оқулық ақпараттарына қатысты жұмыс көлемінің үнемі ұлғайып артуы, мамандарға қоятын нақты сұраныстың өсуіне жеткізді. Бүгінгі тіршілік жағдайында зор мүмкіншіліктер мен түр-түрлі және нарықтық еңбек сұранысына жаппай, жұмыла кірісу жағдайында болашақ мамандарға қажетті білім сапасы мен оның шенберінің кеңейуіне үлкен көңіл бөлінуде.

1. Лесгафт П.Ф. Педагогические сочинения. -т.5 -М., 1954.

2. Кульназаров А.К. Формирование здорового образа жизни подрастающего поколения и молодежи средствами физической культуры // Президентские тесты: формирование здорового образа жизни средствами физической культуры и спорта: Сборник научных статей, Комитет туризма и спорта РК, КазГАСТ, 1999. -с. 3-8.

3. Лубышева Л.И. Концепция формирования физической культуры человека. –М.: ГЦОЛИФК, 1992. –С. 120

4. Выдрин В.М., Курашин Ю.Ф., Николаев Ю.М. Осмысление интегративной сущности физической культуры - магистральный путь ее теории // Теория и практика физической культуры. -1996. - № 5.

5. Выдрин В.М. Проблема непрофессионального физкультурного образования и пути ее решения // Сб. Физическая культура и спорт в современном образовании/ Методология и практика. -СПб., 1993.

6. Новиков А.Д., Матвеев Л.П. Теория и методика физического воспитания. -М.: Фис, 1967. -396 с.

7. Филлин В.П., Фомин Н.А. Основы юношеского спорта. -М.: Физкультура и спорт, 1980. – 225 с.

8. Иванов Г.Д., Құлназаров А.К. "Студенттердің дене тәрбиесі" оқулық құралы. –Алматы: "Комплекс" типографиясы, 2002. -146 б.

9. Коршиков В.М. Соотношение средств двигательной подготовки учащихся 10-11 классов общеобразовательной школы в учебном процессе // Пути повышения физической подготовленности школьников: // Метод. реком. – Целиноград, 1989. – С. 16-19.

10. Боген М.М. Обучение двигательным действиям. – М.: Физкультура и спорт, 1985. -192 с.

11. Құлназаров А.К. "Қазақстан Республикасындағы дене шыңқтыру қозғалысы" "Жастар. Спорт. Денсаулық" жинағы. –Алматы, 2002.

Резюме

Формирование потребности здорового образа жизни и физической культуры, сохранение здоровья нашего народа – важная задача физической культуры.

Summary

Shaping to need sound lifestyle and physical culture, conservation of health of our folk - an important problem of the physical culture.

ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ СПОРТИВНОЙ МЕТРОЛОГИИ

Ергазиева К.И. – к.х.н., доцент, КазНПУ им. Абая, Казахстан

В физической культуре и спорте существует такая самостоятельная дисциплина, как спортивная метрология. Метрологическое обеспечение – это применение научных и организационных основ, технических средств, правил и норм, необходимых для достижения единства и точности измерений в физическом воспитании и спорте.

Слово "метрология" в переводе с древнегреческого означает "наука об измерениях" (метрон – мера, логос – слово, наука). Основной задачей общей метрологии является обеспечение единства и точности измерений. Спортивная метрология как научная дисциплина представляет собой часть общей метрологии.

Развитие науки и техники всегда было связано с прогрессом в области измерений. В физике, механике и других точных науках именно измерения позволяли достоверно устанавливать зависимости, отражающие объективные законы природы. Вместе с тем, и в ряде других наук, таких как физиология, медицина, биомеханика, педагогика и др., измерения являются также одним из основных способов познания закономерностей функционирования биологических объектов, систем организма человека и т.д. Большое значение измерений для науки подчеркивали многие ученые: "Измеряй все доступное измерению и делай доступным все недоступное ему." (Г.Галилей); "Наука начинается с тех пор, как начинает измерять, точная наука немыслима без меры." (Д.И. Менделеев); "Каждая вещь известна лишь в той степени, в какой ее можно измерить." (Кельвин).

В настоящее время все более широкое применение измерений отмечается в спортивной науке и практике. При этом используются почти все существующие виды и методы измерений (радиоэлектронные, оптоэлектронные, биофизические, биохимические, ультразвуковые, лазерные и др.). Эти многочисленные средства и методы измерений широко используются для решения самых разнообразных задач комплексного контроля и управления процессом подготовки спортсменов высокой квалификации, а также занимающихся массовыми формами физического воспитания и профессионально-прикладной физической подготовкой.

Показанные различия особенностей свойств измеряемых объектов должны иметь свое отражение в технологиях измерений, причем следует учитывать, что наибольшая достоверность в спортивных измерениях присуща не усредненным значениям измеренных показателей, а лишь тем, которые отражают проявления максимальной реализации потенциальных возможностей человека.

Отсюда вытекают задачи спортивной метрологии:

- Разработка новых средств и методов измерений.
- Регистрация изменений в состоянии занимающихся под влиянием различных физических нагрузок.
- Сбор массовых данных, формирование систем оценок и норм.
- Обработка полученных результатов измерений с целью организации эффективного контроля и управления учебно-тренировочным процессом. Для более достоверных измерений в специально создаваемых условиях измерительно-информационной среды необходим учет характерных условий измерений, осуществляемых на основе проявлений двигательной деятельности живых объектов:
- при физиологических измерениях необходимо соблюдать принцип комплексности измерений, предполагающий совмещение во времени процессов измерения биомеханических, медико-биологических и других параметров спортсмена, осуществляемых во время выполнения им тренировочных или соревновательных упражнений;
- существует принципиальное различие между измерениями параметров подготовленности спортсменов и измерениями физических параметров в различных областях техники, которое заключается в том, что в технике измерение в большинстве случаев может быть повторено при тех же условиях

многократно, а в спорте измерение параметров двигательного акта можно повторить в одних и тех же условиях один-два раза, затем на результат измерений (тестирования) начинают влиять усталость, вработываемость, мотивация, изменение концентрации внимания, нестабильность исходной позы и другие факторы;

- необходимость совмещения процесса измерения параметров двигательного акта с процессом их коррекции, который может быть реализован только в искусственных условиях;

- показано, что объективность и достоверность измерений можно обеспечить только в условиях искусственной измерительно-информационной среды, которая реализуется посредством тренажерно-измерительных стендов, оснащенных специальными техническими средствами формирования двигательных актов (действий) с запланированным результатом (в том числе рекордным), а также комплексом средств измерений параметров двигательных действий и их синхронной коррекции;

- сформулированы основные отличия концептуально-теоретического аппарата спортивно-педагогических измерений от положенной теории измерений, сложившихся в производственной практике и технике;

- показано, что если традиционные приемы технических измерений ориентированы на оперирование значениями тех измеряемых величин, которые остаются неизменными по своей физической природе, то сама суть спортивных измерений заключается в оценке переменных значений двигательной деятельности живых объектов, характерными чертами которых является зависимость от изменений функционального состояния.

В настоящее время обоснованы метрологические требования к измерительным процедурам, техническим средствам измерений и обработки спортивной информации в реальных условиях тренировочной и соревновательной деятельности. Предложена рациональная структура, обоснованы принципы построения и методические приемы использования стационарных и передвижных тренажерно-измерительных стендов и комплексов, унифицированных по видам и группам видов спорта.

В физическом воспитании и спорте, помимо обеспечения измерения физических величин, таких как длина, масса и т.д., подлежат измерению педагогические, психологические, биологические и социальные показатели. Методикой их измерений общая метрология не занимается и, поэтому, были разработаны специальные измерения, результаты которых всесторонне характеризуют подготовленность физкультурников и спортсменов.

Использование методов математической статистики в спортивной метрологии дало возможность получить более точное представление об измеряемых объектах, сравнить их и оценить результаты измерений. В практике физического воспитания и спорта проводят измерения в процессе систематического контроля, в ходе которого регистрируются различные показатели соревновательной и тренировочной деятельности, а также состояние спортсменов. Такой контроль называют комплексным.

Это дает возможность установить причинно-следственные связи между нагрузками и результатами в соревнованиях, а после сопоставления и анализа разработать программу и план подготовки спортсменов. Таким образом, предметом спортивной метрологии является комплексный контроль в физическом воспитании и спорте и использование его результатов в планировании подготовки спортсменов и физкультурников. Систематический контроль за спортсменами позволяет определить меру их стабильности и учитывать возможные погрешности измерений.

Использование стандартизации и метрологии в сфере подготовки спортсменов обещает ряд преимуществ, поскольку:

- обеспечивает широту внедрения инновационных принципов в практику контроля, диагностики и управления учебно-тренировочным процессом;

- гарантирует обязательность следования этим принципам, так как стандарт имеет юридическую силу;

- стандартизация предъявляет особые требования к точности, достоверности, надежности и объективности сбора и обработки данных и обоснованности их использования в каждом конкретном случае при подготовке спортсменов.

1. Начинская С.В. Спортивная метрология: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Академия, 2005. – 240 с.

2. Смирнов Ю.И., Полевицков М.М. Спортивная метрология: Учеб. для студ. пед. вузов. – М.: "Академия", 2000. – 232 с.

3. Спортивная метрология: Учебник для институтов физической культуры / Под ред. В.М. Зациорского. – М.: Физкультура и спорт, 1982.

4. Гмурман В.Е.. Теория вероятностей и математическая статистика. - М.: Высшая школа, 2000.

5. Губа В.П., Шестаков М.П., Бубнов Н.Б., Борисенков М.П. Измерения и вычисления в спортивно-педагогической практике: Учебное пособие для вузов физической культуры. – М.: СпортАкадемПресс, 2002. – 211 с.

Түйін

Бұл мақалада спорттық метрология оқу пәні ретінде оның мақсаттары мен міндеттері қарастырылады.

Summary

In article the purposes and problems of sports metrology as subject matter are considered.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАДАН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Какибаева Х.С. – Абай атындағы ҚазҰПУ-дің аға оқытушысы

Қазіргі елімізде болып жатқан елеулі өзгерістер мен жалпы білім беру тұжырымдамасында жас ұрпақты тәрбиелеуші ол - мұғалім. Білім негізі бастауыш мектепте қаланатындықтан, ұрпақ тәрбиесі алдында бастауыш сынып мұғалімдерінің жауапкершілігі зор. Бұл жөнінде ҚР-ның Елбасы Н.Ә.Назарбаев білім жүйесін акпараттандыру жайында былай дейді 2007 жылғы Жолдауда «Компьютерлік сауатсыздықты жоюдың және халықтың интернетке қол жеткізуін қамтамасыз етудің көлемді бағдарламасы қажет» десе, 2009 жылғы Жолдауында «Біздің халқымызға білім алу керек, әлемдегі адамдар ғұмыр бойы білім алады» деген болатын.

Осыған байланысты мұғалім өзінің бар білімін, білігін, дағдысын балаларға беруге тырысу керек,

Өмір ағымы талап етіп отырған жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, үйлесімді жетілген жеке тұлғаны дайындау бүгінгі мектеп алдында тұрған негізгі міндет. Осыған байланысты мектептің бастауыш оқыту сатысындағы оқу-тәрбие жұмыстарын жан-жақты толықтырып, озық үлгілермен байланыстырып қайта қарап шығу бүгінгі күн талабының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылған: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы». Бұл стратегияны жүзеге асырудың бірден-бір жолы, жалпы білім беретін мектептерде - оқыту үдерісінде оқушыларды өздігінен жұмыс жүргізу әрекеттерін жетілдіру болып отыр. Жалпы алғанда, өзіндік жұмысты ұйымдастыру мақсаты тұлғаны өз бетінше іс-әрекетке дағдыландыру.

Оқушылардың өзіндік жұмыстары туралы педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде әр түрлі анықтамалар кездеседі. М.Н.Скаткин «Оқушыларды тек қана білім мен білгірлік жүйесімен қамтамасыз ету аз, сонымен қатар оларды білімге, жаңалыққа құштар болуын, ұмтылысын арттыруы қажет, бұның өзі жан-жақты дамыған адамның жеке басы үшін өте маңызды. Тек сонда ғана оқушы жастардың оқу еңбегіне деген көзқарасы өзгереді, оқуға, білімге, жаңалыққа ұмтылатын болады» - деген.

Н.Г.Дайри өзіндік жұмыстың негізгі сипаттамасына ойдың дербестігін, логикалық таным, шығармашылық ойлауды жатқызады. Оның пікірінше, оқушылардың өзіндік жұмысының нәтижелілігі оқу іс-әрекетінің сапасымен тығыз байланысты. Бүгінде нәтижеге бағытталған білім беруде бұл идея жүзеге асырылуы тиіс деп ойлаймыз. Өйткені, білім сапасы, оның нәтижелілігінің көрсеткіші болып табылады.

С.И.Ожегов сөздігінде (Самостоятельный) өзбетінше немесе дербес, өзбеттілік деген сөзге, бірінші – басқалардан бөдек өмір сүретін, тәуелсіз, екінші - шешімді, өзінің жеке пікірі бар, үшінші - бөгде адамдардың көмегінсіз, өз күшімен мақсатына жететін тұлға делінген. Міне, осындай қасиеттерді балаға өзіндік жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру арқылы қалыптастыруға болады. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс арқылы баланың таным қызығушылығы арта түседі. Өздігінен орындайтын жұмыстар деп берілген тапсырманы мұғалімнің басшылығымен, бірақ оның тікелей қатысуынсыз, оқушылардың өздері атқаратын жұмыстарды айтады.

Егеменді еліміздің бүгінгі тандағы ең басты мақсаты - жан-жақты дамыған алдыңғы қатарлы елдермен теңесу, оған жетудің басты жолдарының бірі әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Мұның өзі ұлттық білім жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді.

Қазіргі кездегі әлемде жүріп жатқан жаһандану үрдісі мектептегі білім беру жүйесімен оқушыны оқытып, тәрбиелеуге өз үлесін тигізе бастады.

Жалпы білім беретін мектептерде көкейкесті мәселелердің бірі оқыту үрдісінде оқушыларды өздігінен жұмыс жүргізу әрекеттерін жетілдіру болып отыр.

Профессор Т.С.Сабыров оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы мен міндеттерін айрықша ашып, былайша анықтама берді. Оқушылардың өзіндік жұмысы жеке өз алдына оқыту әлісі бола алмайды. Оның себебі: мұндай жұмыстардың өзі әртүрлі әдістер арқылы іске асырылады. Әрбір оқыту әдісі оқушылардың өзіндік жұмысын қамтиды: оқыту әдісінің міндеті – оқушылардың дербестігін арттыру, өздігінен жұмыс істей білуге баулу [2].

Бастауыш сыныптарда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы зор. Себебі, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру нәтижесінде оқушылардың іс-әрекетінің дербестігі артады. Өзіндік жұмыстар дегеніміз – оқу жүктемесін мұғалімнің көмегімен даярлау болып табылады. Оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстарының өзара тығыз байланысты екі міндетін білгені дұрыс. Біріншісі – оқушылардың танымдық қызметіндегі дербестікті дамыту, оларды білімді өздігінен игеруге, дүниеге көзқарастарын қалыптастыруға үйрету, екіншісі – оқушылардың алған білімін іс жүзінде қолдана білуге баулу.

А.Байтұрсынов оқушылардың өзіндік жұмысының маңызы туралы былай деген: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолын қысқарту үшін – керек білімнің кешікпей дер кезінде алып отыру үшін балаға жұмысты шағындап беру керек» [3].

Өзіндік жұмыстар оқушылардың ақыл-ой еңбегінің жоғары сатысында болуын қамтамасыз етіп, біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру нәтижесінде оқу үрдісінде жоғары нәтижелерге көмектеседі. Өзіндік жұмыс оқушылардың бойында ұйымдастырушылық, тәртіптілік, еркіндік, ізденімпаздық, белсенділік сияқты қасиеттерді дамытады.

Өзіндік жұмыс – бұл шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін олардың өзіндік жұмысынсыз дамыту мүмкін емес. Бастауыш сыныптарда өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай бұл оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Бұл жастағы оқушылардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестету, шығармашылық жұмысқа талпынысы басым болады. Осы ерекшеліктерді ескере келе, өзіндік жұмыстың негізгі үш түрін ұсынамыз:

1. Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар (ребус, сөзжұмбақ, анограмма).
2. Берілген тапсырмаларды түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (кері есеп құрастыру, мәтіннің мазмұнын өңдеу және т.б.).
3. Өз ойынан еркін тақырыпқа құрастыруға берілген шығармашылық жұмыстар (өлең құрастыру, әңгіме, шығарма жазу және т.б.).

Оқушыларға өзіндік жұмысты орындатуға соңғы жылдары сапалы түрде бетбұрыс жасалуда. Оған дәлел – оқушының жеке басын дамытуға бағыттала құрылған жаңа бастауыш білім мазмұны, соның негізінде жасалған оқулықтар. Себебі мұнда, оқушының өз бетімен білім алып, дамуына жете мән беріле бастады.

Оқушылардың өздігінен атқаратын жұмыстары олардың ой еңбегін дамытуға бағытталған және мұнда мұғалімнің берген тапсырмаларын орындаудың ең тиімді тәсілдерін өздеріне іздеттіру көзделген.

Математика сабақтарында оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын былайша жіктеуге болады: оқулықпен, оқу құралдарымен және басқа анықтама әдебиеттермен жұмыс істеу, үлестірмелі материалмен жұмыс істеу, сабақта өздерінің жолдастары берген жауапты толықтыру, математикалық конференцияларда жасаған баяндамаларға немесе хабарламаларға пікір айту, жеке немесе топтық тапсырмаларды орындау, рефераттар жасау, кейбір көрнекі құралдарды (плакаттар, сызбалар, альбомдар) жасау, экскурсия кезінде өлшеуге немесе есептеуге байданысты практикалық жұмыстар орындау.

Өздігінен орындалатын жұмыстың негізгі мазмұны – оқушылардың ой белсенділігін арттыру. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру және жүргізу мұғалімнен терең білім, ұстаздық шеберлік, асқан тапқырлық, үлкен шыдамдылық талап етеді.

- Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:
- мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі;
- жұмысты өз еркімен және мұғалімнің қолдауымен жасауы;
- әсер етуші мотивтер.

Сонымен бірге оқушылардың өзіндік жұмыстарының маңызын түсіну үшін өзіндік жұмыстардың негізгі атқаратын міндеттерін атап көрсетеміз:

- Оқушылардың дербестік қасиетін мейлінше арттыру;
- Оқушылардың алған білімдерінің саналылығы мен дағдысын қалыптастыру;
- Оқушылардың таным, ақыл-ой қабілетін дамыту;

- Оқушыларды сыныптан тыс дербес білім алуға дағдыландыру;
- Оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, үлгермеушілікті болдырмауға әсер ету [4].

Оқушылардың өзіндік жұмыстары оқыту әдістерінің барлық жіктелуінде жобаланып түсіндіріледі. Оқушылар оқу жұмысының бір бөлігін сыныпта орындаса, осы орындалған тапсырманы есте сақтап, толықтыру үшін қажетті тапсырмаларды үйде орындайды. Осыған орай өзіндік жұмыстарды сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстар және үйде орындалатын өзіндік жұмыстар деп қарастырамыз. Сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстардың негізгі қызметін бақылау, тексеру болса, үйге берілетін өзіндік жұмыстар қызметі бекіту, жалпылап қорыту, нақтылап дәлелдеу болып табылады.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Теориялық білімін терең бекітіп, жүйелі қалыптасуына өздік жұмысқа берілетін есептер мен жаттығулардың дұрыс таңдап алынып, қарастырылуына байланысты болады.

Өздік жұмысты ұйымдастыруда мынадай талаптар орындалуы қажет:

1. Өздік жұмыстың мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек.
2. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиіс.
3. Өзіндік жұмыстар түрі және мазмұны жағынан әртүрлі болуы керек.
4. Әрбір өзіндік жұмыс тексеріледі және бағаланады.
5. Өзіндік жұмысты тек қайталау кезінде ғана жүргізбей, сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек.

Білім алуда оқушының оқуға деген талабы, ынтасы, қызығуы және оқудың қажеттілігін сезінуі үлкен рөл атқарады. Бұл жайттарды ескермей балаларды білім негіздері мен қаруландыруы қиын. Сондықтан да ең алдымен оқушыларды білім алуға қызықтыруға, яғни олардың білімге ынтасын арттыруға айрықша көңіл бөлінеді. Сондай-ақ берілген білімді тұрақтандырып оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуге үйрету қажет.

Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықта, ғылым мен практика жетістіктері негізінде бәсекеге қабілетті жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу және жеке адамның шығармашылық, рухани мүмкіндіктерін дамыту, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы дамыту міндеті көзделген.

Мұғалім жұмысының нәтижелері төмендегі ерекшеліктер негізінде анықталады:

- әрбір оқушының белсенділікпен білімді терең меңгеруін жүзеге асыру үшін сабақты түрлендіріп өткізуді ұйымдастыру;

- түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушының ынтасын, қызығушылығын қалыптастыру;

- өзіндік жұмыс пен өзіндік бақылау жүргізу

- берілген мәліметтер бойынша есептер құру және оны шығару, оған өзіндік талдау жасау барысында оқушының өзіндік шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру.

Бастауыш сыныпта өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы олардың білімдерін терең және тиянақты меңгеруді қамтамасыз ету; оқушылардың ақыл-ойын жетілдіру; логикалық ойлауын дамыту; білімдерді тұтастай меңгеру; оқу материалының негізгі мазмұнын есте сақтау сияқты мәселелер өте маңызды болып табылады.

Қорыта келе, ертеңгі күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал ететін, адамзат қоғамын алға апаратын күш – білім. Демек, қай елдің болсын өсіп-өркендеуі оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты болмақ.

1. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы*//Астана. - 2004.

2. *Сабыров Т.С. Оқушылардың белсенділігін арттыру жолдары.* – Алматы, 1993.

3. *Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.* – Алматы: Ана тілі, 1992.

4. *Оспанов Т.Қ.және т.б. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі.* – Астана, 2007.

Резюме

В статье рассматриваются способы организации самостоятельной работы учащихся начальных классов. На примерах излагаются формы и методы самостоятельной работы учащихся на уроках математики.

Summary

In this article it is considered the ability of organization in working pupils in elementary schools. Examples showed that the forms and methods of teaching at the lessons of mathematics.

ҚАЗАҚСТАНДА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҢ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ДАМУЫ

Ережепов Т.Т. – *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты*

Республикамыздағы дене шынықтыру және спорттың іргелі ғылыми негіздерінің дамуы Кеңес өкіметінің кезінде қаланған. Дене шынықтыру және спорт мәселелерімен айналысу үшін құрылған база орталықтары және жоғары маманды кадрлар осы саланың көптеген түйінді мәселелерін шығармашылық тұрғысынан қарап оңтайлы шешіп отырған.

Құрлықаралық және әлемдік спорттық тартыстар нәтижесі көрсеткеніндей, қазіргі заманғы спортта бай тәжірибе мен жоғары кәсібилікке ие болу жеткіліксіз, оған қоса ғылыми-зерттеу тәсілдемесі қажет.[1]

Бағдарламалық іс-шаралардың орындалуы салауатты өмір салты принциптерін насихаттауға, елдегі дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамытуға, дене шынықтырумен және спортпен нақты айналысатын азаматтар санын көбейтуге, спорт резервін және халықаралық кластағы спортшыларды даярлау үшін жағдай жасауға, балалар-жас өспірімдер спорт мектептері, спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар, спорт резервін даярлау орталықтары және олимпиадалық даярлық орталықтары желісін дамытуға, балалар мен жеткіншектердің спорт секциялары мен клубтарында спортпен айналысуын арттыруға жәрдемдесетін болады.

Бағдарламаның іс-шаралары спорттың олимпиадалық, қолданбалы, ұлттық түрлерін, халық ойындарын дамытуға бағытталған, дене шынықтыру мен спорттың материалдық-техникалық базасын құру мен дамытуға, халықтың қалың көпшілік топтары үшін оның қолжетімділігін арттыруға жәрдемдеседі.

Тәуелсіздігіміздің таңы атқан жиырма жылдан бергі уақыт ішінде біздің елімізде бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын дамыту жолында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей басшылығымен қыруар жұмыстар атқарылды. Елбасы спортқа зор көңіл бөліп, бұл саланы әрдайым мемлекеттік маңызы басым бағыттар санатына қосып келеді. 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында Н.Назарбаев 2020 жылға дейінгі дамудың стратегиялық басым бағыттарының бірі ретінде қазақстандықтардың денсаулығын нығайтуды міндеттеген болатын. [3]

Осы бағдарламаның аясында былтыр жоспарланған 56 спорт нысанының орнына үнемделген қаражат есебінен 12 облыста 64 нысан жөнделді. Бүгінде елімізде 31 мыңға жуық спорт нысаны бар. Дене шынықтырумен, спортпен тұрақты шұғылданатын қазақстандықтардың қатары 380 мың адамға көбейіп, олардың жалпы саны 2 миллион 900 мың адамға жетті. Бұл – ел халқының 17,7 пайызы деген сөз. Былтыр барлығы 17 мыңнан астам спорттық-бұқаралық шаралар өткізілсе, соның жартысынан астамы ауылдық жерлерде ұйымдастырылды.

Қазақ күресі, тоғызқұмалақ, ат спорты, тағы да басқа ұлттық спорт түрлерін дамытуға айрықша ден қойылуда. Ұлттық спорт түрлері бойынша былтырғы жылы 80 жарыс өткізілді. Соның ішінде, әсіресе, тоғызқұмалақтан тұңғыш әлем чемпионатын, жасөспірімдердің бірінші ауыл спорты ойындарын, қазақ күресінен әлем және Азия чемпионаттарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі жолындағы IV халықтық спорт ойындарын атап өткеніміз орынды. Спортпен жүйелі айналысатын мүгедектер саны 13 мың адамға жетті.[1,2]

2010 жылы бірқатар жаңа спорттық ұйымдар ашылды. Атап айтсақ, Оңтүстік Қазақстан облысында балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі мен Нысана көздеу бойынша олимпиадалық даярлау республикалық орталығының тұсауы кесілді. Ал Алматы облысында Балалар мен жасөспірімдердің ат спорты түрлері бойынша республикалық спорт мектебі ашылды. Жалпы, қазір елімізде барлығы 423 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 8 республикалық және 17 өңірлік олимпиадалық ізбасарлар даярлау орталығы жұмыс істеуде.

Айта кету керек, VII Қысқы Азия ойындарына арнайы салынған нысандар еліміздің спорттық инфрақұрылымын едәуір нығайтты. 1972 жылы «Медеу» спорт кешені салынғаннан кейінгі аралықта Қазақ жеріне бұйыра қоймаған бірегей спорт нысандары, әлемдік деңгейдегі жарыстар өткізуге болатын ғажайып ғимараттар тұрғызылды. Енді қысқы негізгі олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстанның өз спорттық базасы бар. Осы нысандарда әлемдік жарыстарға дайындалып, жаттығу жиындарын өткізуге әбден болады.

Қазақстан спортының тарихы көрсетіп отырғандай, елімізде жақсы жабдықталған спорт ғимараттарының болуы спорттың дамуына игі ықпалын тигізіп, халықаралық спорттық аренадарда ірі жетістіктерге қол жеткізуімізге дәнекер болады. Айталық, бір ғана «Медеу» кешенінде коньки спортының өзінен

жалпы саны 130 әлемдік рекорд жасалыпты. VII Қысқы Азия ойындарын өткізуге Астанада арнайы салынған «Алау» коньки стадионында болса, міне, Азия құрлығының 9 рекорды жасалып үлгерді. Азияда нысандары үздік технологиялар пайдаланылып, заманауи талаптарға лайықталып салынған. Шымбұлаққа дейін тартылған бірегей аспалы жол аталмыш кешенді тау шаңғысы курорты ретінде дамытуға септігін тигізеді сөзсіз.

VII Қысқы Азия ойындарын өткізу шеңберінде барлығы 10 спорт нысаны жаңадан салынып немесе тұтастай қайта жаңғыртылды. Айталық, Алматыдағы «Медеу» мен «Шымбұлақ» кешендері, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайы түгелімен қайта жаңғыртылып, велотрек, «Алау» коньки стадионы, Алматы облысында шаңғы және биатлон кешені, Алматы қаласында трамплин кешені жаңадан салынды.

Елбасы Туризм және спорт комитеті мен барлық деңгейдегі әкімдерге елімізде бұқаралық спорт пен дене шынықтыру ісін дамытуға бағытталған ортақ шараларды белгілеу туралы нақты тапсырма берді. Және ұлт денсаулығының келешегі үшін, үлкен спортта үміт артатын болашағымыз үшін біз бұл міндеттерді бірлесе атқаруымыз керек.

Мемлекетіміз өзінің алдына дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы тұтас міндет қойып отыр. Алғашқы мемлекеттік бағдарлама 2001-2005 жылдар аралығын қамтыса, екінші бағдарлама 2007-2011 жылдар аралығына арналды. [1]

Екінші бағдарлама бойынша елімізде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, дарынды балаларға арналған өңірлік спорт мектеп-интернаттары, олимпиадалық ізбасарлар даярлау орталықтары көбейіп, жекелеген спорт түрлері бойынша республикалық, өңірлік мамандандырылған спорт орталықтары құрылды.

Қазіргі уақытта бұқаралық спортты дамытуға ден қойылып, серпін беріліп отыр. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің саны 423-ке жетіп, оларда 234 мыңнан астам жеткіншек тәрбиеленуде. Бұған қоса, республиканың спортта дарынды балаларға арналған 15 мектеп-интернаты 4 мыңнан астам шәкірт баулып отыр. Мемлекет басшысы 2020 жылы бұқаралық спортпен шұғылданушы халықтың санын 30 пайызға дейін жеткізу туралы міндет қойды. Ал бұл – болашақ дені сау ұрпақтың, яғни еліміздің стратегиялық дамуының қамы.

Спортшыларымыздың әлемдік деңгейдегі беделді жарыстарда қол жеткізген жетістіктері спортшыларды даярлаудағы қазіргі жүйеміз ықпалды да тиімді екенін аңғартады. Жоғары жетістіктер спортындағы рекордтар, халықаралық, ұлттық және басқа да ресми спорттық бәсекелердегі жеңістер бұқаралық спорттың дамуына моральдық тұрғыдан игі ықпалын тигізеді.

Бұқаралық спорт дегеніміздің өзі – спортпен жүйелі шұғылданатын адамдар мен спорт түрлерінің дамуы. Экономикалық тұрғыдан дамыған елдер бұл көрсеткішті 30 және одан да көп пайызға жеткізуге ұмтылуда. Салауатты өмір салтын насихаттап, халықты спортқа тарту аса маңызды. Мұның адамның бойына күш-қуат құйып, рухани болмысын жаңғыртатын бірден-бір амал екені даусыз.

Қазір бізде, Қазақстанның барлық өңірлерін қосқанда, жыл сайын 20 мыңнан астам спорттық шаралар өткізіледі. Бірақ, бұл – аз, жер-жерде: ауылдарда, үлкенді-кішілі қалаларда, сондай-ақ, кәсіпорындар мен ұйым-мекемелерде тың бастамаларға жол ашу қажет. Жарыстар, спартакиадалар мен универсиадалар, басқа да спорттық бәсекелерді бір мезгілдік шара күйінде қалдырмай, жүйелі, тұрақты, жыл сайын өтетін дәстүрге айналдырғанымыз абзал. Және мұны әркім өзінен, өз шаңырағынан бастауы керек. Спортты дамыту үшін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі механизмін іске қосып, қаржылы кәсіпорындарды спорт нысандарын салуға, спорт саласын қаржыландыруға тарту қажет.

Спорттың дамуы, оның ішінде маңызды спорттық жетістіктер мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуіне де байланысты. Мемлекет спорт саласына тиісті деңгейде қолдау көрсетсе, спортшылар да тиісті дәрежеде дайындалып, соның арқасында жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізе алады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып:

- елімізде дене шынықтыру және спорт дамып келеді;
- халықтың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануы үшін жағдайлар жасалынып, олимпиадалық, ұлттық, техникалық, қолданбалы спорт түрлерін және халық ойындарын дамыту үстінде;
- саланы басқаруды оңтайлы жолдарын және қазіргі тәсілдемесін белгілеп;
- дене шынықтыру және спорт саласындағы заңдарды жетілдіруде;
- бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спорт саласында спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды дайындаудың ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және психологиялық қамтамасыз етілуі жөнінде зерттеулер жүргізілуде;
- спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жүзеге асырылуда.

Еліміздегі жаппай спортты және дене тәрбиесін дамыту мақсатында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті үлес қосуда, аталған университеттің ректоры профессор С.Ж.Пірәлиевтің бұйрығымен 2009 жылы университетте «Дене мәдениеті мен бастапқы әскери дайындық» факультеті ашылды. Факультет қазіргі таңда қоғамға қажетті дене мәдениеті мен спорт, бастапқы әскери дайындық мамандығы бойынша барлық үлгідегі мектептерге арналған мұғалімдер, әр спорт түрлерінен жоғарғы білікті жаттықтырушылар, дене мәдениеті арқылы сауықтырушы мамандар даярлауды жүзеге асыруда. [2]

Қазіргі таңда факультетте халықаралық дәрежедегі 6 спорт шебері, 24 спорт шебері, 37 спорт шеберлігіне үміткерлер оқиды. Олардың ішінде Шәкенов Мұрат 2010, 2012 жылы су добынан Азия чемпионы атанса, Белых Илья 2011 жылы Орlando қаласында (АҚШ, Флорида штаты) жүзуден жеңіске жетті. Ниязбеков Дәулет еркін күрестен Түркияда 2011 өткен әлем біріншілігінде қола жүлдені жеңіп алды. Аталған үш спортшы да 2012 жылы өтетін Ұлы Британияның Лондон қаласында өтетін жазғы Олимпиадаға жолдама алды. 2011 жылы Қазақстан Республикасы біріншілігінде өз салмақ дәрежелері бойынша дзюдодан Файзолланова Зәмзәгүл мен Самалиев Құрал, еркін күрестен Тобықов Дәурен алтын медальды иемденді. [2]

1. «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» газеті сайты.

2. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жеке сайты.

3. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауынан.

Резюме

В данной статье рассматривается движение и развитие физической культуры и массового спорта в стране.

Summary

In this article motion and development of physical culture and mass sport are examined in a country.

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Оспанқұлов Е.Е. – Дене мәдениеті және спорт мамандығының магистранты

Дене тәрбиесінің теориясы мен дене тәрбиесі қозғалысы дене мәдениетінің қазіргі заманғы теориясының пайда болуына септігін тигізді.

Н.И. Пономарев сонау 1969 жылы-ақ құрамды бөліктерге бөле отырып, «дене мәдениеті» және «дене тәрбиесі» ұғымдарына анықтама берген болатын. Біраз кейінірек ол дене мәдениеті теориясын ғылым ретінде бөле келе, оны дене тәрбиесі теориясының, спорттық теорияның, дене тәрбиесі мен спорт социологиясының негізгі бөлігі ретінде атайды және дене тәрбиесі институттарының оқу жоспарына осы пәнді кіргізу қажет деп санайды [1].

1975 жылы Л.П.Матвеев дене тәрбиесі жалпы теориясының нұсқасын қарастыра келіп, онда ол дене тәрбиесі институттары үшін жаңа да дербес ғылыми бағыт және оқу құралы ретінде дене тәрбиесінің жалпы, теориясының негізін қалау мүмкіндігіне болжам жасап, оған назар аударады [2].

Дене тәрбиесінің жалпы теориясын жасау жөніндегі ұсынысты Н.И.Торопов қолдайды да, болашақ ұрпаққа дене тәрбиесін берудің жалпы дене мәдениеті мен спорт жүйесінің бір бөлігі екендігін атап көрсетеді [3].

Л.П.Матвеев «дене мәдениеті мен спорттың жалпы теориясын жасау перспективасына» деген мақаласында дене мәдениеті теориясында мынадай ірі компоненттерді бөліп айтады: базалық дене мәдениеті, кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі дайындығы, сауықтырғыш-қалпына келтіргіш дене мәдениеті мен спорт. Жоғарғы оқу орындары мен мектептердегі дене тәрбиесін ол базалық дене мәдениетіне жатқызады [4].

Дене мәдениетінің теориясын одан әрі дамыту мен жетілдіруге В.М.Выдриннің дене тәрбиесі институттарында «Дене мәдениетінің теориясы» деген атпен жаңа оқу құралының оқу жоспарына енгізілуі зор ықпал етті. Онда оған дене мәдениеті қоғамдық мәдениет пен жеке адамның органикалық бір бөлігі, адам қызметінің нәтижесі ретінде қарастырылады, онда жалпы мәдениеттік міндеттер тәрбиелік, білім беру, тіл табысқыштық, ерекше міндеттер ағзаның және тұлғалық қасиеттердің үйлесімді дамуы, еңбекке дайындық және т.б. сондай-ақ, мәні Н.И.Пономаревтің «Дене мәдениеті мен спорттың әлеуметтік

қызметі» атты кітабында кең де нақты ашылған әлеуметтік қызмет жүктеледі. В.М.Выдрин Г.А.Решетевамен, Ву Дас Хуигпен, В.В.Евстафьевпен шығармашылық бірлестікте бола отырып, мәдениет теориясы негізінде оның концепциясын жасап шығарған, онда дене мәдениеті теориясының негізгі ұғымдарына: «дене мәдениеті», «дене тәрбиесі білім», «спорт», «тұлғалық рекреация», «қозғалысты қалпына келтіру» деген түсініктемелер береді [5,6]. Дене мәдениеті теориясының қосымша компоненттері ретінде «дене тәрбиесі дайындығы», «тұлғаны дамыту», «дене тәрбиесі жаттығулары» деген ұғымдарды алады.

Дене мәдениетінің теориясы дене мәдениетінің мәні туралы ғылыми жүйе ретінде түсіндіріледі, оның міндегі «адамның үйлесімді дамуының заңдылықтарын тауып және ашу, оның тұлғалық жағынан белгілі бір бағытта және жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тәсілдерін түсіндіріп және дәлелдеу, оларды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету жолдарын, лайықты түрлері мен принциптерін пайдаланудың ыңғайлы әдістерін табу».

Л.П.Матвеев дене тәрбиесі қозғалысының ғылыми-теориялық негіздерінің қалыптасу кезеңдеріне, дене тәрбиесі мен дене мәдениеті теорияларына сипаттама бере келіп және оның дәрежесін нақтылай отырып, дене тәрбиесіне ерекшелік мазмұны адамдарды қозғалысқа үйрету мен тұлғалық сапасын жетілдіру болып табылатын тәрбие түрі деген анықтама береді [7].

Ол сонымен бірге, дене мәдениетінің құрамдас бөліктеріне «базалық мектеп дене мәдениетін», «өндірістік дене мәдениетін», «емдік дене мәдениетін» және оның басқа компоненттерін жатқызады да, ал дене мәдениеті теориясының өзін ол қоғамдық, жаратылыс және мамандандырылған ғылымдармен, жалпы педагогикамен, физиологиямен, психологиямен, дене мәдениеті тарихымен, социологиямен, дене мәдениеті қозғалысын басқарумен, дене тәрбиесінің теориясы және тәсілдерімен, тағы басқаларымен өзара байланысты, дене мәдениетінің мәні туралы ғылыми білім беру жүйесі екендігін айқындай келіп, жалпы ғылым деп атайды.

Дене мәдениетінің теорияларына атақты ғалымдар В.М.Выдрин, Л.П.Матвеев, Н.И.Пономарев және басқалары тарапынан баса назар аударылуы «Дене мәдениеті теориясына кіріспе», «Дене мәдениетінің теориясы», «Дене мәдениеті теориясының негізгі ұғымдарын талдау» және басқа көптеген ғылыми жарияланымдардың, диссертациялық зерттеулердің және ғылыми еңбектердің пайда болуына ықпал жасады.

Дене мәдениетінің теориясына арналған «Дене мәдениетінің теориясы жөніндегі очерктер» халықаралық еңбектерде жарық көрді. Онда дене мәдениеті теориясының негіздері ғылыми біліктіліктің жаңа кешенді саласы ретінде қарастырылады. Сол сияқты дене мәдениетіне байланысты арнайы оқу орындарына арналған В.М.Выдриннің, А.А.Гужаловскийдің дайындауымен «Дене мәдениетінің негізгі теориясы мен әдістемесі» атты оқулық та пайда болды. «Дене мәдениетінің теориясы мен практикасы» журналының беттерінде философтар В.Н.Столяров, Н.А.Пономаревтардың қатысуымен белгілі ғалымдардың шығармашылық пікір таластары да өткізілді. Әсіресе, В.И.Столяров журналдың екі санында жариялаған «Дене мәдениетінің теориясы туралы мәселеге» атты мақаласында қозғалыс әрекеті түрлерін бірнеше топқа бөле отырып, дене мәдениеті теориясына әдістемелік талдау жасайды. Адамның биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты біріншісіне, ол қоршаған ортада жүріп-тұруды, екіншісіне - еңбек түрлерінің сан салалығына орай еңбек қызметін, сонан соң адамдық танымдық қызметі барысындағы адам қозғалысын, одан кейін – спорт түрлерінің ерекшеліктері себепші болатын арнаулы қозғалыс қызметін, және соңында – дене тәрбиесі жаттығулары арқылы арнаулы қозғалыс әрекетінің тобын жатқызады.

Профессор В.И.Столяровтың дене мәдениеті теориясы туралы көзқарасына жауап ретінде Н.И.Пономаревтің «Тағы да дене мәдениетінің теориясы туралы» деген мақаласы жарық көріп, онда ғалым ол ұсынған кейбір жағдайларға сын көзімен баға береді. Мұның өзі қарастырылып отырған ғылымның одан әрі дамуы мен жетілуіне ықпалын тигізгені сөзсіз.

В.И.Столяровтың дене мәдениеті теориясы туралы көзқарасына сыни талдау жасаған В.М.Выдриннің «Дене мәдениеті мен оның теориясы» атты мақаласы жарық көрді. Дене мәдениеті теориясына осындай назар аударылуы оны одан әрі дамыту және жетілдіру перспективасының, әсіресе, бүгінгі «Дене мәдениетін дамыту концепциясына» және «КСРО да халыққа дене тәрбиесін беру бағдарламасына» байланысты перспективасының бар екендігін дәлелдейді, өйткені, оларда дене мәдениеті теориясы мен практикасының өзара тығыз қарым-қатынасы көзделген болатын.

Л.П.Матвеевтің «Дене мәдениеті теориясы мен практикасының кейбір проблемалары» атты мақаласы да осы мәселеге арналған, онда автор таяудағы аса кезек күттірмейтін проблемалардың бірі - барлық жастағы азаматтар үшін ең қолайлы қозғалыс режимін анықтау мен оны жүзеге асыру проблемасы екендігін орынды атайды.

Студенттерге дене тәрбиесін берудің маңызды проблемаларын шешудің негізінен екі мүмкіндігі бар. Біріншісі, дене тәрбиесі қызметін өз бетінше жүргізу негізінде студенттердің өздерінің белсенді қозғалыс әрекетіне байланысты, ал екіншісі, жоғары оқу орындарында дене тәрбиесіне бейімделген және ұйымдастырушылық пен әдістемелік дағдыларға машықтанған студент өзі еңбек етіп жүрген ұжым мүшелерінің, олардың көбісі халық шаруашылығы әртүрлі буындарының басшылары, мүмкін болған қалыпты дене тәрбиесі – қозғалыс режимімен теориясын дамыту мен әсіресе, оның практикасында аталған бағыттарды жүзеге асыру жоғары оқу орнының буындарына байланысты екені анық.

Осы орайда В.М.Выдриннің дене мәдениеті қызметінің бірінші ерекше түрі деп, сабақ процесі барысында дене тәрбиесімен айналысуға болатын және дене мәдениетіне деген қатынас қалыптасатын дене мәдениеті білімін беру екендігін атауы кездейсоқ емес, ол сонымен бірге дене мәдениеті компоненттерінен әр адам өзі үшін өзіндік теория жасап алу қажеттігін атап көрсетеді.

Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесіне келетін болсақ, онда студенттер жалпы тәрбие теориясы мен дене тәрбиесі теориясына сүйене отырып, мыналарды оқып игереді:

- жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру мен оның тәсілдерін;
- дене тәрбиесінің жаратылыс-ғылыми негіздерін;
- дене мәдениеті мен спорттың гигиеналық негіздерін;
- дене мәдениеті мен спорттың әлеуметтік қызметін;
- кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі дайындығын;
- еңбекті ғылыми ұйымдастырудағы дене мәдениетін.

Оның негізгі түсініктері мен терминдері де айқындалады.

Олар: тәрбие, дене тәрбиесі дайындығы, оқу сабағы, оқу-жаттығу сабағы, оқу бөлімдері негізгі, спорттық, арнаулы, оқу топтары, медициналық топтар негізгі дайындық, арнаулы, тұлғаны дамыту, дене тәрбиесі дайындығының дәрежесі, дене қабілеттерін жетілдіру [8].

Жоғарғы оқу орындарындағы дене тәрбиесі процестерінің негізгі түрлері сабақ кезіндегі практикалық, теориялық, жекелей және сабақтан тыс кездегі оқу күні режимі бойынша дене тәрбиесі жаттығулары, секцияларда жаттығу, өз бетінше жаттығу, жаппай сауықтырғыш, дене тәрбиесі спорттық шаралар жаттығулар болып табылады. Сөйтіп жоғарғы оқу орындарындағы дене тәрбиесі таңдаған мамандығына, болашақ кәсіби еңбегіне, әскери қызметіне өзінің функционалдық және тұлғалық жағдайына сай келетін, жеке адамның дене тәрбиесі дайындығын қалыптастыратын мамандандырылған педагогикалық процесс. Сабақтың өзінің құрылымы, тәсілдері бар және оған жалпы педагогикалық тәрбие мен жеке ерекше қызмет жүктелген. Оқу пәні ретіндегі жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесінің теориясы мен практикасының негіздері «Дене тәрбиесі» атты оқулықта берілген. Оқулықты жазуға белгілі ғалымдар мен дене тәрбиесінің мамандары (Н.И.Пономарев, В.Г.Шербаков, А.В.Чоговадзе, В.И.Ильнич, В.И.Жолдақ, Н.Н.Бугров) қатысып, оқулықтың II тарауында пәннің негізгі түсінігін, құрылымын, міндегі мен әдістемесін ашып берген болатын [9, 10, 11, 12, 13, 14]. Дене тәрбиесі жүйесінің негізгі түсіндірмелері мен дене мәдениеті және спорттың әлеуметтік қызметі айқындалған, дене тәрбиесі жоғары оқу орындарындағы оқу мен тәрбиенің құрамдас бір буыны үстінде қарастырылады.

Онда дене тәрбиесі мен дәрігерлік бақылаудың жаратылыс-ғылыми және гигиеналық негіздері, спорттық жаттығулар мен дене тәрбиесі жаттығуларымен өз бетінше айналысудың әдістемелері кеңінен берілген. Кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі дайындығының түсіндірмесі мен студенттерге дене тәрбиесін беру сабақтары мен сабақтан тыс түрлерінің құрылымы айқындалған, еңбекті ғылыми ұйымдастыру жүйесіндегі мақсаттар мен міндеттер белгіленген. Оқулық жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесінің теориясын дамытуда, өзінің прогрессивті рөлін атқарды, алайда, қазіргі кезеңде, дене мәдениеті теориясының дамуына байланысты оны қайта жасап, қайта бастыру керек. Ғалымдар спорт теориясына, дене тәрбиесі институттарына кадрлар тәрбиелеуге байланысты дене тәрбиесі теориясына басымырақ назар аударып келді, ал жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі теориясына, пәннің негізгі түсіндірмесіне, құрылымына, түрлері мен қызметіне аз мөлшерде көңіл бөлінген. Жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие жұмысының теориясын жасап және оны жетілдіруге жаңаша қатынас қажет екендігі өзінен-өзі түсінікті, ал ол оқу сабақтарының құрылымдарын өзгертуге себеп болды.

Дене тәрбиесі сабағындағы студент дайындығына (басқа сабақтарға қарағанда) жоғарғы қозғалыс активтілігі эмоционалдық, өзіндік функционалдық және денсаулық жағдайына баға беру, өзара қатынас, шынықтыру және рухани – ерік қасиеттерінің аса жоғары көрінуі, сыртқы орта жағдайы мен климаттық-географиялық факторлардың байланысына тән болып келеді.

Дене тәрбиесінің жаттығу сабақтарымен күнделікті айналысу тек қана шыдамдылық, күш, жылдамдық сияқты қасиеттерді дамытуға септігін тигізіп қоймайды, сонымен бірге адам мінез-құлқының дұрыс

калыптасуына үлкен ықпал етеді. Дене шынықтыру жаттығулармен шұғылдану процесінде, әсіресе спорттық жаттығулар процесінде жігерлілік, өжеттілік, ерік, еңбекке құштарлық, табандылық, адамның күнделікті өмірі мен қоғамдағы қызметінің керекті тәртіптілігін қалыптастырады.

Ерекше қозғалу режимі спортпен айналысатын студенттерде байқалады. Жоғарғы оқу орындарындағы қазіргі оқу-тәрбие процесінің көп түрлі формалары (лекциялық сабақтар, лабораториялық, семинарлық, практикалық сабақтар, емтихандар, курстық және дипломдық жұмыстарды дайындау және қорғау, педагогикалық және өндірістік практикалық және т.б.) қызметінің әр түрлі оқытушылар мен студенттердің өзара байланысы жағдайында іске асырылады және жоғарғы оқу орны студенттерінің оқу-тәрбие қызметінің негізі болып табылады.

Оқу, тану, тәрбие, ақыл-ой, оқу-өндірістік, қоғамдық еңбек, ғылыми-зерттеу, спорттық, қоғамдық дене шынықтыру және т.б. олардың барлығы хабарларды игеру және қайта жасаумен бірге жүргізіледі және энергия жұмсаумен, адам ағзасы жүйелерінің психофизиологиялық жағдайымен көрінеді. Олардың қалыптасуы және жетілдіруі дене тәрбиесі процесінде іске асырылады. Дене тәрбиесі процесінде студенттер адам ағзасына дене шынықтыру жаттығуларының физиологиялық әсер етуі туралы біледі, айналасатындардың жалпы білімін жетілдіруге көмектесетін дене шынықтыру қасиеттерінің қозғалысы және дамуын оқытатын әдістемемен танысады.

Студенттер әсіресе спорттық жаттығулар процесінде қосымша хабарлардың үлкен көлемін алады. Жаттықтырушы ғана емес, студенттен де көп қырлы білімді талап ететін оқу-жаттығу процесін ғылыми дәлелді құру арқасында спорттағы қазіргі жетістіктер мүмкін болды. Спортта қозғалысты дұрыс және тиімді жасау өте маңызды. Ол үшін атқарылатын іске тұрақты бақылау және талдау қажет. Бұл әсіресе тікелей жарыс жағдайында керек. Арнаулы білім деңгейі қызметі спорттық жаттығулар негізін игеруде арқылы көрінеді.

Жоғарғы оқу орындарында спортпен айналысатын немесе қоғамдық дене тәрбиесі шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын атқаратын жас мамандардың еңбек ұжымына тез үйренісіп, өздеріне тапсырылған еңбек түрлерін тез игеріп, өндірістегі кадрлардың мойындауына ие болып, кәсіпорынның әр түрлі құрылымдық бөлімшелерінің алдыңғы қатар мамандары және басшылары болатыны байқалды. Бұл жерде жас мамандардың жан-жақты дене дайындығының рөлі көрінеді.

Олардың ұйымдастырушылық қабілеті, адаммен араласуы, ынтылылығы, тәртіптілігі және басқа қасиеттері мен мінездері спортпен айналысу кезінде көрінеді.

Көптеген авторлардың зерттеулері, қазіргі кезде дене шынықтыру мәдениеті мен спорт, жұмыс істеудің жоғарғы деңгейін ұстаудың және денсаулықты сақтаудың маңызды құралы екенін көрсетеді.

Дене шынықтыру жаттығуларын ұдайы қолдану тыныс және жүрек тамыр жүйелерін жақсартады және артық салмаққа ие болмауына көмектесіп, бұлшық етінің жұмыс атқаруын арттырады. Дене шынықтыру мәдениеті және спорт студенттердің қоғамдық белсенділігін қалыптастыруда үлкен педагогикалық мүмкіндікке ие болады.

Спортпен айналысу кезінде адамның дене шынығуын жетілдіру қалыптасып, рухани және шынықтыру үндестігі жасалады.

Әрбір адам өміріндегі спорттың маңыздылығының өсуін Мәскеу қаласындағы болған «Қазіргі қоғамдағы спорт» атты Бүкіләлемдік ғылыми конгрестегі көптеген ғалымдар мен мамандардың баяндамалары дәлелдеп берді. Дене шынықтыру мәдениеті және спорт қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында әсер ететін маңызды, көп функциялардың факторы болып табылады. Конгресте құралған мына проблемалар бұған дәлел болады: «Спорт және әдептілік, ақыл-ой және эстетикалық тәрбие», «Спорт және әлемді сақтау», «Спорт және жеке адам», «Спорт және қазіргі ғылыми-техникалық революция», «Спорт және бос уақыт» және басқалары. Чикаго қаласында (АҚШ) 1990 жылы мамыр айында әлемнің әр түкпіріндегі адамдар өміріндегі дене шынықтыру мәдениеті маңызын көрсететін «Дене дайындығы, тамақтану және спорт – барлық адам үшін» атты бірінші Бүкіләлемдік конгресс болып өтті.

Жоғарғы оқу орнында оқып жүрген мыңдаған студенттер отряды Қазақстан Республикасы халық шаруашылығының әр түрлі салаларындағы ғылыми-техникалық прогресті дамытуға жоғарғы оқу орындарында оқып жүріп дайындалады.

Жоғарғы оқу орындарындағы оқу процесі мықты денсаулық, дене шынықтыру дайындығы мен дамуын игеру арқылы келетін көптеген хабарлар және ғылым мен техникалық жаңалықтарына толы болады.

7. Рахметова Р.С. Исабекова Ұ.К. Қазақ тілі (Негізгі деңгей, оқулық). – Алматы: «Жазушы», 2007. – 480 б.
8. Пономарев Н.И. Возникновение и первоначальное развитие физического воспитания. – М.: Физкультура и спорт, 1970. – С. 196.
9. Теория и практика физической культуры / Под ред. Л. П. Матвеева, Д. Новикова. – М.: Физкультура и спорт, 1976. – 230 с.
10. Торопов Н.И. Опыт медицинской географии Кавказа, относительно перемежающихся лихорадок"" (с картой распространения лихорадок на Кавказе. – СПб., 1864. – 125 с.
11. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1991. – С. 141-224 с.
12. Выдрин В.М. Теория физической культуры. – Л.: Физкультура и спорт, 1988. – 145 с.
13. Решетова З.А. Психологические основы профессионального обучения. – Москва: Изд-во МГУ, 1985. – 150 с.
14. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1991. – С. 423-503 с.
15. Караков А., Ажибаева С. Образ жизни и здоровье студентов. Сборник научно-практической конференции "Мировая образовательная политика, в контексте трансформации системы образования". – Алматы-М., 2006. – С. 19-23.
16. [Богданов В.М.](#), [Пономарев В.С.](#), [Соловов А.В.](#) [Сотвори себя сам](#): // Учеб. пос. – Самара: СГАУ, 2001. – 150 с.
17. Щербakov А.И., Щербakov В.А. Развитие теории и практики технологии исследований и разработок: опыт и перспективы. – Алма-Ата, 1990. – 181 с.
18. Чаговадзе А.В. Физическое воспитание и здоровье студентов // Здоровохранение Российской Федерации. – 1984. – №6. – С. 13-16.
19. Ильинич В.И. Профессионально-прикладная физическая подготовка студентов Вузов. – М.: Высшая школа, 1978. – 32 с.
20. Жалдак М.И. Система подготовки учителя: автореф. Дисс... докт. пед. наук: 13.00.02. – М., 1989. – С. 18-23 с.

Резюме

В данной статье рассматривается, формирование здорового образа жизни на основе развитие физических возможностей будущих специалистов в физической – оздоровительной системе.

Summary

This article focuses on promoting a healthy lifestyle through physical development opportunities of future professionals in the physical - health system.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сабденбеков Е.У. – Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Егемен Қазақстан жағдайында халқымыздың дене тәрбиесі оның ішінде ұлттық спорт пен ойындар арқылы салауаттылық өмірге баулу, денсаулығын жақсарту, бұқаралық спортты дамыту, салт-дәстүрді сақтау, елін-жерін сүйеге тәрбиелеу жолдарын ғылыми негіздеу осы жұмыстың өзекті бағыты болып табылады. Бұл жұмыстарды іске асыру Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 30 қаңтар 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген «Қазақстанда бұқаралық спортты дамытуда 2020 жылға дейін 30 пайызға көтеру қажет» деген тапсырмасын орындауға бағытталып отыр.[1]

Дәстүрлі халық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі болып саналатын ұлттық ойындар мен спорттың қоғамдағы атқаратын пайдалы орынын анықтау, дене белсенділігін жетілдіру, оны теориялық-практикалық негіздеу, алдымен, ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің осы уақытқа дейін толыққанды тәрбие құралы ретінде танылмай жүрген олқылықтарын жоюға, оқу-тәрбие және спорттық жаттығулар жұмыстарына басқа дене тәрбиесі құралдары сияқты өіне тиісті орнын алуға жол ашты.[2]

Қазіргі таңда жалпы орта мектептерде дене тәрбиесі сабаға барысында қозғалыс және дене белсенділігінің төмен екендігі белгілі. Оқушылардың дене тәрбиесі сабағына қызықпауының түрлі себептерін қарастыруға болады. Мысалы ата-ананың балаға деген салғырттығы, түрлі себептермен дене тәрбиесі сабақтарына қатыстырмай анықтамалар алып беруі сонымен қатар көптеген компьютерлік ойындардың көбейуінен туындап отыр. Жасөспірімдер арасында дене белсенділігін қалыптастыру барысында әдістемелік оқулықтардың жоқтығы мен оқыту методикасының ескіргендігі бұл саланы алға жүргізуге тұсау болып отыр. Осыған байланысты дене тәрбиесі сабағында оқушыларға дене белсенділігін қалыптастыру барысында, әр түрлі саладағы *белсенділік* ұғымына толығырақ тоқтала кетуді жөн көрдік. Белсенділік адамның тіршілік қозғалысының қарқынын білдіретін және салыстырмалы түрде

анықталатын ұғым. Белсенділік - адамның өзіндік сана-сезімінің қозғаушысы, ал өзіндік сана-сезім – белсенділіктің дара көрінісі. Белсенділік өзінің негізгі белгілерінің (мақсаттылығы, мотивтері, саналығы, әрекет әдіс-тәсілдеріне ие болуы, эмоционалдығы) пәрменділігімен, сонымен бірге, адамының құлшынысы сияқты қасиеттермен ерекшеленетін әрекет. Белсенділіктің қозғаушы күші – қажеттілік пен құштарлық. Тіршіліктің негізі қозғалыс пен әрекет болса, оның қарқынды немесе баяу жүруі қажеттілік пен құштарлық ауқымына байланысты. Белсенділік ұғымы әр түрлі ғылым саласында дербес ұғым, сондай-ақ, әр түрлі тіркестерде қосалқы ұғым ретінде кеңінен қолданылады. Белсенділік ұғымының кең мағынаға ие болғандығы соншалық, көп жағдайда оны қолдану белгілі бір анықтылықты, нақтылықты талап етеді. Орыс тіліндегі сөздікте Белсенділік әрекеттілік, жігерлілік қайраттылық ұмтылушылық ретінде анықтама беріледі.

Адам белсенділігі жеке тұлғаның маңызды сапасы ретінде, қоршаған шындықты өз қажеттілігіне, көзқарасына, мақсатына сәйкес өзгерту мүмкіндігі ерекше маңыздылыққа ие болуда (А.В Петровский, М.Г Ярошевский, 1990). Психологияға «белсенділік ұстанымын» енгізе отырып, үлкен маңыздылық берген.[3]

Белсенділік – алдына мақсат қойып, оны орындауды өз ынтасымен ұйымдастыру және оған жетуге бағытталған адамның ерік күшінің сапасы.

Белсенді қимыл – (лат. *Activus*-әрекет): -1. дене қозғалысын қамтамасыз ететін немесе соған жағдай туғызатын адамның белсенділігі. 2. қимыл-қозғалыс жасау сәтіндегі адамның жағдайы.

Белсенді спортшы – жекпе-жек түрлерінде немесе командалық ойындар кезінде ширақ, қимылдап, белсенділік көрсететін спортшы. [4]

Белсенділік, *элементарлық белсенділік*, *биологиялық белсенділік*, *әлеуметтік белсенділік* болып жіктеледі. *Белсенділіктің* бұл түрлерін өзінің қамтылу аясына қарай әр ғылым өз әдісіне сай зерттейді.

Әлеуметтанудағы белсенділік адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін сипаттайтын негізгі белгілердің бірі. Мұны *саяси белсенділік*, *әлеуметтік белсенділік* және *психикалық белсенділік* деп бөледі:

Саяси белсенділік - жеке тұлғаның не әлеуметтік топтың саяси процеске араласу деңгейін білдіретін ұғым. Бұл белсенділік әлеуметтік топтың өзі көздеген мақсаттарына сай саяси жүйеге ықпал етіп, оны өзгертуге ұмтылуынан байқалады.

Әлеуметтік белсенділік - белгілі бір тарихи кезеңде әлеуметтік топтың, қауымның қоғам алдына қойылған міндетті саналы түрде шешуге бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы. Әлеуметтік белсенділік қоғам өмірін әртүрлі аясында (саяси-қоғамдық істерде, *еңбек, мәдениет және тұрмыс* саласында) көрініс береді.

Психикалық белсенділік - субъектінің ұстанған бағдарын жүзеге асыру барысындағы іс-әрекетінің жігерленіп. Ол жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне, яғни белгілі бір ахуалға сай әсерленуіне, мінез-құлқына, шешім қабылдау қабілетіне байланысты. Психологиядағы *белсенділік* - адамның сыртқы ортамен 93 қарым-қатынас жасауының сипаты. Бұл орайда белсенділік іс-әрекетпен байланысты бағаланады. Психологияда белсенділікті тұлға белсенділігі, ситуацияға үстем белсенділік, іздену белсенділігі, шектен асқан белсенділік деп бөледі.

Тұлға белсенділігі - адамның шығармашылықтағы, іс-әрекеттегі, қоғамдағы, қарым-қатынастағы тегеурінділігі. Бұл адамның әлеуметтік өзгерістерге араласуынан байқататын қасиет. *Тұлға белсенділігі* оның идеялық принциптілігі мен өз көзқарасынан таймауынан, сөзі мен ісінің бірлікпен көрінетін адамның белсенді өмірлік позициясы ретінде сипатталады; ситуацияға үстем *белсенділік* - субъектінің ситуациялық алаптардың деңгейінен биік болу қабілеті. (мысалы, енжарлық самарқаулық селқостық, т.б.) жөнеді *белсенділік* тің бұл түрі шығармашылық жағдайларда, танымдық белсенділікте риясыз бас тігуде және шектен асқан белсенділікте көрінеді; іздену *белсенділігі* болашағы беймәлім ситуацияны өзгертуге бағытталатын мінез. іздену *белсенділігі* - мінез-құлықтың көп типтерінің бірі болып табылады. Оның психикалық көріністері - жоспарлау, қиялдау, т.б.; шектен асқан *белсенділік* нәтижелі іс-әрекетті сипаттайтын, істің жоғары нәтижелілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. [5,6]

Қорыта келгенде белсенділік туралы әр бір саланың өзіндік анықтамасы бар, сол себепті дене тәрбиесі сабағында жасөспірімдерді ұлттық ойындар мен түрлі спорт түрлері арқыла қимыл-қозғалысын, ептілігін, икемділігін, белсенділігін және қызығушылын арттыратын жаңа оқу құралдары мен әдістемелер жасап шығару сондай-ақ құрал жабдықтар мен білікті мамандар дайындау мәселесін қарастыру керек. Бүгінгі таңда дене тәрбиесі мамандығына деген дұрыс көзқарас, пікірлердің және мелекеттің көңіл бөлмеу себебінен бұл саланың тоқырауға ұшырап тұрғаны белгілі. Осында мәселелерді шешу осы саладағы барлық мамандардың алға қойған міндеттері болу керек.

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 30.12.2010 ж. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы.
2. Алимханов Е. Ұлттық спорт ойындарының теориялық және педагогикалық негіздері: автореф. пед.ғыл.канд: 29.11.10 – Алматы, 2010. -3б.
3. Сандықбаева Ө.Д. Жастар белсенділігінің әлеуметтік-мәдени құндылық негіздері: автореф. филос. ғыл. канд: ... 28.10.10. – Алматы, 2010. -12-13 б.
4. Жолымбетов Ө., Құлназаров А.Н. Спорт атауларының қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. - 42-43 б.
5. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. -384 б.
6. Биекенов К., Садыров М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздік. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2007. -344 б.

Резюме

Эта статья направлена на формирование активности и движений на уроках физического воспитания.

Summary

This article devoted to form the students' activeness and activity during the lessons of physical training.

ҚАЗАҚША КҮРЕСТІҢ ЖАРЫСТАРЫН ӨТКІЗУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Қоспағарова Ж.С. – Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Сабденбеков Е.У. – Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

Белдесіп күресу ертеден бері-ақ қазақ халқының құмарта шұғылданатын спорт түріне айналған және де мұның өзі кезінде қазақтарға дене тәрбиесін берудің негізгі тәсілі болған. Қазақша күрес қазақ жауынгерлерін күштілікке, ептілікке, қоян-қолтық ұрыста өз дұшпанын жеңе білуге үйретудің маңызды әдісі болып табылады.[1]

Қазақша күрес-тұрып тез қимыл жасауды талап етеді. Бұл күрестің ережесі бойынша самбо, еркін классикалық күрестің кейбір әдістерін қолдануға болады.

Жарыстың сипаты, түрі және өткізу әдістері. Қандай міндеттер қойылғанына қарай жарыстар мынадай түрлерге бөлінеді. Оқу топтарының, секциялардың, қалалардағы дене шынықтыру коллективтерінің, облыстардың, республиканың, ерікті спорт қоғамының, жеке ведомстволардың біріншілігі. Бұл жарыста оқу-жаттығу жұмыстарының қорытындысы шығарылып, ең күшті палуандар мен командалар анықталады.

Спорттың бірнеше түрін қосып, сөйтіп комплексті біріншілік болып табылатын республика спартакиадасы және спорттың ұлттық түрінен өтетін спартакиадалар жарыстарының бір түріне жатады. Газет редакцияларының жүлдесі, республиканың атақты адамдарының, Совет Одағы Батырларының атындағы жүлде үшін де жарыстар өткізіледі.

Мұндай кездесулер тәжірибе алмасуға, шеберлікті арттыруға ықпалын тигізіп, спортшыларды патриотизмге, өзінің ұжымы үшін намысқа тырысуға үйретеді.

Іріктеу жарыстары күшті палуандардың арасынан тандап алып, құрама командаларды толықтыру үшін, ал бақылау жарыстары даярлықтың соңғы кезеңінде палуандардың алдыңғы кездесулерге әзірлігі қандай екендігін анықтау үшін өткізіледі. Күрес өнерін көрсету жарыстары спорттық шеберлігінің артуына және қазақша күресті насихаттауға көмектеседі. Классификациялық жарыстар спорттық разряд нормаларын орындап, палуандардың шеберлігін арттыру мақсатында өткізіледі.

Есепке алу сипатына қарай қазақша күрес жеке, командалық және жеке командалық болып бөлінеді.

Бір салмақ категориясында жарысқа қатысатын палуан саны екіден асатын болса, жарысты өткізу әдісін анықтап алу қажет. Қазақша күрестен жарыс айналым және жарыстан шығып қалу жүйесі бойынша өткізіледі. Айналым жүйесінде жарысқа қатысушы әрбір палуан (команда) басқа қатысушы барлық палуандармен (командалармен) кездеседі. Бұл жүйе жарысқа түскен палуандардың күшін барынша дәл анықтауға мүмкіндік бергенімен уақытты өте көп алады. Соныдықтан ол жарысқа қатысушылар (командалар) саны аз болғанда ғана қолданылады. Жарыстан шығып қалу жүйесінде палуан (команда) ережеде көрсетілген айып ұпайы санын, яғни 2 реттен жеңілгеннен жарыстан шығып қалады. Жарыстан шығып қалу жүйесі бойынша жарыс өткізу үшін палуандарды (немесе командаларды) жұптаудың белгілі бір тәртібін пайдаланады. Әр палуанның салмағын өлшеп болысымен жеребе тартқызу арқылы рет санын анықтайды.

Мұнымен қатар қазақша күрестен ересектер арасында абсолютты біріншілік ұйымдастырылады, оған барлық салмақ категориясындағы палуандар қатысады.

Жасына қарай жарысқа қатысушылар мынадай топтарға бөлінеді: жеткіншектер (12-13 жас), жасөспірімдер тобы (16-17 жас), жастар (18-20 жас), ересектер (20 жас және оданда жоғары). Жастарға ересектер арасындағы жарыстарға қатысуға рұқсат етілуі мүмкін. Салмағына қарай жарысқа қатысушылар салмақ категорияларына бөлінеді.[2]

Жарысты дайындау және ұйымдастыру. Жарыстың табысты өтуі көп жағдайда әбден ойластырылып жүргізілген мұхият дайындық байланысты. Барлық дайындық жұмыстарын бірнеше кезеңге бөлген дұрыс.

Бірінші кезеңге жарыстың мерзімі мен өткізілетін орнын анықтау, ережелер мен шығындар сметасын жасап бекіту, жарысты өткізуге жауапты адамдарды бөлу немесе ұйымдастыру комитетін бекіту, бас төреші мен бас секретарьды бекіту жатады. Дайындықтың бұл кезеңінде жарыс ережелері жасалады, онда мыналар көрсетілуі тиіс: жарыстың аты, оның мақсаты мен міндеттері, уақыты мен өткізілетін орны, жарысты өткізуге басшылық (оны ұйымдастырып өткізетін кім), қатысушы ұйымдар мен қатысушылар, өтініш беру мерзімі (алдын ала және қатысушылардың аты-жөні көрсетілетін өтініштер), жарыстың өткізудің шарттары және жеңімпаздарды анықтау, жеңімпаздарды наградтау.

Жарыс жөніндегі ережелерге қойылатын негізгі талаптар: дәлдік, анықтық, нақтылық және негізгі пункттерінің екі түсінік бермейтіндей болмауы. Жарыс ережесі қолданылып жүрген негізінде жасалады. Ол ұйымдастыру ғана емес, сондай-ақ методикалық документ болып табылады да, жарысқа қатысу кезеңіндегі оқу-жаттығу жұмыстарының бағыттығын анықтап береді. Жарысты өткізетін ұйым бекіткеннен кейін жарысқа қатысушылар мен төрешілер коллегиясы ережені орындауға міндетті.

Жарыс жөніндегі ережемен қоса шығындар сметасы жасалады. Соның негізінде жарысты өткізетін ұйымдар ақша және материал бөледі. Сметаны жасаған кезде жарыстың аты, өткізілетін мерзімі және уақыты, төрешілер саны, және жарысқа қатысушылар саны, олардың тамағына, орналасуына, жолына, т.б. кететін шығындар көрсетіледі. сондай-ақ үйді жалға алуға, жарыс өтетін орынды көркемдеуге кететін шығындар мен транспорт шығындары, сондай-ақ қызмет көрсететін адамдарға (жұмысшыларға, дәрігерлерге, медициналық сестараларға) төленетін еңбек ақы да көзделуі тиіс. Қазақша күрестен жарыс ұйымдастырғанда 5-7 адамнан ұйымдастыру комитеті құрылады.оның жұмыс жоспарына жарысқа дайындықты барынша күшейтіп, оны жақсы өтуге бағытталған шаралар (жарыс орнын тандап алып, дайындау, құралдарды, жабдыктарды дайындау, көркемдеу құралдарын, документацияны әзірлеу, жарысқа қатысушыларды орналастыру, оларды жақсылап тамақтандыру, жекелеген командаларды қамқорлыққа алу, т.б.) кіреді.

Жарысқа дайындықтың екінші кезеңіне мыналар кіреді: жарыс өткізілетін орынды тандап алып, жабдықтау, жарыстың программасы мен графигін жасау, төрешілер құрамын толықтыру, жарыс жөнінде алдын-ала хабарландыру беру.

Жарыс өткізетін залдың іші санитарлық-гигиеналық талаптарға (жарық, желдеткіш, т.с.с.) сай келуі және оның ішінде ілгіштер, төсеніштер, дем алу бөлемелері болуы, көрермендерге орын жеткілікті болуы тиіс.[3]

Қазақша күрестен дарыс өткізген жағдайда айқас өткізілетін кілем төрт бұрышты немесе дөңгелек, беті тегіс, ішіне толтырлғаны тұтас әрі жеткілікті тығыз, мөлшері 6х6-дан кем және 8х8-ден артық, қалыңдығы 10 сантиметрден кем болмауы қажет. Қалыңдығы 5сантиметрден кем емес синтетикалық материалдан жасалған кілемді де пайдалануға болады. Кілемді айнала ені бір метрден кем түспейтін маттар төселуі тиіс. Кілем төсететін орынның жан-жағы кілемнен кемінде 2,5 метр кең болуы керек. Қазақша күреске арналған күртеше ақ түсті матадан тігіледі. Самбоға арналған күртешелерді де пайдалануға болады. Сондай-ақ төрешінің сигнализацияларын, көрсететін және жария ететін тақталарды, жарнамаларды, ұрандарды, қош алуларды, дипломдарды, жетондарды, ауыспалы силықтарды күні бұрын әзірлеп қоюудың маңызы зор.[4]

Қазақша күрестен өткізілетін жарыстың ерекшелігі ережеде мұнда күн сайын палуандардың салмағын өлшеп тұру көзделген. Бұл жағдайда жарысты ұйымдастыру ісіне ерекше талап қояды, өйткені жебе тарту нәтежесіне қарай палуандардың кілемге шығатын уақыты шамамен белгілі болады.

Жарысқа қатысушылар жиналып келген күні төрешілер құрамы командалардың өкілдерімен бірлескен мәжіліс болады. Ол жарысты өткізетін ұйымның өкілі мен бас төреші басқарып жүргізеді. Осы мәжілісте жарыс жөніндегі жағдай (оның мақсаты, міндеті, өткізу жүйесі, жеңімпазды анықтау тәртібі, жарысқа қатысушылардың саны, жарыстың программасы, спортшыларды өлшеу уақыты, жарыстың басталатын уақыты, жарыстың ашалуы және оған қатысушылардың, өкілдерінің тәртібі, т.б.) түсіндіріледі.[5]

Төрешілік етуді ұйымдастыру. Төрешілер құрамын олардың ішіндегі ең тәжірибесінен сайланған бас төреші басқарады. Ол жарыстың барысын басқарып, оғын қатысушылардың қазақша күрес ережелерін, оның шарттарын орындауын қадағалайды. Жарыстың табыспен өтуі бас төрешінің ұйымдастыру қабілетіне, принциптілігіне, ұстамдылығына және тәртіптілігіне байланысты.

Бас төреші жұмысты жарысты ұйымдастырушылармен тығыз байланыс жасай отырып жүргізеді, ал ұйымдастырушылар оның нұсқауларының түгел орындалуын қамтамасыз етеді.[2]

Әрбір айқаста білгірлікпен бағалау үшін ең тәжірибелі төрешілерді бірдей етіп бөлу қажет. Айқасты бақылап тұратын төрешілер бейтарап болса, жарыстың объективті бағаланатын тәжірибе көрсетіп келеді. Жарыс басталатын күн бас төреші жарысқа қатысушыларды өлшеуді, жеребе тартуды ұйымдастырып, төрешілер бригадасын айқасқа төрешілік етуге бөледі.

Жарыс аяқталған соң (үш күннен кешіктірмей) бас төреші мен бас хатшы қол қойып, өздеріне жарысты өткізуге тапсырған ұйымға есеп береді. Бас төреші болмай қалған жағдай да оның міндетін орынбасары атқарады.

1. Рахманқұлов М. Қазақша күрес. –Алматы, 1957. -3 б.
2. Болғамбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. –Алматы, 1985.
3. Уанбаев Е.Қ. Дене мәдениеті және спорттың ілімі мен әдіснамасы. –Өскемен, 2010. -16-20 б.
4. Қазақша күрес. Методикалық оқу құралы. Алматы -1973ж
5. Мұхитдинов Е. Қазақша күрес. –Алматы, 1984.

Резюме

В этой статье рассмотрены потребности организации и проведения народных казахских спортивных игр, в том числе и казахша күрес. Этот вид спорта по сей день имеет популярность среди народов, которое изображает характер и культуру казахского народа.

Summary

In the article is considered the necessary of organization and carrying out the national Kazakh sport games and about Kazakhkures. This sport game has the popular among the people in our days, which has the character and culture of Kazakh nation.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Солтекова С.А. – БӘДТ ж Ә кафедрасының оқытушысы, магистр

Ноғасева А.Қ. – Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және RhD докторантура институты, педагогика және психология мамандығының 1 курс магистранты

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1].

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында "Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты - білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке акпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады," - делінген [2].

Мемлекеттік білім бағдарламасында жоғары білім мен ғылымды ұштастыра жүргізу жан-жақты айқындалған [3].

Осы міндеттерді жүзеге асыруда, біріншіден, педагогтың кәсіби біліктілігін арттыру, екіншіден, жоғары оқу орындары студенттеріне қойылатын талаптарды күшейту басты назарда болуы тиіс. Аталмыш міндеттер білім берудің маңызды құрылымдық-мазмұндық компоненттерін шығармашылықпен жоспарлау мен реформалауды талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымы, жоғары оқу орнының халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы және оларды қоғамның талаптарына сай басқару мәселелері білім беру саласына жаңашылдықты енгізуді талап етуде. Білім саласына ендірілетін жаңашылдықтың қайсыбірі болмасын арнайы даярлықты талап етеді.

Сондықтан жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби даярлығына, шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына және олардың жаңа педагогикалық технологиялар мен жаңашылдық іс-әрекеттерге терең түсіністікпен бейімделуіне жағдай жасау, педагогикалық іс-әрекетті ғылымның жаңа жетістіктеріне, болашағына бағдарлау қажет.

Сонда ғана болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетке дайындығын, оның шығармашылықпен ойлау, өзін-өзі дамыту, жаңаны қабылдау, ендіруге бағдарын қалыптастыруға, нәтижесінде білім сапасын арттыруға болады.

Осы тұрғыдан, білім берудің мазмұнын модернизациялау, педагог мамандарды даярлаудың мазмұны мен құрылымын саралап қайта ой-елегінен өткізу болашақ мұғалімдердің жан-жақты дамуына жағдай жасауды көздейді.

Кез келген қоғамдағы педагогикалық кадрларды дайындау әлеуметтік экономикалық қажеттілікке сәйкес өзгеріп, оның даму тенденциясын айқындайды.

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымы мен практикасы жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістері мен формаларын жетілдіруге, оқытуды тұлғалық-бағдарлық тұрғыдан жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық технологияларды дайындау, жаңашылдық іс-әрекеттер мәселелерін шешуде.

Осының негізінде болашақ мұғалім ретінде өзін-өзі іс жүзінде көрсете алуға, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті шығармашыл тұлғаны дамыту басымдылық сипатқа ие.

Демек бүгінгі таңда қоғамға кәсіби жаңашылдық іс-әрекетке функциональды дайындығы бар ғана емес, сонымен бірге шығармашыл жеке тұлға болып қалыптасқан маман қажет.

Ғылым мен жаңашылдық іс-әрекеттің өзара байланысы ғылым инновациялық идеялардың қайнар көзі болып табылғанда, әрі жаңа білім алынғанда байқалады.

Сонымен бірге жаңа ғылыми идеялар инновацияны тасымалдау механизмі ретінде педагогикалық іс-әрекетте және практикада педагогикалық кадрларды даярлау үрдісінде жүзеге асырылуы тиіс.

Бірақ тәжірибе көрсеткендей, Болон Декларациясы мен білім беру модернизациясының талаптарына сай болашақ маманды үздіксіз кәсіби дамытуды басқаруда инновациялық іс-әрекеттің тұтас жүйесі; жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімнің тұлғалық-кәсіби даму механизмі әлі де жеткілікті зерттелмегендігі байқалады.

Сондықтан болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесін қарастыруда білім беру саласындағы инновацияны ендіру феноменін зерттеудің қазіргі психологиялық-педагогикалық тәсілдеріне назар аударылды.

Осы орайда жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің жаңашылдық іс-әректін қалыптастыру үрдісін ұйымдастыруда ғылыми тұрғыдан маңызды болып саналатын төмендегі тәсілдер қарастырылды.

1. Мәдениеттілік тәсілі, «адам-білім» жүйесінде білім арқылы адамның дамуында басымдылық көрсетеді.

2. Тұлғалық - іс-әрекеттік тәсіл, оқыту үрдісінің жаңа технологияларымен байланысты, ол тұлғаны абстрактылы қалыптастырудан тұлғаны дамыту педагогикасына көшуді қамтамасыз етеді.

3. Диалогтық тәсіл, болашақ маманның субъектілік ұстанымын анықтап, тұлғаны дербес кәсіби даярлауға мүмкіндік береді.

4. Жеке шығармашылық тәсіл, студент пен оқытушы арасындағы өзара әрекеттестікті сипаттайды.

Сонымен жаңашылдық іс-әрекетті идеяның жаңашылдыққа айналуын қамтамасыз ететін, сонымен бірге осы үрдісті басқару жүйесін қалыптастыратын әрекет ретінде түсіндіруге болады.

Бұл жүйе білім беру саласындағы өндірістік инновацияның бірлігін көрсетеді:

- жаңа технологиялар (технологиялық инновациялар);

- оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері (педагогикалық инновациялар);

- басқару инновациялары мен механизмдері, институционалды формалары (экономикалық, ұйымдас-тырушылық инновациялар, т.б.).

Кәсіби даярлау мәселесінің мазмұндық, өзіндік ерекшелігін ескере отырып, біз болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетін тұлғалық және іс-әрекеттік сипаты бар көпаспектілі феномен ретінде қарастырамыз.

Болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетін қалыптастыру мәселесін қарастыруда Ресей ғалымдарының тұлғалық-бағдарлық (Е.В.Бондаревская, В.В.Сериков, И.С.Якиманская), тұлғалық-кәсіби (Т.И.Шамова, Т.Б.Гребенюк) және кәсіби-мазмұндық (Л.Г.Арчажникова, Э.Б.Абдуллин) теорияларына назар аударылды.

Соның ішінде, В.А.Сластенин, Л.С.Подымованың [4] мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекеті құрылымын мотивациялық, креативтік, технологиялық, рефлексивтік компоненттерден тұратынын айқындайтын теориясы басшылыққа алынды.

Сонымен қатар болашақ мамандарды кәсіби даярлау мәселелерін қарастырған Қазақстандық ғалымдар (А.А.Бейсенбаева [5], Б.А.Тұрғынбаева [6], М.А.Абсатова, А.Абдраман, Қ.М.Арынғазин, Б.Ә.Әбдікәрімов, К.Б.Дүйсенбаев, С.Т.Каргин, К.М.Кертаева, Ә.Ә.Усманов, Н.Д.Хмель, Н.Н.Хан және т.б.) еңбектеріне де талдау жасалды.

Жоғарыдағы ғалымдар көзқарастарына сүйене отырып, зерттеу барысында болашақ мұғалімдердің жаңашылдық іс-әрекетін қалыптастыру өлшемдері мен мынадай құрылымдық компоненттері бөліп көрсетілді: мотивациялық-құндылық компонент; танымдық (когнитивтік) компонент; операциялық-орындаушылық (іс-әрекеттік) компонент; шығармашылық (креативтік) компонент.

Ендігі кезекте осы компоненттерге мазмұндық сипатама беріледі:

Мотивациялық-құндылық компонент педагогикалық инновацияға қарым-қатынасын, сонымен бірге өзінің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге мотивациялық дайындығын көрсетеді. Бұл болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетін қалыптастыруда кәсіби іс-әрекетті таңдау мотивтері мен педагогикалық іс-әрекеттің құндылығына бағдарлау жүйесін сипаттайды.

Танымдық (когнитивтік) компонент болашақ мұғалімнің өзі таңдаған мамандығы бойынша инновациялық технологиялар және өзінің инновациялық әлеуеті туралы түсініктері мен білімі болуын көрсетеді. Ол болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетінің қалыптасу өлшемдері ретінде қатысады.

Операциялық-орындаушылық (іс-әрекеттік) компонент инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыру жағдайында болашақ мұғалімнің өзі таңдаған мамандығы бойынша инновациялық технологиялар және өзінің инновациялық әлеуеті туралы түсініктері мен білімі және қажетті біліктілігінің жүйесін анықтайды. Бұл болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетті жүзеге асыруының жоғары деңгейі болып табылады.

Шығармашылық (креативтік) компонент оқытудың барлық жүйесінде қалыптасады. Онда көбінесе болашақ мұғалімнің оқу-ізденушілік іс-әрекетіне, педагогикалық практикасына, әсіресе инновациялық практикасына басымдылық беріледі. Ол болашақ мұғалімнің өзінің жаңашылдық тәжірибесін жете ұғыну үшін қажетті ғылыми рефлексияны, яғни инновациялық жүйенің зерттеу міндеттерімен арақатынасын сипаттайды.

Сонымен табысты нәтижеге қол жеткізу болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетін қалыптастыру жүзеге асырылатын жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісін құруға байланысты, ол инновациялық технологияларды бейімділік-бағдарлық меңгеруден бастап танымдық-рефлексивті дағдыларды қалыптастырғанға дейінгі үрдісті және ондағы жүйелілікті қамтиды.

Зерттеу барысында жаңашылдық іс-әрекеттің жоғарыда айқындалған құрылымы мен соған сай келетін мазмұндық сипаттамасы болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын да анықтауға септігін тигізді:

- диагностикалық шарттар, ол болашақ мұғалім ретінде студенттердің өзінің кәсіби - педагогикалық және танымдық әрекетін өз-өзі бақылауының тиімді формаларын ендіру;
- тұлғалық мазмұндық шарттар, оқу-кәсіби әрекеті процесінде студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін көкейкестілендіруді қамтамасыздандыру;
- рефлексивтік - бірлескен шығармашылық шарттар, студенттердің педагогикалық процестегі нәтижелі, өзара шығармашылықтағы әрекеті үшін жағымды жағдай жасау;
- байланыстырушы шарттар, әртүрлілікті қажет ететін және басқарудың тиімділігі принциптерінің негізінде студенттердің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыруға байланысты тиімді формаларды, әдістер мен технологияларды таңдау.

Қорыта келгенде, қазіргі заман жағдайында болашақ мұғалімнің жаңашылдық іс-әрекетін қалыптастырудың сапалы көрсеткіші тұлғаның жеке дара ерекшеліктерін ескеру болып табылады.

Ол кәсіби іс-әрекетте тұлғаның өзін-өзі дамытуын, өзін-өзі іс жүзінде көрсетуін, өзін-өзі үнемі тұлғалық-кәсіптік тұрғыдан жетілдіруін, кәсіби бағыттылығын қамтамасыз етеді.

Жаңашылдық іс-әрекетке кәсіби бағыттылық болашақ мұғалімге жеке тұлғалық қасиеттерді меңгеруге, оларда психикалық үрдістер мен функцияны дамытуға, ал бұл өз кезегінде болашақ мұғалімге инновациялық білім беру үрдісіне белсенді енуге, тұлғалық-кәсіптік өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы //Егемен Қазақстан. Алматы, 27 шілде, 2007. -Б. 5-6.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 2003, 26 желтоқсан. -№ 332
3. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2010.
4. Слостенін В.А., Подымова Л.С. Педагогика: Инновационная деятельность. - М., 1997.
5. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография. - Алматы: Ғылым, 1998. – 225 с.
6. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. 13.00.01-жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарның докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -А., 2006. -320 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются педагогические условия формирования инновационной деятельности будущего учителя. А также выявлены содержательные характеристики структурных компоненттов формирования инновационной деятельности будущего учителя.

Summary

This article discusses the pedagogical conditions for the formation of innovation of the future teacher. And also revealed substantial structural characteristics of the formation of component innovation.

ҚАЗАҚША КҮРЕС ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Сугуров Ж.Ж. – *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
«Сауықтандыру дене мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы*

Күрестің ұлттық түрі «қазақша күрестің» даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі бас қосулар мен мереке тойлар спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен балуандар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді.

Күрес өнері - ұлттық салт-дәстүр және мәдениетпен бірге қалыптасып, қанаттас дамып отырған ажырамас бөлігі. Көшпелілердің тұрмыстық, әлеуметтік өмірінде кездесетін той, ойын-сауық түрлері, күштілікті, ептілікті сынайтын дәстүрлі сайыстар күрес өнері арқылы өз мәртебесін арттыратын болған. Бұған дәлел ретінде: этникалық және фольклорлық шығармаларды, тарих-этнографиялық тас жазуларды, сол сияқты петрографиялық фрагменттер композициясын айта аламыз. [1]

Өткенге көз жіберіп, шежіре жолдарына тереңірек үңілер болсақ, қазақша күрестің өсіп өркендеу, даму жолдарының өзгеше, өзіндік сыр-сипаттары бар. Бір қызығы әу бастан – ақ қазақтар той-домалақ думанда, басқа да халық мол жиналатын жиындарда балуандардың салмағын өлшеп жатпаған. Қарсыласына қарсы тұрарлық күш-қуатың бар ма, онда кілемге білек сыбанып шыға бер. Әрине, атан жілікті түйе палуандардың және бөлек, тұрпаты тым басқаша ғой.

Оңтүстік Алтайдың қазақтарында алтай күресіне ұқсайтын қазақша күресі кең тарап танымал болған. Қазақша күресті бүкіл мейрамдарда танымал мықты балуандар арасында, бірақ ешқандай салмақ категорияларысыз өткізілетін. Балуандарға әр түрлі әдістер, аяқ етегінен іліп алулар, сонымен қатар тұрыстағы лақтырулар, іліп алып бұрылыстар және құлаулар танымал болатын. [2]

Орын гимнастикалық маттармен жабдықтанады. Қауіпсіздік техника ережелері қатаң қарастырылады.

Күрестің негізгі әдістері:

ә) иық арқылы лақтырыс;

а) жамбас арқылы лақтырыс;

б) үстінен ұстау;

в) төмен ұстау және басқа әдістер.

Ұстасу варианттары:

ә) иықтан ұстасу (ортаңғы сызықтан тартып алу);

а) белден ұстасу (шенберден алып шығу).

Дегенмен, халықтық ұғым, нағыз бәсеке тұрғысынан балуандардың мықтылығы мен тума талант, алып күш иесі болуын салмаққа қарамай-ақ, «**күшті болсаң күресіп көр**» деген тұжырымда кесіп-пішіп айтып тұрған тәрізді. [3]

Орталық Азияда өмір сүрген көшпелілер күресінің басты құндылығы - күреске шыққанда белдікті (белбеу) пайдалану арқылы ерекше маңызға ие болған. Сондықтанда көне күрестің әдіс-тәсілдері осы белдікті пайдалануға байланысты дамыған. Басқаша айтқанда, күрестің маңызы – күшті дамыту, аяққа нық тұру, тепе-теңдікті сақтау және сайыс үстінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді шебер туындатуға негізделген. Бұл нағыз дала көшпелілеріне тән- намыс пен рух, ерлік пен серіліктің символы іспеттес.

Бүгінгі таңда жүргізіліп отырған спорттық теориялық және әдістемелік зерттеулер бойынша қазіргі күрес түрлері самбо, жү-до, еркін күрес т.б. -лардың негізі айла-тәсіл өнерінен алынғаны дәлелденуде.

Бұл дегеніміз – дәстүрлі көшпелілер жекпе-жек өнерінің әлем спортының дамуына зор үлес қосып дегенге келіп тұр.

Әсіресе, белдік пайдаланып күресу тәсілінің бай тәжірибесі ұлы даладын бастау алып, Шығыс пен Батыс елдеріне танымал сайыс түрін әкеліпті. Аталмыш белдік арқылы белдесудің өзіндік сипаты болған. Ол белге оралған қайыстан ұстап лақтырып тастау немесе тізесі алақаны жерге тигенге дейін жармасқан. Бұл күрес өз бойына аса епті, қуатты әдіс-тәсілдерді тудырып, іс-әрекетін кең көлемдік диапазонын сіңірумен қызықты. Сондықтан да адамның көңіл қуанышын арттыратын, қанын қыздырып, ерлікке, елдікке баулитын қасиеті бар. [4]

Бұл ойын адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады. Қазақша күрес күш жетілдіретін спорт. Сонымен қатар ол қорғанудың ұлттық өнері («Самбо»). Қазақша күресте адам өзін еркін ұстап, өз бойындағы күшін, әдісін түгел пайдалана алады, мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады. Палуандар кілем үстінде; арнаулы жазық жерде, тегістегі қар үстінде белдесіп күресе береді. Ойынның ережесі бойынша қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттерінің бірі.

Студенттерде жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады.

Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді.

Біз қазақ халқы жоғарыдағы белдік арқылы күресудің негізін салған жұрттың біріміз. Сөйте тұра өте үлкен географиялық ауқымды мекендегендіктен де халық арасында ұлттық күрестің тоқтамды бір дағдылаанған жүйесі болмаған. Ал бізге белгілі белдік күресінің элементтері:

Қоян-қолтық, белме, алма т.б.

Сондай-ақ жолы келген қарт адамдар күреуге қолайлы «Тізерлеп күресу», әйелдерге арналған «Қатын күрес» түрлері барын білеміз. Бұлардың өзіне тән ерекшеліктері де көп.

Жоғарыдағы «Қоян- қолтық» әдісі белдіктен қос қолдап ұстау арқылы іске асса, «белме» барысында ұстасу-ажырасу арқылы жүргізілген.

Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық пікірлер мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тараихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Ең алдымен халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды.

Былайша айтқанда кез-келген жарыс ережесіз болмайды. Ол әр халыққа әрқалай, өзіндік ұлттық психологиясы, көзқарас тұжырымдарымен тізбектеліп, қалыптасқан. [3]

Ежелгі сақтар дәуірінде де күрес өнерінің тәжірибелің мәні болғанын, адамды шыңдау міндетін атқарғанын айтуға болар еді. Бір қызығы, боз кілемде жігіттер ғана емес, қыздар да күш сынасқан екен. Көне грек жазушысы Клавдии Элиан «Сақ жігіті өзі ұнатқан қызға үйленгісі келсе, сол қызбен күресуге міндетті болған. Егер бұл белдесуде қыз жеңіске жетсе, онда жігіт соның қол астында қалып, бағынышты болады. Мықты, күшті жігіттердің ғана мерейі өсіп, билік жүргізген», - деп жазады.

Түйіп айтсақ: көшпелілер өнерінің бар саласы қазақ күрес өнерінде, үлкен тәрбиелік маңыз, жауапкершілік, шеберлік, ұлттық намыс болуымен қатар, көрермедерге көтеріңкі көңіл күй, асқан шабыт сыйлайтын зор құдіреті де болғанын бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. [4]

Қазақ күресінің басты ерекшелігі - табан тіреп ұстасқан сәтте тобықтан қағуға, шалуға рұқсат етіледі, ал ұстасқан бетте қолмен аяқтан алуға болмайды. Қазақша күрестің ауқымы, көкжиегі өте кең. Қазақша күресті жетік меңгерген адам өзге халықтың күресіне еркін түсе алады. Кейбір әдістер күрестің классикалық түрлеріне сай келетінін айта кеткен дұрыс. Қазақша ең бір ерекше тұсы мұнда төрттағандату (партер) жоқ.

Көшпелілер күресінің басты қағидасы – әділеттілік. Жеңімпазды тану демографиялық талапқа сай көрерменнің көз алдында анықталған. Жарыс ережесі бойынша кім кімнің де күресе беруіне мүмкіндік толық қарастырылып, күрес мезгіл және жер таңдамай өткізілетіні таңданарлық құбылыс.

Таяу уақытта Қазақстанның барлық облыстарында қазақ күресінен - «Қазақстан Барысы» - ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жұлдесіне іріктеу жарысы басталды.

Жарыстар «Күш атасын танымас» қағидасы бойынша өтеді. Регламентте салмақ дәрежесі және уақыт бойынша шектеулер жоқ. Басты жүлделер - Тайтұяқ және Алтын белбеу. Сонымен қатар, жеңімпаз 150 мың АҚШ долларын алады. Екінші және үшінші орынды иеленген күресшілер күміс және қола белбеу тағынып, қомақты ақшалалай жүлде алады.

«Қазақстан Барысы» жобасы осы ұлттық спорт түріне инвестиция тартуға, жас буынды отан сүйгіштікке тәрбиелеп, өз дәстүріне деген мақтанышын оятуға, сондай-ақ жобаны Олимпиада ойындары бағдарламасына қосуға күш салуға бағытталған.[5]

1. Жаналин Б., Жақыт М. Қазақша күрес. – Алматы: Тұран, 2002.
2. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1991.
3. Суғуров Ж.Ж. Қазақтың ұлттық ойындарын жогары оқу орындарда дене мәдениеті сабағында қолдану (Әдістемелік құрал). – Алматы: КазАТК, 2012.
4. Мұхамеджанова Ұ.Ж. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі: оқу құралы /Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. - Астана: Фолиант, 2008.
5. www.kazakh_kures.kz.

Резюме

В этой статье рассматривается роль и современное состояние упражнений в обучении казахша курес.

Summary

In this article the role and a current state of exercises in training Kazakh wrestling is considered.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНДЕ СПОРТШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІК, АҚЫЛ-ОЙ, ЭСТЕТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕНБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

Төлегенұлы Н. – магистр оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Сейтова А.Л. – магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ

Дене тәрбиесі адамгершілік, өнегелілік, ақыл-ой, эстетикалық және еңбек тәрбиелерімен түбірлі байланыста. Бұл мақалада дене тәрбиесінің басқа тәрбие түрлерімен өзара байланысының нақтылы жақтары көрсетіледі және адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық және еңбек тәрбиелерінің дене тәрбиесі жүйесіндегі маңызы баяндалады.

Дене тәрбиесі мен адамгершілік, өнегелілік тәрбиелерінің арасында жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамыту заңдылықтарымен қамтамасыз етілген екі жақты байланыс бар. Бұл байланыстың табиғи-ғылыми негізін ағзаның бірлігі туралы ілім, жеке тұлғаның дене және рухани дамуы құрайды.

Спортшыларға дене және адамгершілік тәрбиесінің өзара бірлікте әсер етуі бағытына қарай мүлде қарама-қарсы нәтиже келтіруі мүмкін.

Біздің егеменді еліміздегі дене және адамгершілік тәрбиелерінің өзара байланысы дені сау, жаны таза, еңбек етуге, отанды қорғауға рухы дайын, өскелең өмір жолының қиындықтарына төзімді жаңа заманының белсенді жастарының бейнесін қалыптастырады. [1]

Ал капиталистік елдердегі жас ұрпақ бейнесі реакцияшыл идеология рухында, басқыншылық моральды рухта қалыптасады. Бұдан келіп шығатын түйін дене және адамгершілік тәрбиелерінің өзара байланыстарының пайдалылығы кездейсоқ жағдайда емес, яғни ойластырылған және мақсатты бағытта ұйымдастырылған педагогикалық тұрғыдан ықпал жасау болып табылады.

Дене тәрбиесі жүйесінде спортшылардың адамдық бейнесінің келесі ерекшелік белгілері көрінеді:

1. Халқымыздың мақсатты ісіне берілгендік, қоғамдық және мемлекеттік мүддені өз мүддесінен жоғары қою. Еңбекке және отанды қорғауға дайын болу мақсатында өзінің дене сапалары қабілеттерін жетілдіру және денсаулығын нығайтуға үнемі камкорлық жасау. Қоғамдық пайдалы істен өзін аулақ ұстайтын спортшыларға бойында кешірімсіз көзқарасты қалыптастыру.

2. Қоғамдық мүлікті көздің карашығындай сақтауға дайын болу. Денені шынықтыру мәдениеті базасының құрылысын салуға және оны құрал-жабдықтармен камтамасыз етуге белсенді түрде қатысу. Қоғам мүлкін талан-тараж жасаушылармен аянбай күресу. Дене шынықтыру мәдениеті ұжымының жүргізетін жұмыстарына белсенді ат салысу. Еңбекке, оқуға, қоғамдық міндетке, спорттық шеберлігін жетілдіруге, тұрмыстағы іс-әрекеттерге ұжым алдына жоғары жауапкершілікте болу жүзіндегі үйрету әдісімен іске асады. Іс-тәжірибе жүзіндегі үйрету әдісін жаттығу әдісі ретінде қарауға болады. Бірақ жаттығу өнегелілікке тәрбиелеу әдісі ретінде өзінің сипатына қарай оқытып үйрету жолымен айырмала-нады. [1,3,4]

Іс-тәжірибелік үйрету әдісі спортшылардың қызмет аясын педагогикалық тұрғыдан ұйымдастыруда тек нақтылы дағдыларды, әдеттерді ғана өндіріп қоймайды, сонымен бірге жеке тұлғаның бүтіндей қалыптасуын, яғни түйсік, сезім, ерік және басқа да психикалық құбылыстарды камтамасыз етеді. Дене тәрбиесі жүйесінде іс жүзіндегі үйретуде этикалық өлшемдердің сақталуы қозғалыс әрекеттері арқылы іске асады. Дене тәрбиесінің ерекшелік құралының бар жиынтығы - гимнастика, ойын, туризм, сонымен бірге бұл саладағы педагогикалық ұйымдастыру шұғылданушыларды этикалық өлшемдер мен ерік-жігер сапаларын мақсатты бағытта дамытуға үйретеді.

Дұрыс өнегелілік мінез-құлық әрекеттердің, дағдылардың белгілі бір жүйесін жаттықтыру үшін оны дұрыс, жағымды әрекеттер мен істерді қызметтің нақтылы жағдайында көп рет қайталау қажет. Мұндай жағдай, мысалы, әр спорт түрінде белгілі бір жарысқа қатысу тәртібі, спортшыларға талап қою, олардың міндеті мен құқығы, сонымен бірге тәртіп бұзушылыққа байланысты шара көру болып табылады. Егер жаттықтырушы спортшыдан жаттығуда қалыптасқан ережені табандылықпен талап етсе, онда тәрбие жүйесі педагогикалық бағытта сипат алады. [2]

Ережелер мен талаптарды сапалы түрде ең алдымен жаттығу сабақтарында, ал содан кейін сайыстарда орындау спортшыны іс жүзінде өзін ұстай білуге дағдыландырады (жағымсыз, кері көңіл-күйді тежеу, тәртіпті, ұқыпты, мұнтаздай таза жүру).

Спортшының адамгершілік бейнесін қалыптастыр жүйесі барлық кезде дұрыс, жатық бола бермейді.

Спорттық сайыстың ерекшелігінде қарсылық бағыттағы өз мүддесіне тартушылық ұмтылыс және қызығушылық жиі пайда болады. Кейбір спортшылардың өзін ұстай білу қабілетінің болмауы спорттық этика талаптарына қайшы қылықтарға ұғындырады. Мысалы, ұтылған спортшы жеңімпаз қарсыласының қолын алудан бас тартып, спорттық этика ережесін өрескел бұзады. Мұндай қылықтардың алдын алу және болдырмау үшін жүйелі түрде педагогикалық әсер етуді, оның ішінде тәжірибелік үйрету әдісін қолдану қажет. Мұндай әсер ету жүйесінде іс жүзіндегі үйрету негізгі орынды алады, өйткені онсыз мінез-құлық тәртіптік дағдыларын, қарапайым адамгершілік өлшемдерін, әрине, мінездің ерік-жігер сипатын шынықтыруды қалыптастыру мүмкін емес. Дене тәрбиесінің ұйымдастыру барысында іс жүзінде тікелей үйретуде қиыншылықтарды жеңу, қозғалысқа үйрету негізінде және дене сапаларын тәрбие--леуде іске асады. Дене қабілеттерінің дамуымен және әдістік-тәсілдік шеберлігінің өсуімен бірге ерік-жігер нығаяды, өз күшіне сенушілік артады.

Педагогикалық тәжірибе және арнайы ғылыми-зерттеулер көрсеткендей (Н.А.Бутович, К.А.Шаров, Н.Г.Озолин, А.Ц.Пуни және т.б.) спортшының жігерін әр түрлі әдістермен жаттықтыруға болады. Мысалы:

- жаттығуда жүйелі түрде қиындықтар мен жүктемені арттыру;
- жаттығу сабақтарында шұғылданушыларды жарыстық жағдайда әрекет жасауға үйрету (жарыстық сайыстарды жиі қолдану);
- батылдықты, шешімділікті, тәуекелге барып елеулі ерік-жігерге күш салуды талап ететін дене жаттығуларын кең пайдалану;
- күште, жылдамдықта төзімділікте өте жоғары көрсеткішке жетуге ұмтылу;
- байқап көру бақылауларын (контрольная прикидка) жиі өткізу;
- эстафета, командалық ойындар және т.б. дене шынықтыру жаттығуларын ойындық әдістемемен өткізу;
- гимнастика сабағында спорт қондырғыларды жарыстағыға қарағанда жаттығу көлемін арттырып өткізуді пайдалану;

- жаттығу сынақтарын максималды балға орындау;
- жаттығуды таза орындау үшін спортшыға бір-ақ мүмкіндік беру;
- жаттығу сабақтарына сезімдік сипат беру. [2]

Іс-тәжірибе жүзінде үйрету әдісі спортшының жеке өмірдегі және қызметіндегі күн тәртібінің қатаң сақталуын алдын ала бағдарлайды. Қабылданып, белгіленген күн тәртібі үнемі сақталуы тиіс. Өйткені ол кері жағдайда қажетті гигиеналық әсерлілік бермейді және ерік-жігер сапаларының бекуін қамтамасыз етпейді. Адамгершілік тәрбиесінде табысқа жету үшін шұғылданушыларды этикалық ережелерді орындауға және тандап алған қызметіндегі біртіндеп күрделіленетін қиындықтарды жеңуге күнделікті үйрету маңызды. Сонымен қаралған адамгершілік, өнегелілік әдістері органикалық өзара байланыстағы әр түрлі әсер ету құралдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады. Соңғы нәтижеде бұл әдістер тек көзін жеткізіп сендіру және үйрету үшін ғана емес, сонымен бірге осы негізде адамгершілік тұрғыдан ақталған әрекеттерге, іс әрекетіне және мінез-құлқына түрткі болады. Адамгершілікке тәрбиелеу әдістері барлық уақытта шұғылданушылардың түйсігінде жағымды немесе теріс, ұнамсыз сезім қалдырады. Жағымды әсер ету үлгісіне педагогтың мадақтауы, яғни шұғылданушылардың жағымды әрекеттерін бекітіп, арттыру негізінде олардың мінез-құлқында сәйкес әдет, дағдылары мен этикалық өлшемдері туралы дұрыс ұғымды қалыптастыру болып табылады. Мадақтау сонымен бірге шұғылданушыларды осындай жақсы әдет, этика талап өлшемдерін қайталауға қызмет етеді.

Керісінше ұялту, бетіне басу түріндегі педагогтың әсер етуі шұғылданушылардың көңіл-күйіне жағымсыз сезім туғызу арқылы жағымсыз қылықтарды қайталамауға жұмылдырады. Егер бұл әсер ету үлгілері шұғылданушылар тарапынан қарсылық туғызса, онда ұялту, бетіне басу, еріксіз көндіру және жазалаумен байланысты болуы мүмкін. Адамгершілікпен түсіндіріп, көзін жеткізу этика талаптарын еркімен сақтап, дәстүр, әдет, дағды, табиғи қажеттілік бойынша жасау қызмет әрекетінде іске асып, адамның өнегелілік саналарына, оның мінезінің сипатына айналады.

Олардан тек мінсіз тәртіпті, адалдықты шындықты талап етіп қана қоймай сонымен бірге олар қарсыласын, спорт төрешілерін, көрермендерлі сыйлауы. Өз Отанының биік мақсаты, Қазақстан спорты-ның абыройы мен даңқы үшін мінезінің тұрақтылығын көрсете білуі тиіс. Спортпен шұғылдану ағзада елеулі биологиялық өзгерістер жасап қана қоймайды, сонымен бірге спортшылар көзқарасында, көңіл сенімділігінде, мінез шеңберінде, әдет дағдысында, әдемілікті айыра білу және жеке тұлғаның басқа жақтарын анықтайды. Үнемі жетілдіріліп және орнықтыру нәтижесінде адамгершілік және ерік-жігер сапалары спортшы үшін дағдыға айналуы және тек спортта ғана емес еңбекте де, тұрмыста да көрінуі мүмкін. Туризмде қолданылатын қозғалыс әрекеттері дәл осындай саналы тәртіпті, өнегеліліктің кара-пайым өлшемін, еңбек сүйгіштікті, ұжымшылдықты және басқа да адамгершілік және жігер сапаларын көрсетуді талап етеді. Сонымен бірге туризмде шұғылданушыларға отансүйгіштікті, қоғамдық борыш ұғымын, Отанды сүюді, қоғамдық меншікке жанашырлық жасауда да көптеген жоғары өнегелілік сапаларын дамыту үшін елеулі потенциалды мүмкіндіктері жасалынған. Адамгершілік, өнегелілік тәрбиесінің міндеттерін шешуде дене тәрбиесі құралдарының маңызы өте зор. Дегенмен, дене жаттығу-ларымен, оның ішінде спортпен шұғылдану жеке тұлғаның қажетті өнегелілік сапаларын бере алмайды. Тек педагогикалық бағытта шұғылданушылардың мінезінің ерік-жігер сипатын, бейнесін қалыптастыратын құралға айналады.

Түсіндіру және этикалық пікірлесуді қолданумен қатар мақұлдау, мақтау, ойын түрінде ескертпе жасау, кінәлау, сөгіс беру және сөзбен әсер ету әдістері пайдаланылады. Мақұлдау, мақтау және басқа сөзбен дұрыс әсер ету әдістері балалармен жаңадан шұғылдануды бастаған спортшылар үшін ерекше қолайлы әсер етеді. Бұл олардың оқу тапсырмаларын орындау кезінде өз күштеріне сенімсіздігін, сонымен бірге мінез-құлқындағы кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді. Тәжірибелі спортшылармен жұмыс істеуде ерік-жігер сапалары мен мінез-құлқындағы кемшіліктер туралы пікірлесуі қолдану, бұл кемшіліктерді жоюға кенес беру дұрыс. Әсіресе, аса дарынды спортшыларды шамадан тыс мақтаудан сақтанған жөн. Шамадан тыс мақтау өз күштерін аса жоғары бағалауға, өз-өзінен масайраушылық, көкірек көтерушілікке және т.б. ұрындырады. Тәрбиеленушінің неғұрлым жасы үлкен болған сайын олардың сезіміне жете түсінікті етіп көзін жеткізіп сендіру барысында оларға сүйену қажет. Дегенмен, жақсы жақтарымен бірге сөзбен көзін жеткізіп сендіру әдісінің өзіндік әлсіз жақтары да бар. Этикалық талап өлшемдерін сөзбен түсіндіру немесе ерік-жігер сапаларының мәнін көрсетуге сүйенбей дене тәрбиесінің іс-тәжірибесінде оның дұрыс жақтары «рахаттандыру сөздеріне» айналып кетуі мүмкін. Сөзбен әсер ету күнделікті іс-тәжірибедегі

мысалдармен бекітіліп отырғанда ғана сенімді болады. Адамгершілік өлшемдері мен талаптарын тәрбиеленушілердің сапалы түрде орындауына іс-тәжірибе барысында үйретуде тәрбиешінің өзінен жеке басының өнегелілік үлгісінің бұл қатынаста үлкен маңызы бар. Үлгіні мысалға келтіру күшінің педагогикалық маңызына көптеген көрнекті Ресей педагогтары сілтеме жасады (П.Ф.Лесгафт, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, Н.К.Крупская және т.б.).

Кеңестік дене тәрбиесі саласының көрнекті мамандары да жеке адам үлгісін мысалға келтірудің ықпалды рөлінің дұрыстығын атап өтті (В.И.Алексеев, Н.А.Бутович, Н.Г.Озолин және т.б.). Көрнекті үлгінің сендіруші күші балалар мен жеткіншек жасөспірімдерді өнегелілікке тәрбиелеуде ерекше маңызды. Бұл олардың еліктеушілікке бейімділігі туралы айқын ойлау қабілетінің артуымен түсіндіріледі. Білім дәрежелерінің және өмірлік тәжірибелерінің әлі шектеулі, аздығына сәйкес балалар үлкендердің әрекетін, істерін, мінез-құлықтарын байқайды және оларға еліктейді. П.Ф.Лесгафт: "Балаға сөз емес, нақтылы көрсетілген іс басты бейнеде әсер етеді, бұл сөздің іс жүзіндегі нақтылығы, оның бойында өзінің көрген істерінің әсерімен үйренгендері жинақталады. Ол айналасында байқағандарын қайталап, өз дағдысы сана және дәстүріне айналады", - дейді.[2]

Дене тәрбиесі пәні оқытушылары мектеп оқушыларын адамгершілікке, өнегелілікке тәрбиелеуде өзінен жеке үлгілі істерімен, сол сияқты басқа жақсы адамдардың жоғары өнегелі бейнесін сипаттайтын мысалдарды келтіру арқылы үлкен жетістіктерге жетеді. Өз жеке басының өнегелілігі арқылы тәрбиелеу мәні дене тәрбиесі саласының әрбір маманына, оның ішінде спорт төрешілеріне үлкен жауапкершілік жүктейді.

Оқытушының, жаттықтырушының, спорт төрешісінің абыройы жоғары болған сайын шұғылданушылардың өмір танымы, өнегелілікке сенімділігіне, этикалық өлшемдері мен ерік-жігер сапаларына оның жеке басының үлгісі қатты әсер етеді. Дене тәрбиесі жүйесіндегі өнегелілікке тәрбиелеудің соңғы мақсаты адамгершілік принциптерін шұғылданушылардың жеке сеніміне терең ендіру, яғни спорттық этика өлшемі және мінезіндегі ерік-жігер сапалары оның дағдысына айналуы тиіс. Адамгершілік, өнегелілік тәжірибесінің жинақталуы және оның нығаюы дене тәрбиесі жүйесінде іс пікірлерге кешімсіздікпен қарау.

Еңбекте қоғамдық өмірде, спортта және тұрмыста жалпы адамдық адамгершілік талаптарын ерікті түрде ойластырып орындау.

Елімізде тұратын барлық ұлттармен, ұлыстармен сол сияқты басқа ТМД елдерімен ынтымақтас-тықта, достық қарым-қатынаста болу. Халықаралық спорт сайыстары барысында басқа ел спортшы-ларымен және еңбекшілерімен туыстық бейбітшілік қарым-қатынасты нығайту. Ұлттық бөлінуші-лікпен, бейбітшілік, демократия және прогресс жауларымен аянбай күресу. [3,4]

Егеменді еліміздің спортшыларының жоғары адамгершілік сапалары еңбекте, тұрмыста, спорттық сайыстарда, оқу жүйесінде және отанды қорғауға дайындық барысында қалыптасады. Адам өзін еңбекте, істе, әрекетінде, адамдармен араласуында адамгершілік қасиеттерін көрсетуі үшін адамгершілік принциптерінің жүйелерін меңгеруі тиіс. Бұл қағидалар қоғамдық өмірде, оның ішінде, дене тәрбиесі жүйесінде адамгершілік қатынастың барлық жақтарын қамтиды. Спорттық қызметтің ерекшелігі шұғылданушыларда келесі анықталған қатынастарды қамтамасыз етеді: өз командасының мүшелеріне, жаттықтырушысына, спорттық қарсыласына, спорт төрешісіне, көрермендерге және т.б. байланысты алдына қойылған міндеттерін орындауды қамтамасыз ету және т.б. Бұл қатынастардың әр түрлілігі спорттық этиканың пайда болуын анықтайтын спортшының мінез-құлқын мөлшерлейтін ережелермен, белгілі шекарамен шектеледі. Этикалық талаптар және дағдылар, мінез-құлықтың саналы негіздерін қалыптастырудың жолдары мен міндеттері мөлшері адам тәрбиесінің жалпы жүйелерінде адамгершілік тәрбиесінің анықтаушы маңызы, жеке тұлғаның әлеуметтік ақталған өмір жолдарындағы алғашқы дәрежелік мәндегі адамгершілік бастаулары, қоғамның бастаушы күшінің басты мүдделі қызығушылығына тән, онда қабылданған адамдық өлшемдерінің нығаюы болып табылады. Егеменді еліміздің дене тәрбиесі мамандарына, тәрбие саласының барлық қызметкерлеріне тән жаңа қоғамның қорғаушылары мен құрылысшыларын, яғни қоғамдық дамудың белсенді қайраткерлері - жастарды тәрбиелеуде халқымыздың өмір сүру өлшемдерін терең меңгеріп, олардың жалпы адамдық мазмұнының адамгершілік өнегесінің принциптеріне айналуы үшін, барынша жауапкершілікті міндеттерді жүктейді. Спорттық этика дегеніміз бұл спортшының өзінен ерекшелігі бар қызметінде (жарыста, жаттығуда және басқа дене жаттығулары сабақтары талаптарында) міндетті мінез-құлық ережесі мен талаптарының жиынтығы болып саналады.

1. Адамбеков Қ.І., Тастанов Ә.Ж., Әбілдабеков С.Ә. «Таңдамалы спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі». - Алматы, 2011.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. -Алматы, 1998.
3. Массовая физическая культура в ВУЗе (учебное пособие). Под редакцией В.А.Маслякова, В.С.Матякова. –М.: «Высшая школа», 1991.
4. Пономарев Н.И. Физическая культура как элемент культуры общества и человека. –Алматы: «Мерей», 1996.

Резюме

В данной статье рассмотрены пути и способы формирования, воспитания нравственного и эстетического характера спортсменов в системе физической культуры.

Summary

Ways and forming methods are considered in this article, educations morally and aesthetic characters of sportsmen in the system of